Қазақстандағы зерттеулер де осы бағытта маңызды нәтижелер ұсынады. Н Жұмабай және әріптестерінің еңбегінде Қазақстандағы STEM білім беру зерттеулерінің 2019-2023 жылдар аралығында артып, оқу үрдісінде интерактивті тәсілдерді енгізу, оқушылардың пәнге қызығушылығын артыратыны келтірілген (Н. Жұмабай және т.б., 2024). А.Е. Әбілқасымова және т.б. (2024) еңбегінде цифрлық білім беру ортасында SMART технологияларды қолдану оқыту сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі ретінде ұсынылған. Сонымен бірге Д. Жантасова (2024) және әріптестері инженерлік жоғары оқу орындарында STEM тілдік сауаттылықты дамыту мақсатында цифрлық технологиялар қолданылған құрылымды рамка әзірлегенін атап өткен. Джанегизова (2024) жоғары білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның динамикасына көңіл бөліп, цифрлық технологиялардың енгізілуі мен білім сапасы арасындағы оң байланысқа (r=0,78, p<0,001) назар аударған. Бұл қорытынды А.Е. Әбілқасымова және т.б. (2026) еңбегінде жасалған тұжырымдармен сәйкес келеді. Олар цифрлық технологиялардың білім беру жүйесін тиімді ұйымдастырудағы, сондай-ақ, оқушылардың оқу мотивациясы мен болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдірудегі маңызын көрсеткен. Осы халықаралық және отандық зерттеулердің бірлікте қарастырылуы біздің нәтижелеріміздің ғылыми негізділігін нығайтады. Аталған тәсілдердің (STEM + цифрлық технология) ықпалы тек оқушылардың оқу жетістіктерін арттырып қана қоймай, зерттеу, модельдеу, деректерді талдау, цифрлық құзыреттілік және коммуникация сияқты XXI ғасырға тән дағдыларды дамытуда маңызды екенін тағы да дәлелдейді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері STEM білім беру мен цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың білім сапасына айтарлықтай оң ықпал ететінін көрсетті. Дегенмен, бұл айырмашылықтың қалай қалыптасқанын нақты көрсету үшін, бақылау және эксперимент топтарына берілген тапсырмалардың мазмұнына тоқталу орынды. Бақылау тобы дәстүрлі әдістермен оқытуды жалғастырды, ал эксперименттік топқа пәнаралық байланыстарды ашуға, өмірлік жағдайларды модельдеуге және цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға негізделген арнайы есептер ұсынылды. Бұл есептер оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және математикалық білімді тәжірибеде қолдануға бағытталды.

Зерттеу нәтижелерін нақты көрсету үшін төменде пәнаралық тапсырмалардың үлгісі ұсынылады. Бұл тапсырмалар математика мен физиканы кіріктірумен қатар, PhET Simulation, GeoGebra және Desmos сияқты цифрлық технологияларды қолдану арқылы STEM білім берудің практикалық тиімділігін айқындайды.

1-мысал. 10-сынып математика пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша, виртуалды зертхана мен графиктік талдау арқылы лақтырылған дененің қозғалысын (параболалық траекторияны) зерттеу жұмысы мына оқу мақсаттарына сәйкес келеді (А.Е. Әбілқасымова және т.б., 2019):

Алгебра бөлімі

- квадрат функцияның графигін салу және оның коэффициенттерінің графикке әсерін түсіндіру;
- квадрат функцияны түрлендірулер арқылы салу және талдау;
- туындының физикалық және геометриялық мағынасын түсіндіру, жылдамдықты және үдеуді табу;
- функцияның өсу және кему аралықтарын, экстремумдарын анықтау;

Физикамен кіріктірілген бөлім

- дененің бастапқы жылдамдығы және лақтыру бұрышы берілген жағдайда траекториясын есептеу;
- қозғалыс теңдеулерін графиктік әдіспен талдау.

Эксперименттік және теориялық модельдеу нәтижелері

Оқушылардың математикалық және физикалық білімдерін кіріктіре отырып дамыту мақсатында PhET Simulation ортасында *Projectile Motion* виртуалды зертханасы қолданылды. Эксперимент барысында бастапқы биіктігі h_0=0 м, бастапқы жылдамдығы v_0=18 м/с, лақтыру бұрышы $\theta=40^0$ болатын дененің қозғалысы зерттелді. Гравитациялық үдеу g=9,81 м/с^2 деп алынды (1-сурет).

1-сурет
PhET Simulation ортасында көлбеу жоғары лақтырылған дененің траекториясы (бастапқы жылдамдық 18 м/с, бұрыш 40°, ауа кедергісі есепке алынған)



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

3.1. Теориялық модельдеу

Ауа кедергісін ескермей, көлбеу жоғары лақтырылған дененің қозғалысы келесі параметрлік теңдеулермен сипатталады:

$x(t) = v_0 cos\theta \cdot t$

$$y(t) = v_0 sin\theta \cdot t - \frac{1}{2} g t^2$$

Уақытты жою арқылы

$$t = \frac{x}{v_0 cos\theta}$$

өрнегін y(t)-ке қойып, биіктіктің горизонталь қашықтыққа тәуелділігін аламыз:

$$y(x) = xtan\theta - \frac{g}{2v_0^2 cos^2\theta} x^2$$

Бастапқы деректерді (v_0=18 м/с, θ=40° g=9.81 м/с^2) қойып, келесі нақты модель алынды:

$y(x) = 0{,}8391x - 0{,}025805x^2$

Бұл теңдеуде x және y – метрмен өлшенеді.

3.2. Ең үлкен биіктікті анықтау

Туындыны табамыз:

$y'(x) = 0{,}8391 - 0{,}05161x^2$

Ең үлкен биіктік шартынан y′(x)=0:

$0{,}8391 - 0{,}05161x = 0 \Rightarrow x_{max} \approx 16{,}26$ м.

Максимум биіктікті табу үшін x_{max} ты y(x)-ке қоямыз:

$y_{max} \approx 0{,}8391 \cdot 16{,}26 - 0{,}025805 \cdot (16{,}26)^2 \approx 6{,}38$ м

Бұл теориялық нәтиже PhET Simulation тәжірибесінде алынған 6,38 м мәнімен толық сәйкес келеді, яғни қателік – 0%.

3.3. Горизонталь қашықтық

$$S = \frac{2v_0^2 sin\theta cos\theta}{g} = \frac{v_0^2 \sin(2\theta)}{g}$$

$cos40^0 \approx 0{,}766044431$

$v_0 cos\theta \approx 18 \times 0{,}76604 \approx 13{,}7888$

$$S \approx \frac{2 \times 11{,}57018 \times 13{,}7888}{9{,}81} \approx 32{,}53 \text{м}$$

3.4. Графикалық модельдеу нәтижелері

Зерттеудің келесі кезеңінде алынған теориялық квадраттық теңдеу GeoGebra немесе Desmos бағдарламаларына енгізіліп, графикалық модель құрастырылды. Параметрлер:

$y'(x) = 0{,}8391 - 0{,}05161x^2$

теңдеуі бойынша салынған парабола дененің траекториясын сипаттайды (2-сурет).

2-сурет

Desmos бағдарламасында құрылған көлбеу жоғары лақтырылған дененің траекториясының графигі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Графиктік талдау нәтижелері:

- Ең үлкен биіктік параболаның төбесі арқылы анықталды:

(x_{max},y_{max})≈(16,26 м; 6,82 м)

- Дене шамамен x≈32,52 м қашықтықта жерге қайта түседі.

- Бұл мәндер теориялық есептеулерде табылған нәтижелермен толық сәйкес келеді (y_{max} ≈6,38м, x_{max} ≈16,26м).

Графикалық модельдеу оқушыларға қозғалыстың математикалық теңдеуін визуалды түрде көруге мүмкіндік береді. Параболаның төбесі экстремумды (ең биік нүктені) көрсетсе, түбірлері дененің жерге қайтып түсу нүктесін сипаттайды. Осылайша, математикалық есептеу, физикалық түсіндіру және цифрлық технологиялар арқылы алынған нәтижелердің барлығы өзара сәйкес келеді.

Эксперименттік және теориялық деректердің толық сәйкестігі виртуалды зертхана нәтижелерінің физикалық модельге адекватты екенін айқын көрсетеді. Мұндай тәсіл оқушыларға математикалық формулаларды тек абстрактілі емес, нақты өмірлік құбылыстармен байланыстыра отырып түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар зерттеу дағдыларын дамытып, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Осы тұжырым STEM курстары оқушылардың кәсіби дамуында да маңызды рөл атқаратынын көрсеткен зерттеулермен сәйкес келеді. Авторлар STEM курстары оқушылардың сенімін арттырып, инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесін кеңейтетінін айқындаған (Н. Жұмабай және т.б., 2024) .

Бұл тапсырма барысында оқушылар келесі әрекеттерді орындайды:

1. PhET Simulation ортасында тәжірибені модельдеу. Оқушылар бастапқы параметрлерді (жылдамдық, бұрыш, биіктік, гравитация) енгізіп, дененің траекториясын визуалды түрде бақылайды.

2. Эксперименттік деректерді жинау. Экраннан траекторияның негізгі нүктелерін (максималды биіктік, ұшу уақыты, горизонталь қашықтық) өлшеп, оларды кестеге енгізеді.

3. Математикалық модель құру. Қозғалыс теңдеулерін қолданып, дененің қозғалысын сипаттайтын аналитикалық формуланы шығарады.

4. Графикалық талдау. Алынған теңдеулерді GeoGebra немесе Desmos бағдарламасында салып, параболалық траекторияның графигін түрғызады. Бұл график арқылы ұшу траекториясы көрнекі түрде тексеріледі.

5. Туынды әдісін қолдану. Функцияның туындысын табу арқылы траекторияның экстремум нүктесін анықтап, ең үлкен биіктікті есептейді.

6. Теориялық және эксперименттік деректерді салыстыру. Математикалық есептеулер нәтижесін виртуалды зертханадағы тәжірибемен салыстырып, айырмашылықты (қателік пайызын) анықтайды.

7. Ғылыми қорытынды жасау.Теория мен тәжірибенің сәйкес келуі оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады және модельдеудің білім берудегі тиімділігін дәлелдейді.

Осы мысал оқушылардың абстрактілі математикалық формулаларды өмірлік құбылыстармен байланыстыра алуына мүмкіндік беріп, пәнаралық ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен бірге, цифрлық технологияларды (PhET, GeoGebra, Desmos) пайдалану оқушылардың визуалды қабылдауын күшейтіп, теориялық білімді тәжірибемен үштастыруға жағдай жасайды. Бұл STEM білім берудің дәстүрлі оқытуға қарағанда анағұрлым тиімді екенін көрсетеді. Зерттеу барысында математикалық модельдеу тек физикалық қозғалыс заңдарын түсіндірумен шектелмей, өмірлік жағдаяттарға да қолданылды. Мысалы, қозғалыстың салыстырмалы жылдамдығын сипаттайтын төмендегі есепті (Мысал 2).

2-мысал. Бірінші турист велосипедпен 16 км/сағ жылдамдықпен 1,5 сағат жүрген соң, 1,5 сағатқа тоқтайды, содан кейін бастапқы жылдамдықпен жолын жалғастырады. Бірінші турист жолға шыққаннан 4 сағат өткен соң, оған қарай мотоциклмен екінші турист 56 км/сағ жылдамдықпен жолға шығады. Екінші турист бірінші туристі қуып жеткенге дейін олар қандай қашықтық жүреді?

Берілген есептің GeoGebra көмегімен қозғалыс моделін құрастырайық.

3-сурет
GeoGebra көмегімен қозғалыс моделі



3-кесте

GeoGebra көмегімен қозғалыс модельін құрастыру алгоритмі



QR 1. Мысал 2-нің GeoGebra көмегімен қозғалыс симуляциясы

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Велосипедшінің жылдамдығы: υ_1 – 16 км/сағ

Мотоциклдің жылдамдығы: υ_2 – 56 км/сағ

$S_1 = 16 \cdot (2.5 + t)$, $S_2 = 56t$

осыдан $S = 56t = 16 \cdot (2.5 + t)$ екенін аламыз. Жоғарыдағы теңдеуді шешіп $t = 1$ сағ және ізделінді $S = 56$ км екенін табамыз.

Жауабы: S – 56 км.

Бұл есеп оқушыларға бір мезгілде бірнеше қозғалыс моделін салыстыруды, уақыт пен қашықтық арасындағы тәуелділікті талдауды үйретеді. Сонымен қатар, GeoGebra арқылы визуализация жасау есептің шешімін айқын көрсетіп, оқушылардың логикалық ойлауын дамытады. Мұндай тапсырмалар STEM білім берудің күнделікті өмірмен байланысын күшейтіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Қорытынды

Бұл зерттеуде STEM білім беруде математика сабағында цифрлық технологиялармен кіріктіріп қолданудың тиімділігі қарастырылды. Эксперимент нәтижелері PhET Simulation, GeoGebra, Desmos және Excel сияқты құралдарды пайдалану оқушылардың академиялық жетістіктерін арттыруға оң ықпал ететінін көрсетті. Атап айтқанда, эксперименттік топта білім сапасының орта есеппен 15-16 % өскені байқалды және t-тест нәтижелері бойынша $p < 0,05$ деңгейінде статистикалық мәнді айырмашылық анықталды.

Сонымен қатар, оқушылардың зерттеушілік дағдылары, модельдеу қабілеттері, деректерді талдау біліктілігі, математикалық және физикалық заңдылықтарды байланыстыра білуі айтарлықтай дамыды. Цифрлық технологияларды жүйелі қолдану олардың логикалық ойлауын, топта жұмыс істеуін және коммуникативтік дағдыларын нығайтты. Зерттеу нәтижелері STEM тәсілін дәстүрлі оқытуға қарағанда анағұрлым тиімді екенін растайды. Бұл тәсіл тек білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнге қызығушылығын күшейтіп, заманауи цифрлық ортада шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Осылайша, STEM пен цифрлық технологияларды үйлестіре қолдану Қазақстандағы білім беруді жаңғыртудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы тиіс.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу авторлардың өз қаражатымен жүргізілді.

Алғыс білдіру

Зерттеу эксперименті Алматы қаласындағы №202 мектеп-гимназиясы және №159 Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясында жүргізілгеніне орай, аталмыш мекемелерге алғысымызды білдіреміз.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар бұл зерттеуге қатысты ешқандай мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

А.Е. Әбілқасымова: Ғылыми жетекшілік, Тұжырымдама жасау, Әдістеме әзірлеу, Жобаны басқару, Нәтижелерді тексеру

Н. Жұмабай: Мәтінді редакциялау және толықтыру, Ресурстармен қамтамасыз ету , Жобаны басқару, Көрнекі материалдар дайындау, Деректерді өңдеу және басқару, Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу.

А.Н. Умиралханов: Деректерді өңдеу және басқару, Ресурстармен қамтамасыз ету Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, Формалды талдау, Мәтінді редакциялау және толықтыру, Көрнекі материалдар дайындау.

Әдебиеттер

Abylkassymova, A. (2024). Use of the lesson study professional development program by both STEM and NON-STEM teachers in the educational process. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 407*(1), 22–32. https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.654

Abylkassymova, A., Dyussov, M., Tuyakov, Y., & Khabiba, K. (2026). Preparing future mathematics teachers to solve school mathematical problems. *Scientific Culture, 12*(1.1), 2373–2380. https://doi.org/10.5281/zenodo.18347228

Agyei, E., Agyei, D. D., & Benning, I. (2023). Teaching mathematics with digital technologies: A situational analysis of high school teachers' experiences in Ghana. *African Journal of Research in Mathematics, Science and Technology Education, 28*(1), 57–70. https://doi.org/10.1080/18117295.2023.2265241

Bybee, R. W. (2013). *The case for STEM education: Challenges and opportunities*. National Science Teachers Association. https://static.nsta.org/pdfs/samples/PB337Xweb.pdf

Cheung, A. C. K., & Slavin, R. E. (2013). The effectiveness of educational technology applications for enhancing mathematics achievement in K–12 classrooms: A meta-analysis. *Educational Research Review, 9*, 88–113. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2012.12.001

Dzhanegizova, A. (2024). Digital transformation of higher education in Kazakhstan: Challenges and solutions. *Economic Annals-XXI, 209*(5–6), 42–55. https://doi.org/10.21003/ea.V209-05

English, L. D. (2016). STEM education K-12: Perspectives on integration. *International Journal of STEM Education, 3*(1), Article 3. https://link.springer.com/article/10.1186/s40594-016-0036-1

Hillmayr, D., Ziernwald, L., Reinhold, F., Hofer, S. I., & Reiss, K. M. (2020). The effectiveness of digital technology in the classroom: A meta-analysis of K–12 education. *Computers & Education, 157*, 103897. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103897

Jantassova, D., Churchill, D., Tentekbayeva, Z., & Aitbayeva, S. (2024). STEM language literacy learning in engineering education in Kazakhstan. *Education Sciences, 14*(12), Article 1352. https://doi.org/10.3390/educsci14121352

Kozma, R. B. (2014). Technology and classroom practices: An international study. *Journal of Research on Technology in Education, 36*(1), 1–14. https://doi.org/10.1080/15391523.2003.10782399

Li, F., Cheng, L., Wang, X., et al. (2025). The causal relationship between digital literacy and students' academic achievement: A meta-analysis. *Humanities and Social Sciences Communications, 12*, 108. https://doi.org/10.1057/s41599-025-04399-6

Öztop, F., Karakuş, F., & Karamustafaoğlu, O. (2023). The effect of STEM education supported by digital technologies on students' academic achievement: A meta-analysis. *Participatory Educational Research, 10*(3), 1–21. https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1396033.pdf

Semenov, A. L., Abylkassymova, A. E., & Rudchenko, T. Y. A. (2024). AI methods in control of personalized general education. *Doklady Mathematics, 109*(3), 191–196. https://doi.org/10.1134/S1064562424702119

Zhumabay, N., Varis, S., Abylkassymova, A., Balta, N., Bakytkazy, T., & Bowen, G. M. (2024). Mapping the Kazakhstani STEM education landscape: A review of national research. *European Journal of STEM Education, 9*(1), Article 16. https://doi.org/10.20897/ejsteme/15576

Zhumabay, N., Yelemessova, Z., Balta, N., Abylkassymova, A., Bakytkazy, T., & Marynowski, R. (2024). Designing effective STEM courses: A mixed-methods study of the impact of a STEM education course on teachers' self-efficacy and course experiences. *Frontiers in Education, 9*, 1276828.

Ахатай, А. А., Сейтмұратов, А. Ж., & Усайнова, Г. М. (2023). Мектептегі пәнаралық STEM білім берудегі математиканың рөлі. *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы, 2*(82), 119–126. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.82.2.013

Әбілқасымова, А. Е., Ахмед-Заки, Д., & Жұмабай, Н. (2024). Қазақстанның цифрлық білім беру ортасында SMART технологиялардың дамуы. *Journal of Educational Sciences, 80*(3), 4–22. https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.01

Әбілқасымова, А. Е., Жұмабай, Н., Умиралханов, А., & Жумалиева, Л. (2025). Цифрлық технологиялар «мектеп – педагогикалық жоғары оқу орны» кешенінде тиімді білім берудің негізі ретінде. *Вестник НАН РК, 415*(3), 63–85. https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.952

Әбілқасымова, А. Е., Корчевский, В. Е., & Жұмағұлова, З. Ә. (2019). *Алгебра және анализ бастамалары: 10,11-сыныпқа арналған оқулық*. Мектеп.

Кадирбаева, Р. И., & Жотабай, Н. М. (2025). Жоғары сынып оқушыларына математика пәнін оқытуда STEM технологияларын қолданудың мәні мен маңызы. *Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы "Педагогика ғылымдары" сериясы, 2*(77), 649–666. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.039

Кудайбергенова, К. (2023). Мектеп мұғалімдерінің STEM-білім беру әдісімен жаратылыстану пәндерін оқытуға дайындығы. *Вестник НАН РК, 405*(5), 7–19. https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/4779

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021, 6 желтоқсан). *Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту туралы (№ 961 қаулы)*. Әділет құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000961

References

Abilkassymova, A. E., Akhmed-Zaki, D., & Zhumabay, N. (2024). Qazaqstannyn cifrlyq bilim beru ortasynda SMART tehnologiyalardyn damuy [Development of SMART technologies in the digital educational environment of Kazakhstan]. Journal of Educational Sciences, 80(3), 4–22. https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.01 (in Kazakh)

Abilkassymova, A. E., Korchevskii, V. E., & Zhumagulova, Z. A. (2019). Algebra zhane analiz bastamalary: 10,11-synypqa arnalgan oqulyq [Algebra and elements of analysis: Textbook for grades 10–11]. Mektep. (in Kazakh)

Abilkassymova, A. E., Zhumabay, N., Umiralkhanov, A., & Zhumalieva, L. (2025). Cifrlyq tehnologiyalar «mektep – pedagogikalyq zhogary oqu orny» keshininde tiimdi bilim berudin negizi retinde [Digital technologies as the basis of effective education in the "school – pedagogical university" complex]. Vestnik NAN RK, 415(3), 63–85. https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.952 (in Kazakh)

Abylkassymova, A. (2024). Use of the lesson study professional development program by both STEM and NON-STEM teachers in the educational process. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 407*(1), 22–32. https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.654

Abylkassymova, A., Dyussov, M., Tuyakov, Y., & Khabiba, K. (2026). Preparing future mathematics teachers to solve school mathematical problems. *Scientific Culture, 12*(1.1), 2373–2380. https://doi.org/10.5281/zenodo.18347228

Agyei, E., Agyei, D. D., & Benning, I. (2023). Teaching mathematics with digital technologies: A situational analysis of high school teachers' experiences in Ghana. *African Journal of Research in Mathematics, Science and Technology Education, 28*(1), 57–70. https://doi.org/10.1080/18117295.2023.2265241

Akhatay, A. A., Seitmuratov, A. Zh., & Usainova, G. M. (2023). Mekteptegi panaralyq STEM bilim berudegi matematikanyn roli [The role of mathematics in interdisciplinary STEM education at school]. Abai atyndagy QazUPU-nin Khabarshysy. Fizika-matematika gylymdary seriyasy, 2(82), 119–126. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.82.2.013 (in Kazakh)

Bybee, R. W. (2013). *The case for STEM education: Challenges and opportunities*. National Science Teachers Association. https://static.nsta.org/pdfs/samples/PB337Xweb.pdf

Cheung, A. C. K., & Slavin, R. E. (2013). The effectiveness of educational technology applications for enhancing mathematics achievement in K–12 classrooms: A meta-analysis. *Educational Research Review, 9*, 88–113. https://doi.org/10.1016/j.edurev.2012.12.001

Dzhanegizova, A. (2024). Digital transformation of higher education in Kazakhstan: Challenges and solutions. *Economic Annals-XXI, 209*(5–6), 42–55. https://doi.org/10.21003/ea.V209-05

English, L. D. (2016). STEM education K-12: Perspectives on integration. *International Journal of STEM Education, 3*(1), Article 3. https://link.springer.com/article/10.1186/s40594-016-0036-1

Hillmayr, D., Ziernwald, L., Reinhold, F., Hofer, S. I., & Reiss, K. M. (2020). The effectiveness of digital technology in the classroom: A meta-analysis of K–12 education. *Computers & Education, 157*, 103897. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103897

Jantassova, D., Churchill, D., Tentekbayeva, Z., & Aitbayeva, S. (2024). STEM language literacy learning in engineering education in Kazakhstan. *Education Sciences, 14*(12), Article 1352. https://doi.org/10.3390/educsci14121352

Kadirbaeva, R. I., & Zhotabai, N. M. (2025). Zhogary synyp oqushylaryna matematika panin oqytuda STEM tehnologiyalaryn qoldanudyn mani men manyzy [The importance and significance of using STEM technologies in teaching mathematics to senior school students]. Abylai khan at. QazHQzhATU Khabarshysy "Pedagogika gylymdary" seriyasy, 2(77), 649–666. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.039 (in Kazakh)

Kozma, R. B. (2014). Technology and classroom practices: An international study. *Journal of Research on Technology in Education, 36*(1), 1–14. https://doi.org/10.1080/15391523.2003.10782399

Kudaibergenova, K. (2023). Mektep mugalimderinin STEM-bilim beru adisimen zharatylystanu panderin oqytuga daiyndygy [Readiness of school teachers to teach natural science subjects using the STEM education approach]. Vestnik NAN RK, 405(5), 7–19. https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/4779 (in Kazakh)

Li, F., Cheng, L., Wang, X., et al. (2025). The causal relationship between digital literacy and students' academic achievement: A meta-analysis. *Humanities and Social Sciences Communications, 12*, 108. https://doi.org/10.1057/s41599-025-04399-6

Öztop, F., Karakuş, F., & Karamustafaoğlu, O. (2023). The effect of STEM education supported by digital technologies on students' academic achievement: A meta-analysis. *Participatory Educational Research, 10*(3), 1–21. https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1396033.pdf

Qazaqstan Respublikasy Ukimeti. (2021, December 6). Qazaqstan Respublikasynyn 2022–2026 zhyldarga arnalgan aleumettik-ekonomikalyq damu bolzhamyn bekitu turaly (No. 961 qauly) [On approval of the forecast of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan for 2022–2026 (Resolution No. 961)]. Adilet aqparattyq-quqyqtyq zhuyesi. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000961 (in Kazakh)

Semenov, A. L., Abylkassymova, A. E., & Rudchenko, T. Y. A. (2024). AI methods in control of personalized general education. *Doklady Mathematics, 109*(3), 191–196. https://doi.org/10.1134/S1064562424702119

Zhumabay, N., Varis, S., Abylkassymova, A., Balta, N., Bakytkazy, T., & Bowen, G. M. (2024). Mapping the Kazakhstani STEM education landscape: A review of national research. *European Journal of STEM Education, 9*(1), Article 16. https://doi.org/10.20897/ejsteme/15576

Zhumabay, N., Yelemessova, Z., Balta, N., Abylkassymova, A., Bakytkazy, T., & Marynowski, R. (2024). Designing effective STEM courses: A mixed-methods study of the impact of a STEM education course on teachers' self-efficacy and course experiences. *Frontiers in Education, 9*, 1276828.

Авторлар туралы мәлімет:

А.Е. Әбілқасымова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогикалық білім беруді дамыту Орталығының директоры, математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан, e-mail: aabylkassymova@mail.ru).

Н. Жұмабай – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті математика, физика және информатиканы оқыту кафедрасының оқытушысы (Алматы, Қазақстан,e-mail: nurman-0906@mail.ru).

А.Н. Умиралханов – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: azik75292@gmail.com).

Information about authors:

A. Abylkassymova – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the Center for the Development of Pedagogical Education, Head of the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Informatics Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aabylkassymova@mail.ru)

N. Zhumabay – Lecturer at the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Computer Science at the Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurman-0906@mail.ru)

A. Umiralkhanov – Student in the doctor's program at the Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: azik75292@gmail.com)

Сведения об авторах:

А.Е. Абылкасымова – доктор педагогических наук, профессор, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, директор Центра развития педагогического образования, заведующая кафедрой методики преподавания математики, физики и информатики Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: aabylkassymova@mail.ru).

Н. Жумабай – преподаватель кафедры методики преподавания математики, физики и информатики Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: nurman-0906@mail.ru).

А.Н. Умиралханов – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: azik75292@gmail.com).

Келіп түсті: 17.09.2025
Қабылданды: 01.03.2026

ҒТАМР 14.35.09 https://doi.org/10.26577/JES86120268

М.Б. Қолдас[1*], К.У Кунакова[1], М.К. Ахметова[1], Л.Ж. Мұсалы[2]

[1]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: marzhanka2024@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫНША-ҚАЗАҚША АУДАРМА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУҒА ҮЙРЕТУ

Бұл ғылыми зерттеу мақаласы болашақ аудармашыларға жасанды интеллект арқылы ағылшынша-қазақша алдын ала аударылған көркем әдеби шығарманы сын тұрғысынан талдап үйретуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты – студенттерді жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, аудармаларды ағылшынша-қазақша талдауға оқыту әдістемесін әзірлеу және теориялық негіздеу. Зерттеудің негізгі міндеттері студенттердің қызығушылықтарын арттыру мақсатында жасанды интеллектінің қазақ тілінде ұсынылған көркем туындысын дұрыс бағалау, жасанды интеллект өніміне сын көзбен қарау, аударма қателерін анықтау, оны жою жолдарын түсіндіріп талдау және дәлелдеу, аударма сапасының жоғары деңгейінде сақталуын қадағалау, синтетикалық ЖИ контентін ой елегінен өткізу, жасанды интеллект аудармасына 100% сенбеуді үйрету, ЖИ аудармасының растығын тексеру, көркемдік құралдармен дұрыс өңделгендігін тексеруге бағытталған. Сондай-ақ оқу үдерісінде студенттер жасанды интеллект өнімдерін сын тұрғысынан саралап, аударма құзыреттілігін дамытып, прозалық мәтінді интерпретациялау қабілеттерін қалыптастырады. Жүргізілген талдау кезінде бірнеше қарама-қайшылықтар туындағандықтан, оларды жоюдың ең тиімді жолдары ұсынылды. Зерттеу әдістемесі ғылыми әдебиеттерді талдауға, түпнұсқа мен ЖИ ұсынған аудармаларды салыстырмалы талдауға, сауалнама жүргізу және бақылау әдістеріне негізделген. Эксперимент аралас әдіс арқылы жүзеге асқандықтан, оның қатысушылары ерікті таңдап алдынды. Тәжірибелік-педагогикалық жұмысқа Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 3-курсынан 50 студент қатысты. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс үш кезеңнен тұрды. Экспериментте қатысушылардың аударма құзыреттілігі жасанды интеллект өнімдеріне сын тұрғысынан қарауды үйрету арқылы қалыптастыруға болатыны анықталды. Жүргізілген талдау ЖИ аудармаларына сыни талдау жасау студенттердің аударма құзыреттілігінің дамуына ықпал ететіндігін көрсетті. Зерттеудің құндылығы оның цифрлық трансформация жағдайында көркем аударманы оқыту әдістемесін дамытуға және білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың шегі мен мүмкіндіктеріне қосқан үлесімен анықталады. Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығын ағылшынша-қазақша бағытта жұмыс атқаратын болашақ кәсіби аудармашыларды даярлау үшін оқу бағдарламаларын, практикалық сабақтар мен бағалау материалдарын әзірлеу кезінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, болашақ аудармашы, сыни талдау, ЖИ өнімдері, аударма құзыреттілігі.

M. Koldas[1*], K. Kunakova[1], M. Akhmetova[1], L. Mussaly[2]

[1]Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*email: marzhanka2024@mail.ru

Training Students to Analyze the Features of English-Kazakh Translation through Artificial Intelligence

This scientific research explores training of future translators to critically analyze English-Kazakh translations through artificial intelligence. The aim of the study is to develop and theoretically substantiate a methodical research for teaching students to analyze English-Kazakh translations through AI tools. The main objectives of the study are to correctly evaluate stylistic devices of AI translation presented in Kazakh language in order to increase the interest of students, to critically analyze the artificial intel-

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

ligence product, to identify translation errors, to explain and prove ways to eliminate them, to provide a high-quality translation, to evaluate AI content, to teach students not to trust AI translation 100%, to check the accuracy of AI translation, to check the correctness of AI translation, to check the correctness of stylistic devices. In addition, in the learning process, students critically differentiate artificial intelligence products, form translation competence and develop the ability to interpret prose texts. The most effective ways proposed to eliminate several contradictions that were found during the analysis. The methodical research is based on the analysis of scientific literature, comparative analysis of the original and translations proposed by AI, methods of conducting surveys and observation. Since the experiment was conducted through a mixed method, its participants selected as a simple random sample. The pedagogical experimental study involved 50 third-year students of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. The pedagogical experimental study consisted of three stages. In the experiment, it was found that the translation competence of the participants could be formed by critically analyzing artificial intelligence products. The conducted analysis showed that critical analysis of AI translations contributes to the formation of translation competence of students. The value of the study is determined by its contribution to the development of the methodical research for teaching literary translation in the context of digital transformation and unlimiting the scopes of using artificial intelligence in the educational process. The obtained practical significance of the results can be used when developing training programs, practical classes and the assessment materials for the training of future English-Kazakh professional translators.

Keywords: artificial intelligence, future translator, critical analysis, AI products, translation competence.

М.Б. Қолдас[1*], К.У. Кунакова[1], М.К. Ахметова[1], Л.Ж. Мұсалы[2]

[1]Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: marzhanka2024@mail.ru

Обучение студентов анализу особенностей англо-казахского перевода с помощью искусственного интеллекта

Данное исследование посвящено обучению будущих переводчиков критическому анализу англо-казахских переводов с помощью искусственного интеллекта. Целью исследования является разработка и теоретическое обоснование методического исследования для обучения студентов анализу англо-казахских переводов с помощью инструментов искусственного интеллекта. Основными задачами исследования являются правильная оценка стилистических приемов перевода с использованием искусственного интеллекта, представленных на казахском языке, с целью повышения интереса студентов, критический анализ продукта искусственного интеллекта, выявление ошибок перевода, объяснение и обоснование способов их устранения, обеспечение качественного перевода, оценка контента ИИ, чтобы научить студентов не доверять переводу ИИ на 100%, проверять точность перевода ИИ, проверять корректность перевода ИИ, проверять правильность стилистических приемов. Кроме того, в процессе обучения студенты критически дифференцируют продукты искусственного интеллекта, формируют переводческую компетенцию и развивают умение интерпретировать прозаические тексты. Предложены наиболее эффективные способы устранения нескольких противоречий, которые были обнаружены в ходе анализа. Методическое исследование основано на анализе научной литературы, сравнительном анализе оригинала и переводов, предложенных AI, методах проведения опросов и наблюдения. Поскольку эксперимент проводился смешанным методом, его участники были отобраны по случайной выборке. В опытно-педагогической работе приняли участие 50 студентов 3 курса КазУМОиМЯ. Опытно-педагогическая работа состояла из трех этапов. Было установлено, что переводческая компетенция участников может быть сформирована путем критического анализа продуктов искусственного интеллекта. Проведенный анализ показал, что критический анализ переводов с использованием искусственного интеллекта способствует формированию переводческой компетенции студентов. Ценность исследования определяется его вкладом в развитие методических разработок по обучению художественному переводу в условиях цифровой трансформации и расширения масштабов использования искусственного интеллекта в образовательном процессе. Практическая значимость результатов: методика может быть использована при разработке учебных программ, практических занятий и оценочных материалов для подготовки будущих профессиональных переводчиков с английского на казахский.

Ключевые слова: искусственный интеллект, будущий переводчик, критический анализ, продукты ИИ, переводческие компетенции.

Кіріспе

Білім беру саласына жасанды интеллектіні (AI) интеграциялау бүгінде жаһандық деңгейдегі маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Жоғары оқу орындарында AI шешімдерін тиімді енгізу – әкімшілік басқару, оқыту сапасы, білім алушыларды қолдау және академиялық үдерістерді оңтайландыру бағытында кеңінен қолданылуда. Соңғы жылдары ғылым саласында жоғары білім беру көшбасшылығында қолданылатын ЖИ технологиялары туралы зерттеу жарияланымдарының аударма салаларында қолданылуы жиіленіп барады (Спосато, 2025). Мұндай жүйелендірілген жаңа тәсіл білім беру кеңістігінде жасанды интеллектіні тиімді пайдалану үшін жаңа әдіснамалық негіз қолдануды талап етеді. Елімізде адамзат ойлап тапқан инновация құралының білім беру саласына тереңдеп енуі жасанды интеллектінің барлық мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалануға және білім экономикасының дамуына жаңа серпін береді (Дайырбеков, 2022).

Соңғы онжылдықта жасанды интеллект технологиялары өмірдің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, кез келген адамның ЖИ өнімдерінің қандай да бір күрделі сұрақтарға жауап беруіне, тапсырмаларды жылдам орындауына, мәтінді генерациялау қабілеттерінің жылдам жүзеге асу мүмкіндіктеріне, оның жоғары интеллектуалды әрекеттеріне 100 пайыз сенуіне сәйкес ЖИ-дің қателесу мүмкіндіктері елеусіз қалып жатыр. Соның ішінде ЖОО оқитын студенттер ЖИ өнімдерін «қатесіз құрал» ретінде қабылдайды. Дегенмен, қандай да бір AI моделі ықтималдылыққа негізделгендіктен, ол ұсынған материалдар (аудармалар, синтетикалық мәтіндер) фактілік тұрғыда дәл болмауы мүмкін және оның қателікке жол беруі – қалыпты жағдай.

ЖИ материалдарына 100 пайыз сеніммен қарайтын студенттердің сыни ойлай қабілеті күн сайын төмендейтініне көз жеткізуге болады. Сол себепті бұл зерттеудің ең негізгі міндеттері – болашақ аудармашылардың ақпаратты қабылдау, сәйкес сөздерді іздеу, қорытынды жасау, өз бетінен іздеу, қандай да бір ақпаратты талдау, синтездеу, аудармалардың туралығын тексеру, автор стилін сақтау, тавтологияны жою, ой ұғымын өзгертетін сөздерді табу және т.б. осы сияқты дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатта аудармашыларды кәсіби дайындау барысында кез келген аудармаға сыни талдау жасауды үйрету өте маңызды екендігін ескеру қажет. Ол тек аудармашының өзі жасаған аудармасына ғана емес, сондай-ақ басқа біреудің аудармасына, AI өнімдері мен түрлі QazGPT сияқты AI жүйесінде жұмыс атқаратын платформалардың да аудармаларына сыни көзқараспен қарау өте маңызды. Болашақ аудармашыларды аударма сапасын қалай дұрыс бағалауды, аударма сапасының жоғары деңгейде болуын, түпнұсқа мәтініндегі ойдың аудармада ауытқып кетпеуі және т.б. осы сияқты қателіктерді болдырмау үшін, болашақ аудармашыларға қандай да бір аудармаға сыни қарауды, басқа адамдар көрмейтін қателерді байқауды, екі тілдің грамматикалық ережелері мен тіл байлықтарын ескере отырып, аударылатын екінші тілге ойдың дұрыс жеткізілгеніне көз жеткізу үшін сыни талдау жасауды үйрету де өте маңызды.

Бұл ғылыми зерттеу барысында аудармашы мен жасанды интеллект арасындағы өзара қарым-қатынастар қарастырылады. Сондықтан зерттеу мақсаты – болашақ аудармашылардың аударма құзыреттілігін жасанды интеллектінің өніміне сын тұрғыда талдау арқылы қалыптастыру және AI жүйелерінің көркем мәтіндерді аудару қабілетіне сыни көзқараспен қарап, жасанды интеллект өнімдеріне тура сенбей, AI өнімдерін сыни талдау үдерістерімен сабақтастыра отырып бағалау болып табылады. Тілдік мамандықтар студенттерінің аударма құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін Джусубалиева Д.М. (2020) және Шарипов Б.Ж. (2020) қарастырған. Демек, құзыреттілік ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында түлғаның субьектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым (Құдайбергенова, 2008). Яғни студенттердің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуы (Ниязова, 2022).

Әдебиетке шолу

Аударма саласы нарық талаптарына сәйкес жан-жақты дамып жатыр. Соның ең негізгісі – жасанды интеллект технологияларының аударма саласына ену процесінің жылдамдатуы. Бұл мақалада аударма саласының ЖИ негізінде даму мүмкіндіктері қарастырылады. Ол үшін, біріншіден, «аударма» ұғымын анықтап алу қажет. «Аударма» дегеніміз – әр түрлі тілде сөйлеушілер арасындағы тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынастың бір түрі. Сол арқылы түпнұсқадағы мәтіннің мағынасы аударылатын мәтінге екі тілдік дәнекерліктің нәтижесінде ғана аударылады (Қарымсақова, 2025). Ал сөздің кең мағынасында «құзыреттілік» ұғымы деп

тек білім мен дағды ғана емес, сонымен қатар, тәжірибе, құндылықтар, дүниетаным және табысты қызметтің кепілі болып табылатын басқа да жеке қасиеттерді айтуға болады (Вишняускене, 2009). Демек, кәсіби «аударма құзыреттілігі» деп, әдетте, аудармашыға өз міндеттерін кәсіби түрде шешуге мүмкіндіктер беретін білім, қабілет пен дағдылар жиынтығы айтылады (Вишняускене, 2009).

Ал енді «мәтін» ұғымының не екенін анықтап алған дұрыс. «Мәтін» ұғымы – сөз өнеріне негізделген өнім; тек адам ғана сөз өнеріне қабілетті екенін ескеру қажет (Сдобников, 2025). Бұл зерттеуде көркем сөз өнеріне негізделген мәтіндер зерттелінетін болады. Демек, бұл ғылыми зерттеу мақаласында көркем аударма немесе әдеби аударма деп бір тілдегі көркем әдеби туындыны басқа тілдің көркемдік құралдарының көмегімен жеткізу, сол түпнұсқаның стильдік және көркемдік ерекшеліктерін түпнұсқадағыдай сақтап қалу болып табылады (Сауданбекова, 2015). Демек көркем аударма арқылы белгілі бір халықтың әдеби туындысын басқа халықтардың да сусындай алуы. Ал машиналық аударма тек техникалық құрал ғана емес, әдеби аудармадағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негізі ретінде қарастырылуы мүмкін. Яғни, кәсіби аудармашы тек сапалы аударып қана қоймай, қажет болса, жұмыс берушінің талаптарына сәйкес машиналық аударманы негізге алып та аударуы міндетті (Петрова, 2023).

Қазіргі тілдік модельдер, мысалы, нейрондық жүйемен жұмыс жасайтын ChatGPT, көркем шығармалар формаларын керемет аударып қана қоймай, олардың басқа бір тілде түпнұсқадағыдай ұсына алу қабілеті ерекше болып табылады (Эльхалис, 2023). Алайда, бірдей сұраулар қойылған жағдайда да, модельдің ықтималдық негізіне байланысты әр түрлі аударма нұсқалары пайда болуы мүмкін (Карабан, 2024).

Cloud.ru ресейлік бұлтқа негізделген провайдерлер конференциясының қатысушылары айтқандарын негізге ала отырып, нейрондық машиналық аударма сапасының жақсарғанын, өте сапалы болып кеткенін байқауға болады (Асонова, 2024). Сдобников В.В. (2025) зерттеушісіне сәйкес, Асонова О.В.(2024) зерттеушісінің айтқандарына келісуге тура келеді. Шынымен де нейрондық аударманың өзі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсарды. Сонда да, жасанды интеллектінің қаншалықты жақсаруына қарамастан, ол кәсіби аудармашы аударған аудармадан жақсарған жоқ. Сондықтан зерттеушілердің әлі де машиналық аударма қателіктерін типологияларға көп көңіл бөлетіні кездейсоқ емес екендігін ескертеді.

Соңғы жылдары жасанды интеллектіні (ЖИ) білім беру саласына енгізу бойынша ауқымды зерттеулер жүргізілуде. ЖИ технологиялары – білім беру үйымдарының әкімшілік үдерістерін, оқыту әдістемелерін және педагогикалық тиімділікті түбегейлі өзгертетін әлеуетке ие. Олардың зерттеуінде веб-платформалар, автоматтандырылған бағалау жүйелері, оқу-бағдарламалық роботтар және сандық ассистенттер арқылы педагогтардың жұмыстарын оңтайландыру жолдары қарастырылған (Лин & Чен, 2020). Бұл бағыт AI технологияларын тиімді пайдалану арқылы болашақ аудармашыларға тиімді білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Бұл ғылыми мақаланы жазу барысында үлкен жұмыстар атқарылды. Эксперименттік ғылыми зерттеу жұмысы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде 3-курс студенттері арасында жүргізілді. Жалпы студенттер бақылау тобы мен эксперименттік топ сияқты екі топқа бөлінді. Әрбір топта 25 студенттен болды. Барлық қатысушылар мақсатты таңдау тәсілі ретінде іріктеліп алынды. Яғни барлық қатысушылардың ағылшын тілінен білім деңгейі B1-B2 деңгейлерінде болады. Эксперимент басында бақылау тобы мен эксперименттік топқа алдын ала дайындалған бұрыннан бар материалдар ұсынылды. Әрбір топ қатысушыларының білім деңгейі анықталып, олардың бойында аударма құзыреттілігі қаншалықты қалыптасқандығын анықтау мақсатында эксперимент үшін алдын ала дайындалған тапсырмалар жүйесі ұсынылды. Эксперименттік зерттеудің мақсаты қатысушылардың көркем әдеби шығармаларды жасанды интеллект арқылы қаншалықты аудара алатындығын және жасанды интеллект ұсынған көркем әдеби жанрдағы туындылардан аударма қателерін табу, AI өнімдеріне сыни түрғыда қарап, сыни талдау жасауды үйрету болып табылатын еді. Ғылыми зерттеу жұмысының мақсатын негізге ала отырып, зерттеу материалдары ретінде қатысушыларға тапсырмамен көркем әдеби жанрдағы Антуан де Сент-Экзюпери жазушысының 1942-1943 жылдары жазылып жарияланған «Кішкентай ханзада» деп аталатын туындысы таңдалып алынды. Зерттеудің мақсаты ретінде «Кішкентай ханзада» деп аталатын хикаяттың аудармашы Кэтрин Вуд ұсынған ағылшын ті-

ліндегі аудармасы, 2025 жылғы Ж. Қонаевтың қазақ тілінде ұсынған аудармасы мен QazGPT AI жүйесі арқылы ағылшын тілінен қазақ тіліне ұсынылған аудармаларына студенттердің сыни көзбен қарап, сыни талдау жасауды үйрету болып табылады. Себебі бұл туынды балалар әдебиетіне жататын философиялық қиял-ғажайып ертегі немесе аллегориялық хикаялық ертегі болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық әдісі ретінде көркем аударма педагогикасы мен жасанды интеллект тақырыбында ғылыми еңбектерге шолу жасалып, NMT (Neural Machine Translation) моделінің мүмкіндіктеріне салыстырмалы талдау жасалды. Ал эмпирикалық әдіс ретінде көркем жанрдағы аударма сапасын бағалау мақсатында сараптамалық талдау жасалды. Сондай-ақ көркем әдеби аударманың жанрлық және стилистикалық қателерін жіктеу үшін жанрлық контент-талдау ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде қателер типологиясы дайындалды. Педагогикалық эксперименттің нәтижесін дұрыс шығару мақсатында барлық мәтіндер AI ендірілген QazGPT жүйесімен аударылды.

Эксперимент аясында берілген барлық жаттығуларды орындау үшін белгілі бір платформалар таңдалып алынды. Мәселен, жасанды интеллектімен ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару үшін QazGPT веб-порталы таңдалынса, ал эксперимент қатысушыларының білімін сынау үшін Kahoot веб-сайты, студенттермен қарым-қатынас жасау мақсатында Microsoft Times пен Miro бағдарламалары, ал соңында барлық қатысушылардың эксприменттік жұмыс, берілген жаттығулар жайлы, қалыптастырылып жатқан аударма құзыреттілігі, QazGPT жасанды интеллектісі туралы кері пікірлерді алу үшін Monkey Survey веб-сайты таңдалып алынды.

Бүгінгі күнге дейін біршама зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде қазақ тілімен жұмыс жасауда жас ғалымдар, көбінесе, QazGPT платформасын қолданғанды жөн көреді. Себебі QazGPT веб-сайты дүниежүзі бойынша ең кең таралған әрі тез дамыған ChatGPT платформалары сияқты бірдей жұмыс жасайды. QazGPT өнімі ең алғаш рет 2023 жылдан бастап Қазақстан елінде ChatGPT платформасының қазақи аналогы ретінде жаңа жасанды интеллект ретінде жұмыс жасады. Ол жасанды интеллектінің авторы Алдис компаниясының қызметкері Олжас Сүлейменов 2023 жылы қазақ халқы үшін арнайы дайындайды. Жаңа платформа болғандықтан, бұл жасанды интеллект аясында жаңа зерттеулер әлі жасалмағандықтан, ұсынылып отырған зерттеу жұмысы көптеген жаңалықтарды ұсынады.

Осы зерттеудің материалдары машиналық аударма жүйелеріне, соның ішінде нейрондық желілерге негізделген жүйелерді пайдалануға байланысты көптеген мәселелерді қарастыратын ғылыми еңбектерге бағытталған (Сдобников, 2025). Талдау әдісінің көмегімен аудармашылардың кәсіби ойлауына жасанды интеллект жүйелерінің әсерінің негізгі көріністері анықталады.

Нәтижелер мен талқылау

Жалпы эксперимент 3 кезеңнен құралады. Бірінші кезең – диагностикалық кезең. Бұл кезеңде екі топтың да білім деңгейін анықтау болды. Демек, бұл кезеңде әрбір қатысушының өзіндік білім деңгейі анықталды (1-кесте).

1-кесте

Бастапқы кезеңде бақылау және эксперименттік топ студенттерінің көрсеткіштерін анықтау

	Критерийлер	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)
1	Жанрлық-стилистикалық қателер	30	31
2	Редакциялаудағы сөздердің қолданылу тәртібі мен реті (сөз қайталау, плеоназм, тавтология)	28	27
3	Көркем мәтіннің эстетикалық ақпараттылығын мәнерлеу құралдарының сақталуы (теңеулер, эпитеттер, метафоралар, ирония, диалектизмдер, неологизмдер, сөздің көпмағыналығы және т.б.)	40	39
4	Көркем аудармадағы трансформациялық типологиясының аударылуы (Лексика-грамматикалық трансформация, синтаксистік трансформация, семантикалық трансформация)	35	35

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Бақылау тобы мен эксперименттік топ қатысушыларының диагностикалық кезеңде берген ЖИ аудармалары жайында ой-пікірлерін келесі суреттен көруге болады (1-сурет).

1-сурет

Бақылау тобы мен эксперименттік топ қатысушыларының диагностикалық кезеңде берген ЖИ аудармалары жайында ой-пікірлері



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Жоғарыдағы кестеден бақылау тобы мен эксперименттік топ қатысушыларының ой-пікірлері ұқсас екендігін байқауға болады. Екі топтың жартысынан көбі ЖИ аудармаларының сапалығын растап отыр. Сондай-ақ, екі тапта да шамамен 68-69 пайыз қатысушы ЖИ аудармаларынан ешқандай қате көрмейтіндігін және аудармаға 100 пайыз сеніп тұрғандығын көруге болады. Демек, екі топ та ЖИ өнімін ешқалай өңдемей, сол аудармаларға тікелей сеніп, өз жұмыстарында ЖИ генерацияланған материалдарды өзгеріссіз қолдана беретіндігін сипаттауға болады.

Келесі 2-кезең – оқыту кезеңі. Бұл оқыту кезеңінде эксперименттік топ үшін арнайы тапсырмалардың жұмыс жүйесі құрастырылды. Онда эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері көрсетіліп, ғылыми зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы аталып көрсетілді. Содан кейін аударманы жанрлық-стилистикалық, көркем құралдарды қолдану, аударма трансформациясы мен ЖИ аудармасын өңдеу сияқты зерттеулерді орындау қажет болады. Бұл жағдайда түпнұсқада ұсынылған мәтіндерді қазақ тіліне тәржімалау кезінде қандай өзгерістерге ұшырайды; сөз таптары қалай өзгереді; сөйлем мүшелері өзгергендіктен, ол аударма сапасына қаншалықты ықпалын тигізді; қатысушылар ұсынылған мәтіндердегі аударма түрлерін айқындайды; қандай аударма түрлері қолданылды, аударма түрі таңдалу арқылы мәтіндегі сөздер аудармада қандай өзгерістерге түсті, аударма түрін таңдау арқылы мәтіннің мәні түпнұсқадан ауытқыды ма және т.б. осыған ұқсас сұрақтарған жұмыс жүйесінде толық сипатталды. Сондай-ақ, AI генерацияланған материалдары, яғни ЖИ аудармалары қаншалықты дұрыс не бұрыс ауаратынын зерттеу, ЖИ өнімін түпнұсқа мәтінімен сәйкестендіру үшін мәтінді қалай өңдеу қажет? Егер қажет болса, ЖИ-мен тәржімалау қаншалықты тиімді немесе тиімсіз екендігі кері пікірлер арқылы зерттелінді.

Ал бақылау тобына бұрыннан дайындалған теориялық материалдар тапсырылды. Ол материалдарда ЖИ өнімдерімен қалай жұмыс жасау туралы ешқандай мәліметтер қамтылмады. Бақылау тобы жасанды интеллектіге қатысты қосымша ақпаратты алу үшін өз бетінше іздену қажет еді.

Эксперименттің 3-кезеңінде екі топ қатысушыларына берілген ЖИ генерацияланған материалдарының сыни талданған нәтижелерін кейбір көркем мәтіндерден үзінді ретінде көруге болады (2-кесте).

Кестеде көрсетілгендей, бақылау тобы қатысушылары кейбір қателерді тапқанымен, ол қателердің рас өтірігін дәлелдеп көрсете алмады. Тек арасында бірнеше қатысушы ғана ең маңызды қателерді айқындап, сипаттап көрсетті. Ал эксперименттік топ қатысушыларының нәтижелері зерттеудің мақсатына тура сәйкес келді. Диагностикалық кезеңде байқалмаған қателерді қорытынды кезеңде айқындай бастады; көптеген қателерді анықтады; сол қателерді дәлелдей алды; ЖИ өніміне сын түрғыдан талдауды үйренді; тек өз біліміне сену қажет екендігін түсінді; студенттің бойында аударма құзыреттілігі неғұрлым жоғары деңгейде қалыптасса, аударма сапасы да соғұрлым жоғары болатындығын түсінді; ЖИ материалы тек жаңа технологияның өнімі және ол аударма сапасына еш қатысы жоқ екендіктерін түсінді және т.б. нәтижелерге қол жеткізілді.

2-кесте

Эксперимент кезінде екі топ қатысушыларына берілген ЖИ генерацияланған материалдары

<table>
<tr><td rowspan="8">Қатысушылар</td><td colspan="3">Ағылшын тіліндегі нұсқалары мен QazGPT өнімдері</td></tr>
<tr><td>1</td><td colspan="2">They always need to have things explained – > Олар бәрін қайта-қайта түсіндіріп отырғанды қажет етеді.</td></tr>
<tr><td>2</td><td colspan="2">What! You dropped down from the sky? – > Қалай сонда? Сен аспаннан келген жансың ба??!</td></tr>
<tr><td>3</td><td colspan="2">This one is too old. I want a sheep that will live a long time. – > Мынауың қартайып қалған екен. Маған ұзақ ғұмыр кешетін бір қозы керек.</td></tr>
<tr><td>4</td><td colspan="2">«This is only his box. The sheep you asked for is inside.» – > Бұл – оның тек қана қорабы. Ал сен сұраған қойдың өзі – осының ішінде.</td></tr>
<tr><td>5</td><td colspan="2">He bent his head over the drawing. – > Ол суретке үңіліп, басын баяу ғана еңкейте түсті.</td></tr>
<tr><td>6</td><td colspan="2">Oh, little prince! Bit by bit I came to understand the secrets of your sad little life – > О, кішкентай ханзада! Мен бірте-бірте сенің мұңлы бала жүрегіңнің жасырған сырларын түсіне бастадым.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қатысушылардың ой-пікірлері</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Бақылау тобы</td><td colspan="2">ЖИ аудармасы өте сапалы аударылған. Мен қате көріп түрған жоқпын</td><td>1 – ЖИ өте орынды аударған
2 – ЖИ өнімінде ой түпнұсқадан өзгерген жоқ. Бәрі дұрыс
3
4</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЖИ аудармасында 1-2 қате бар</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЖИ аудармасында 3-5 не одан до көп қате бар</td><td>0</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЖИ өнімінде қате жоқ. Мәтін еркін аудармамен аударылған. Автордың ойы сақталған</td><td>5 – «баяу» сөзі қосылған. Бірақ автордың ойы өзгермеді.
6 – ЖИ «бала жүрегі» деген тіркесті қосқанымен, автордың ойы өзгерген жоқ</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЖИ аудармасы түпнұсқадан мүлдем ауытқып кетті</td><td>0</td></tr>
</table>

Кестенің жалғасы

Эксперименттік топ	ЖИ аудармасы өте сапалы аударылған. Мен қате көріп түрған жоқпын	0
	ЖИ аудармасында 1-2 қате бар	1 – «always» – «әрқашан» деген мағынаны білдіреді. Ал аудармада «қайта-қайта» деп аударылды «things» – «бәрін» деп аударылды. Мен былай аударар едім. Мәселен, «Оларға үнемі түсіндіріп отыру керек» деп. 2 «What!» – «қалай сонда!» деп аударылған дұрыс емес сияқты. «келген жоқсың ба» – деген аударма мүлдем қазақ тіліне сай қолданылмады. «Сен аспаннан түстің ба?» деген жақсы сияқты. 3 «қартайып қалған екен» деген бір түрлі естіледі екен. Қазақтар қойға «қартайып қалды» демейтін шығар. Қазақ тілінде «ұзақ ғұмыр кешетін» деп әдеби тілде нашар естіледі. 6 «sad little life» деген қазақ тіліне «мұңлы бала жүрегі» деп берілді. Бірақ ол «бала жүрегі» болмауы да мүмкін ғой. «Өкінішке толы аз ғана өмір» болмай ма?
	ЖИ аудармасында 3-5 не одан да көп қате бар	4 «тек қана» деген тавтология сияқты. Екі сөз де бір мағына береді. «Бұл – тек оның қорабы» деген дұрыс шығар. «sheep» бір жерде «қой», ал бір жерде «қозы» деп берілген. «Осының ішінде» деп сөйлеп аяқталды. Қазақ тілінде сөйлем етістікпен аяқталу керек. Сөйлемнің құрамы мүлдем дұрыс емес. 5 «баяу» деп ЖИ жаңа сөз қосты. «үңіліп» деп автордың ойын еркін аударды. Түпнұсқада «үңіліп» деген сөз жоқ, «ғана» деген шылауды ЖИ өзі қосып отыр.
	ЖИ өнімінде қате жоқ. Мәтін еркін аудармамен аударылған. Автордың ойы сақталған	0
	ЖИ аудармасы түпнұсқадан мүлдем ауытқып кетті	0

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Эксперимент кезінде әрбір қатысушы тапқан қатеге 2 баллдан берілді. Әрбір қатысушы жинаған жалпы баллдар қосылып, ортақ еселігі анықталады. Сондай-ақ, ғылыми зерттеу эксперименттік жұмысы кезінде қатысушылардың білімін зерттеу мақсатында сандық деректер жинақталды. Осы сандық деректер келесі математикалық формула арқылы жалпы екі топтың білім деңгейлерін анықтауда қолданылды.

$$Ut = \sum n1 / S$$

Ut = коэффициент саны
∑n1 – жалпы балл
S – қатысушылар саны

Жоғарыда берілген формула арқылы екі топ қатысушыларының жалпы білім көрсеткіштерінің деңгейін есептеуге болады.

Эксперименттік топ көрсеткіштері:

Ut (ЭТ) = ∑n1 / S

Бақылау тобының көрсеткіштері:

Ut (БТ) = ∑n1 / S

Ал өзгеріс деп оқытудан кейінгі және бастапқы кезең көрсеткіштерінің айырмашылығы болып табылады. Барлық көрсеткіштер пайызбен өлшенеді (3-кесте).

Жоғарыдағы кестеде бақылау тобының нәтижелері ұсынылса, ал төмендегі кестеде эксперименттік топтың нәтижелері бейнеленеді (4-кесте).

3-кесте
Оқыту кезеңінде бақылау тобының көрсеткен нәтижелерін анықтау

	Критерийлер	Бастапқы кезең (%)	Оқытудан кейін (%)	Өзгеріс (%)
1	Жанрлық-стилистикалық қателер	30	31	+1
2	Редакциялаудағы сөздердің қолданылу тәртібі мен реті (сөз қайталау, плеоназм, тавтология)	28	32	+4
3	Көркем мәтіннің эстетикалық ақпараттылығын мәнерлеу құралдарының сақталуы (теңеулер, эпитеттер, метафоралар, ирония, диалектизмдер, неологизмдер, сөздің көпмағыналығы және т.б.)	40	43	+3
4	Көркем аудармадағы трансформациялық типологиясының аударылуы (Лексика-грамматикалық трансформация, синтаксистік трансформация, семантикалық трансформация)	35	37	+2

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

4-кесте
Оқыту кезеңінде эксперименттік топ көрсеткен нәтижелерді анықтау

	Критерийлер	Бастапқы кезең (%)	Оқытудан кейін (%)	Өзгеріс (%)
1	Жанрлық-стилистикалық қателер	30	85	+55
2	Редакциялаудағы сөздердің қолданылу тәртібі мен реті (сөз қайталау, плеоназм, тавтология)	28	88	+60
3	Көркем мәтіннің эстетикалық ақпараттылығын мәнерлеу құралдарының сақталуы (теңеулер, эпитеттер, метафоралар, ирония, диалектизмдер, неологизмдер, сөздің көпмағыналығы және т.б.)	40	91	+51
4	Көркем аудармадағы трансформациялық типологиясының аударылуы (Лексика-грамматикалық трансформация, синтаксистік трансформация, семантикалық трансформация)	35	90	+55

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Оқыту кезеңінен кейін эксперименттік топ жанрлық-стилистикалық қателерді анықтай алды; метафора мен аллегорияны орынды аудара алды; Рецкер Я.И. бойынша лексикалық трансформация ретінде сөз мағыналарын нақтылау мен генерализациялау, антонимдік аудармамен компенсацияларды дұрыс аударып жеткізді; Швейцер А.Д. бойынша семантикалық трансформация ретінде семантикалық компоненттерді қосып алмастыру, кеңейтіп жылжыту және т.б. құралдарды аудармаларда тауып, түпнұсқамен дұрыстығын салыстыра алды. Теңеу, эпитет, ирония, метафора және т.б. көркем әдеби мәтіннің мәнерлеу құралдарын аудармада дұрыс анықтап, басқа тілде аудармасын дәл жеткізе алды және т.б. нәтижелерге қол жеткізілді (Тараков және т.б., 2013).

Ал үшінші кезең – бақылау (қорытынды) кезеңі. Бұл кезеңде студенттерге бұрыннан берілген тапсырмаға ұқсас жаңа тапсырма берілді. Жаңа тапсырмаға алдын ала ұсынылған синтетикалық AI аударма контенті берілді. Студенттер аударманың дұрыс не бұрыстығына сыни көзқараспен қарап талдау қажет еді. QazGPT ұсынған аударманы сыни бағалағаннан кейін, шыққан нәтижелерді алғашқы диагностикалық кезеңдегі деректермен салыстырып, қорытынды кезеңде эксперименттік топ студенттерінің көрсеткіші әлдеқайда жақсарғаны анықталды (5-кесте).

5-кесте

Қорытынды кезеңіндегі бақылау тобы мен эксперименттік топ қатысушыларының айырмашылығы сипатталды

	Критерийлер	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)	Айырмашылық (%)
1	Жанрлық-стилистикалық қателер	58	86	+28
2	Редакциялаудағы сөздердің қолданылу тәртібі мен реті (сөз қайталау, плеоназм, тавтология)	70	90	+20
3	Көркем мәтіннің эстетикалық ақпараттылығын мәнерлеу құралдарының сақталуы (теңеулер, эпитеттер, метафоралар, ирония, диалектизмдер, неологизмдер, сөздің көпмағыналығы және т.б.)	64	92	+28
4	Көркем аудармадағы трансформациялық типологиясының аударылуы (Лексика-грамматикалық трансформация, синтаксистік трансформация, семантикалық трансформация)	59	95	+36

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Жалпы эксперимент кезінде жинақталған деректерді талдау кезінде сандық деректер жиналып, математикалық формула арқылы екі топтағы нәтижелер алынды. Бақылау тобының көрсеткіштері тек +58 бен +70 аралықтарында ғана болса, эксперименттік топ көрсеткіштері +86 мен +95 пайыз айырмашылыққа артық болғандығын көрсетті. Демек, оқыту кезеңінде эксперименттік топ алған білімі жасанды интеллект арқылы көркем аудармаға сыни қарау, сыни көзқараспен аудармада кеткен қателерді тану, стилистикалық қате, редакциялау тәртібі, көркем мәтіннің эстетикалық ақпараттылығын мәнерлеу құралдары мен көркем аудармадағы трансформациялық типологиясының аударуындағы кемшіліктерді анықтауда өте маңызды екендігі анықталды.

Дегенмен, экспериментті жүргізу кезінде кейбір қиындықтар орын алды. Эксперимент үшін арнайы Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» философиялық ертегісі таңдалып алынғандықтан, бұл философиялық ертегі-повесть эксперимент қатысушыларының жанрлық-стилистикада жасанды интеллект өніміне сын көзқараспен қалай қарайтынын анықтау үшін ең күшті еңбек болып саналды. Себебі бұл шығарма өте қарапайым және түсінікті авторлық стильде жазылған. Жасанды интеллекті туындысын сын түрғыдан талдауды үйрену үшін ең жақсы бастама болып табылады. Бұл шығарма ертегі формасында жазылса да, эксперимент соңында алынған кері пікірді талдау арқылы барлық қатысушылардың жанрлық-стилистикалық талдау жасауда қатты қиналғандары анықталды.

Стильдік айырмашылықтарды талдау да қатысушылар үшін оңай болған жоқ. Дегенмен бақылау тобы ЖИ туындыларын қаншама рет қайталап оқыса да, көптеген олқылықтарды байқай алмады. Олар ЖИ аудармасы Экзюперидің стилі сақталған, стилистикалық ерекшеліктері керемет аударылған, автордың стилі шебер берілген, ЖИ материалы кәсіби аудармашы аударатын материалдан кем емес, сапасы өте жоғары деп бағалады. Сондай-ақ бақылау тобы жасанды интеллект өнімінің кемшіліктерін дәл саралай алмады. Олардың ойынша, QazGPT ұсынған аудармадағы әрбір сөз орынды аударылған, орын тәртіптері қазақ тілінің стилистикасына сәйкес дәл әрі орынды қойылған. Көркем бейнелі құралдар да орынды таңдалып қойылды деп есептеді. Бұл бақылау тобы қатысушыларында аударма құзыреттілігі әлі төмен деңгейде екендігі және оны белгілі бір тапсырмалар жүйесімен қалыптастыру қажет екендігі айқындалды.

Үш кезеңді толық саралау арқылы эксперименттік топ қатысушыларының біршама жетістіктері байқалды. Олар көрсеткен нәтижелер бақылау тобынан әлдеқайда жақсы болғандығы, қатысушылардың сын түрғыдан талдай алуы, қандай да бір аударма материалдарына сын көзбен қарауды үйренуі – зерттеудің мақсатына қол жеткізе алғандығының бір көрінісі болды.

Кейбір болашақ аудармашылар ЖИ аудармаларына шамадан тыс сенім артқандықтан, олардың тілдер арасында жылдам ауысуы және мәдениетаралық контексті түсіну қабілеттерінің деградациясы пайда болады. Мәселен, әдебиеттерді аудару кезінде метафораларды тану деңгейі әлдеқайда төмендейді (Цзу & Лю, 2025). Сон-

дай-ақ, кейбір студенттер жасанды интеллект технологияларын қолдану барысында қандай да бір этикалық принциптерді басшылыққа алмай, аударылатын тілдің мәдениетаралық ерекшеліктері мен кейбір мәдениетаралық терминологияларын дұрыс түсінбей, түпнұсқадан ауытқып, дұрыс аудармауы мүмкін. Мысалы, локализация процесінде мәтіннің дұрыс аударылмауы оның аударылатын тілдің мәдени нормаларына сәйкес келмеуіне ықпал етеді (Лян & Дунчжэн, 2024). Қазақ тілінің күрделі грамматикаларын, семантикалық және синтаксистік құрылымдарын, қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестерін, фразеологизмдерін, қысқарма сөздері мен көркем әдеби сөздерін, сөз таптарын, мәтіндік жанрларын, стильдерін, әдеби құрылымдарын және т.б. ағылшын тіліне аударуға қиындықтар тудыратын мәтіндер, сөйлемдер мен сөз тіркестерін цифрлық технологиямен интеграциялау өте қиын және ұзақ жылдар бойы тек дами беретін үлкен процесс болып табылады (Ахмер, 2024).

Демек жасанды интеллект арқылы жүзеге асатын аударма түрлері қазіргі таңда цифрлық аударма ретінде сипатталады. Бұл ұғым аудармашының когнитивтік және сыни ойлауымен жасанды интеллект құралдарының өзара байланысы негізінде жүзеге асатын жаңа деңгейдегі аударма процесін білдіреді. Сонымен қатар, цифрлық жүйелер, мысалы, QazGPT – бірнеше секунд ішінде кез келген мәтінді, соның ішінде прозалық туындыларды да аудара алады. Нейрондық желілерді қолдануға негізделген машиналық аударманың кемшіліктері туралы айтпас бұрын, оның артықшылықтарына жүгінейік. Зерттеушілер де, кәсіби аудармашылар да, ең алдымен, аударманың жоғары жылдамдығын атап өтеді. (Асонова, 2024; Добрынина, 2021; Камшилова, 2023)

Жасанды интеллектіні университеттік білім беру жүйесіне енгізу оқытуды жекелендіруге және әкімшілік үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндіктер береді. Бұл үдерістің табысты жүзеге асуына жасанды интеллект негізіндегі бейімделген оқыту жүйелері оң әсерін тигізеді. Себебі олар болашақ аудармашылар мен педагогтер үшін тиімді орта қалыптастырады. Жасанды интеллектіге негізделген педагогикалық шешімдер білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде көрініс табуда. Бұл жүйелер оқытушының аударма құзыреттілігін қалыптастыруына, оқу үдерісінің заманның жаңа талаптарына сай жетілуіне және оқыту нәтижелері сапаларының артуына мүмкіндіктер тудырады. Жепсекбаева У.Б. құзыреттілікке негізделген білім беруді зерттесе, Ахметова Г.К., Таубаева Ш.Т., Паршина Г.Н., Мынбаева А.К. және т.б. ғалымдар жоғары оқу орындарында оқытатын құзыреттілікке негізделген тәсілді зерттейді (Касен және т.б., 2013). Бакалавр және магистратурадағы «Аударма ісі» мамандықтарында цифрлық сауаттылық курстарының санын көбейту арқылы да, «Цифрлық дәуірдегі аударма технологиясы», «Аударма ісі жобаларын басқару», «Аудармадағы деректердің қауіпсіздігі» және т.б. курстарды да көбейтіп, студенттерді цифрлық сауаттылыққа жүйелі түрде оқыту арқылы да аударма құзыреттілігін қалыптастыру қажет екендігін көрсетеді (Цзу & Лю, 2025). Сондай-ақ аударма құзыреттілігін тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамасы арқылы қалыптастыру студенттің білім беру жүйесінің, оның даму қызығушылықтарының, сананың әмбебап дамуына мүмкіндік береді (Оразаева, 2016).

Зерттеудің педагогикалық контексін нақтылау үшін Попенджи мен Керр (2017) зерттеушілерінің еңбектеріне сүйендік. Олар жасанды интеллектінің жоғары білім беру саласындағы оқыту және оқуға әсерін талдайды. Авторлар AI технологияларын қолданудың оқу үдерісіне қалай ықпал ететінін зерттеп, студенттердің білім алу тәжірибесі мен университеттік басқару модельдерінде қандай өзгерістер болатынын сипаттайды.

Бұған қоса, материалдар мен әдістер бөлімінде жасанды интеллект көмегімен алынған аударма нәтижелерінің жоғары оқу орындарында қолданылу мүмкіндіктері бағаланды. Жаңа технологияларды оқытудың өзектілігі жоғары оқу орнындағы инновациялық шешімдерді дамыту қажеттілігімен тікелей байланысты. Бұл тәсіл QazGPT платформаларын тек аударма құралы ретінде емес, сонымен қатар оқыту процесін жекелендіру, болашақ аудармашылардың шығармашылық қабілетін дамыту және аударма ісі пәнін жаңа технологияларға сай тереңірек түсінуге мүмкіндіктер береді (Попенджи & Керр, 2017).

Қорытынды

Университет аясында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі керемет нәтижелерді көрсетті. Ғылыми эксперименттің мақсаты жоғары оқу орнында оқитын болашақ аудармашылардың жасанды интеллект арқылы аудармашы құзыреттілігін аударма сыни көзқараспен

қарап, сыни талдауды жасап үйрету арқылы қалыптастыру болып табылатын. Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес эксперимент тобы қатысушыларына жасанды интеллекті арқылы аударма құзыреттілігін қалыптастыратын жаңартылған әрі автордың өзі құрастырған әдістемелік жұмыс жүйесі ұсынылса, бақылау тобына тек бұрыннан бар оқыту әдістемесі ұсынылды. 1 семестрге немесе 4 айға созылған эксперименттік жұмыс нәтижесінде эксперименттік топтың көрсеткен нәтижелері бақылау тобының нәтижелерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екендігі анықталды.

Эксперименттің бастапқы кезеңінде эксперимент тобы мен бақылау тобына эксперимент үшін арнайы құрастырылған бірдей тапсырмалар берілген болатын. Сол тапсырмалар арқылы қатысушылардың аударма құзыреттілігінің деңгейі анықталды. Екі топ та бірдей көрсеткіштерді көрсетті. Осы нәтижелерді анықтай отырып, QazGPT жасанды интеллектісі арқылы қатысушылардың аударма құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау қажет болған. Екі топ та жасанды интеллект өнімінің дұрыс аударма ұсынғандығына сеніммен қарады. Көзге байқалатындай ешқандай қате анықтай алмады. AI туындысына сыни көзбен қарауды әлі білмейтін еді. AI өнімдерінің дұрыс екендігіне жүз пайыз сеніп, көркем аударманы керемет аударғандығына қатты сенгені эксперименттің дұрыс бағытта келе жатқандығын көрсетті. Екінші оқыту кезінде эксперименттік топ белгілі бір біліммен сусынғандықтан, екінші кезеңнің нәтижесінде үлкен нәтижелерге қол жеткізе алдық. Дегенмен бақылау тобында еш өзгерістер байқалмады. Эксперименттік жұмыстың ең маңызды зерттеу мақсатына келер болсақ, соңғы қорытынды кезеңде эксперименттік топ көрсеткен нәтижелер күткен нәтижелерді толық растай алды. Бұл кезеңде де екі топқа бірдей AI өнімі ұсынылды. Бақылау топ жасанды интеллект туындысының аудармасына әрі қарай сене берсе, эксперименттік топ қатысушылары көптеген олқылықтарды таба білді. Кез келген аудармаға сыни талдау жасай білу, сыни көзқараспен қарау, сыни бағалау – аударма сапасын бірден жаңа деңгейге көтеріп, оқырмандардың түпнұсқадан алатын әсерін көркем аудармадан да ала алатын жоғары дәрежедегі әсермен салыстыруға болады. Демек, болашақ аудармашылардың қандай да бір аудармаға сыни талдау жасай алуы – аударма сапасын әлдеқайда жаңартады. Осы негізде, бұл зерттеуде қолданылған AI жүйелерінің тек тілдік емес, сонымен қатар оқытудың тиімділігін арттыруға қатысты педагогикалық ықпалын тигізеді.

Қаржыландыру

Авторлар осы зерттеуге сыртқы қаржыландыру жоқ екенін мәлімдейді.

Алғыс білдіру

Авторлар осы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге жағдай жасаған Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне және зерттеуге қатысқан студенттерге алғыс білдіреді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар осы ғылыми мақалаға байланысты мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Қолдас Маржан, Кунакова Клара және Мұсалы Ләйла зерттеуді әзірледі және оларға басшылық етті; Ахметова Мәдениет және Кунакова Клара эксперименттік зерттеудің құрылымын ұсынды; Қолдас Маржан эксперимент жүргізді; Қолдас Маржан әдістеме әзірледі; Қолдас Маржан және Кунакова Клара деректерді талдады; Қолдас Маржан мақала жазды; Кунакова Клара, Ахметова Мәдениет және Мұсалы Ләйла қолжазбаға түзетулер енгізді.

Әдебиеттер

Lin, T. B., & Chen, L. (2020). Artificial intelligence in education: A review. IEEE Access, 8, 75264–75278. https://doi.org/10.1109/ACCESS.2020.2988510

Popenci, S., & Kerr, S. (2017). Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education. Research and Practice in Technology Enhanced Learning, 12(22). https://doi.org/10.1186/s41039-017-0062-8

Sposato, M. (2025). Artificial intelligence in educational leadership: A comprehensive taxonomy and future directions. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 22(20). https://doi.org/10.1186/s41239-025-00517-1

Асонова, О. В. (2024). Нейросетевой и автоматизированный перевод: Внедрение искусственного интеллекта и задачи постредактирования. In Лингвистическая компетентность в современной образовательной среде (pp. 4–8). Санкт-Петербург: Михайловская военная артиллерийская академия.

Ахмер, Б. (2024). ChatGPT және көркем мәтін: Семиотикалық жүйенің жаңа деңгейі. Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/chatgpt-zane-korkem-matin-semiotikalyq-zuienin-zana-dengeii__25414

Вишняускене, Д. (2009). Концепция формирования переводческой компетенции при обучении переводу технической литературы. Studies about Languages, 94–103. https://doi.org/10.5755/j01.sal.1.15.43353

Дайырбеков, Р. (2022). Жасанды интеллектінің сөз бостандығына әсері. https://drfl.kz/kk/zhasandy-intellekttin-soz-bostandygyna-aseri/

Джусубалиева, Д. М. (2020). Цифровая компетентность – необходимое условие в подготовке будущих учителей в условиях дистанционного обучения. Алматы.

Добрынина, О. Л. (2021). Академическое письмо для публикационных целей и машинный перевод: Возможен ли симбиоз? Высшее образование в России, 30(12), 87–101. https://doi.org/10.31992/0869-3617-2021-30-12-87-101

Камшилова, О. Н. (2023). Машинный перевод в эпоху цифровизации: Новые практики, процедуры и ресурсы. Terra Linguistica, 14(1), 41–56.

Карабан, В., & Карабан, А. (2024). Иван Франко өлеңдерінің GPT-3.5 жүйесі мен адам аудармаларының салыстырмалы талдауы. Forum for Linguistic Studies, 6(1). https://doi.org/10.59400/fls.v6i1.1994

Касен, Г. А., Мынбаева, А. К., & Садвакасова, З. М. (2013). Оқытудағы тұлғаға бағытталған, жобалық және проблемаға негізделген тәсілдер. Алматы: Қазақ университеті. https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/17462/106/1/1779/2012//

Қарымсақова, Ә. К. (2025). Об утверждении профессионального стандарта «Переводчик». Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HN000035

Құдайбергенова, К. (2008). Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий. In Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (pp. 30–32). Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Лян, Ю., & Дунчжэн, У. (2024). Анализ построения идентичности переводчика в цифровых гуманитарных науках: С точки зрения инструментов перевода в преподавании. Сравнительные исследования текстовых инноваций, 1, 151–154.

Ниязова, Г. Ж., & Беркимбаев, К. М. (2022). Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы, 64(1), 30–43. https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.002

Оразаева, Г. А., & Артықова, Е. У. (2016). Ағылшын тілін оқытудағы жеке тұлғалық мәселелер. Педагогикалық ғылымдар хабаршысы. Филология сериясы, 4(164), 168–172. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1994/1917

Петрова, О. В. (2023). О явных и скрытых ошибках машинного перевода. In Язык. Культура. Коммуникация: изучение и обучение (pp. 49–54). Орел: Орловский государственный университет им. И. С. Тургенева.

Сауданбекова, Ш. Т. (2015). Аударма теориясы және практикасы. Алматы: Қазақ университеті.

Сдобников, В. В. (2025). Искусственный интеллект в переводе: Условия эффективного использования. Научный диалог, 14(3), 62–80. https://doi.org/10.24224/2227-1295-2025-14-3-62-80

Тарақов, Ә., Жақсылықов, А., Мұсалы, Л., & Адаева, Е. (2013). Аударма теориясы. Алматы: Қазақ университеті.

Цзу, С., & Лю, Ц. (2025). Трансформация переводческих компетенций в эпоху технологий искусственного интеллекта. Вестник Московского университета. Серия 22. Теория перевода, 1, 45–62. https://doi.org/10.55959/MSU2074-6636-22-2025-18-1-45-62

Шарипов, Б. Ж., & Джусубалиева, Д. М. (2020). Smart-обучение как новый подход в системе высшего образования. КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки», 2(66). https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/257/436

Эльхалис, Р., Уахаб, А., & Исхак, М. (2023). GPT модельдерімен араб поэзиясын аудару: Адам мен ЖИ салыстыруы. International Journal of Language and Literature, 4, 87–99.

References

Akhmer, B. (2024). ChatGPT zhane korkem matin: Semiotikalyq zhuienin zhana dengeii [ChatGPT and literary text: A new level of the semiotic system]. Adebiet Portaly. https://adebiportal.kz/kz/news/view/chatgpt-zane-korkem-matin-semiotikalyq-zuienin-zana-dengeii__25414 (in Kazakh)

Asonova, O. V. (2024). Neyrosetevoy i avtomatizirovannyy perevod: Vnedrenie iskusstvennogo intellekta i zadachi postredaktirovaniya [Neural network and automated translation: Implementation of artificial intelligence and post-editing tasks]. In Lingvisticheskaya kompetentnost v sovremennoy obrazovatelnoy srede (pp. 4–8). Saint Petersburg: Mikhailovskaya Voyennaya Artilleriyskaya Akademiya. (in Russian)

Daiyrbekov, R. (2022). Zhasandy intellektinin soz bostandygyna aseri [The impact of artificial intelligence on freedom of speech]. https://drfl.kz/kk/zhasandy-intellekttin-soz-bostandygyna-aseri/ (in Kazakh)

Dobrynina, O. L. (2021). Akademicheskoe pismo dlya publikatsionnykh tseley i mashinnyy perevod: Vozmozhen li simbioz? [Academic writing for publication purposes and machine translation: Is symbiosis possible?]. Vysshee obrazovanie v Rossii, 30(12), 87–101. https://doi.org/10.31992/0869-3617-2021-30-12-87-101 (in Russian)

Dzhusubalieva, D. M. (2020). Tsifrovaya kompetentnost – neobkhodimoe uslovie v podgotovke budushchikh uchiteley v usloviyakh distantsionnogo obucheniya [Digital competence as a necessary condition in the preparation of future teachers in distance learning conditions]. Almaty. (in Russian)

Elkhalis, R., Uakhab, A., & Iskhak, M. (2023). GPT modelderimen arab poeziyasyn audaru: Adam men ZI salystyruy [Translating Arabic poetry with GPT models: A comparison between human and AI]. International Journal of Language and Literature, 4, 87–99. (in Kazakh)

Kamshilova, O. N. (2023). Mashinnyy perevod v epokhu tsifrovizatsii: Novye praktiki, protsedury i resursy [Machine translation in the era of digitalization: New practices, procedures, and resources]. Terra Linguistica, 14(1), 41–56. (in Russian)

Karaban, V., & Karaban, A. (2024). Ivan Franko olenlerinin GPT-3.5 zhuiesi men adam audarmalarynyn salystyrmaly taldauy [A comparative analysis of GPT-3.5 and human translations of Ivan Franko's poems]. Forum for Linguistic Studies, 6(1). https://doi.org/10.59400/fls.v6i1.1994 (in Kazakh)

Karymsakova, A. K. (2025). Ob utverzhdenii professionalnogo standarta "Perevodchik" [On the approval of the professional standard "Translator"]. Adilet: Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HN000035 (in Russian)

Kasen, G. A., Mynbaeva, A. K., & Sadvakasova, Z. M. (2013). Okytudagy tulgaga bagyttalgan, zhobalyk zhane problema negizdelgen tasilder [Learner-centered, project-based, and problem-based approaches in teaching]. Almaty: Qazaq Universiteti. https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/17462/106/1/1779/2012// (in Kazakh)

Kudaibergenova, K. (2008). Kuzyrlulyq – tulga damuyynyn sapalyq kriterii [Competence as a qualitative criterion for personality development]. In Bilim sapasyn bagalaudyn maseleleri: adisnamalyq negizi zhane praktikalıq natizhesi (pp. 30–32). Almaty: Qazaq Memlekettik Qyzdar Pedagogikalyq Universiteti. (in Kazakh)

Lin, T. B., & Chen, L. (2020). Artificial intelligence in education: A review. IEEE Access, 8, 75264–75278. https://doi.org/10.1109/ACCESS.2020.2988510

Lyan, Yu., & Dunchzhen, U. (2024). Analiz postroeniya identichnosti perevodchika v tsifrovykh gumanitarnykh naukakh: S tochki zreniya instrumentov perevoda v prepodavanii [Analysis of translator identity construction in digital humanities: From the perspective of translation tools in teaching]. Sravnitelnye issledovaniya tekstovykh innovatsiy, 1, 151–154. (in Russian)

Niyazova, G. Zh., & Berkimbaev, K. M. (2022). Mugalimderdin tsifrlyq kuzyrettiligin kalyptastyru [Developing teachers' digital competence]. Abylai Khan atyndagy QazKhQ zhane ATU Khabarshysy. Pedagogikalyq Gylymdar Seriyasy, 64(1), 30–43. https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.002 (in Kazakh)

Orazayeva, G. A., & Artykova, E. U. (2016). Agylshyn tilin okytudagy zheke tulgalyq maseleler [Personal issues in teaching English]. Pedagogikalyq Gylymdar Khabarshysy. Filologiya Seriyasy, 4(164), 168–172. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1994/1917 (in Kazakh)

Petrova, O. V. (2023). O yavnykh i skrytykh oshibkakh mashinnogo perevoda [On explicit and hidden errors of machine translation]. In Yazyk. Kultura. Kommunikatsiya: izuchenie i obuchenie (pp. 49–54). Orel: Orlovskiy Gosudarstvennyy Universitet im. I. S. Turgeneva. (in Russian)

Popenci, S., & Kerr, S. (2017). Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education. Research and Practice in Technology Enhanced Learning, 12(22). https://doi.org/10.1186/s41039-017-0062-8

Saudanbekova, Sh. T. (2015). Audarma teoriyasy zhane praktikasy [Translation theory and practice]. Almaty: Qazaq Universiteti. (in Kazakh)

Sdobnikov, V. V. (2025). Iskusstvennyy intellekt v perevode: Usloviya effektivnogo ispolzovaniya [Artificial intelligence in translation: Conditions for effective use]. Nauchnyy Dialog, 14(3), 62–80. https://doi.org/10.24224/2227-1295-2025-14-3-62-80 (in Russian)

Sharipov, B. Zh., & Dzhusubalieva, D. M. (2020). Smart-obuchenie kak novyy podkhod v sisteme vysshego obrazovaniya [Smart learning as a new approach in higher education]. KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki", 2(66). https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/257/436 (in Russian)

Sposato, M. (2025). Artificial intelligence in educational leadership: A comprehensive taxonomy and future directions. International Journal of Educational Technology in Higher Education, 22(20). https://doi.org/10.1186/s41239-025-00517-1

Tarakov, A., Zhaksylykov, A., Musaly, L., & Adaeva, E. (2013). Audarma teoriyasy [Translation theory]. Almaty: Qazaq Universiteti. (in Kazakh)

Tsz u, S., & Liu, Ts. (2025). Transformatsiya perevodcheskikh kompetentsiy v epokhu tekhnologiy iskusstvennogo intellekta [Transformation of translation competences in the era of artificial intelligence technologies]. Vestnik Moskovskogo Universiteta. Seriya 22. Teoriya Perevoda, 1, 45–62. https://doi.org/10.55959/MSU2074-6636-22-2025-18-1-45-62 (in Russian)

Vishnyauskene, D. (2009). Kontseptsiya formirovaniya perevodcheskoy kompetentsii pri obuchenii perevodu tekhnicheskoy literatury [The concept of developing translation competence in teaching technical translation]. Studies about Languages, 94–103. https://doi.org/10.5755/j01.sal.1.15.43353 (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Қолдас Маржан Бақтыханқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: marzhanka2024@mail.ru).

Кунакова Клара Умирзаковна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: saule.gosteva@mail.ru).

Ахметова Мәдениет Кадесовна – Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: east2419@gmail.com).

Мұсалы Ләйла Жұматайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: lailamussaly@gmail.com).

Information about authors:

Koldas Marzhan Baktykhankyzy (corresponding author) – PhD doctoral student, Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: marzhanka2024@mail.ru).

Kunakova Klara Umirzakovna – doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: saule.gosteva@mail.ru).

Akhmetova Madeniyet Kadessovna – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: east2419@gmail.com).

Mussaly Laila Zhumataikyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Philological Faculty of the Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: lailamussaly@gmail.com).

Сведения об авторах:

Қолдас Маржан Бақтыханқызы (автор для корреспонденции) – PhD-докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Алматы, Казахстан, e-mail: marzhanka2024@mail.ru).

Кунакова Клара Умирзаковна – доктор педагогических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Алматы, Казахстан, e-mail: saule.gosteva@mail.ru).

Ахметова Мәдениет Кадесовна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Алматы, Казахстан, e-mail: east2419@gmail.com).

Мұсалы Ләйла Жұматайқызы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: lailamussaly@gmail.com).

Келіп түсті 27.12.2025
Қабылданды 01.03.2026

IRSTI 14.01.11 https://doi.org/10.26577/JES86120269

X. Si[1], A. Akramova[1], G. Yurong*[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Huanggang Normal University, Huanggang, China
*e-mail: 9979871@qq.com

DEVELOPING STUDENTS' PROJECT-BASED THINKING: A COMPARATIVE STUDY OF TECHNOLOGY-MEDIATED LEARNING AND TRADITIONAL EDUCATION

This study examines the impact of technological platforms (Duolingo, Coursera, Quizlet) on the development of project thinking, cognitive skills, memorization, problem-solving, creativity, and engagement. A survey was conducted among 77 students majoring in "Pedagogy and Psychology" to analyze their understanding of the strengths of digital platforms, compare learning outcomes, and identify barriers to the implementation of digital education. Three hypotheses were tested: (1) Digital tools and teaching methods outperform conventional approaches in memorization efficiency and visual/creative thinking but are inferior in deep problem-solving and long-term knowledge retention; (2) Gamified platforms (e.g., Kahoot) enhance student engagement while both contributing to and helping manage distractions; (3) Digital tools (Coursera, Canva) are superior to conventional methods in structured task performance (e.g., following project templates), whereas conventional methods are more applicable for adaptive decision-making in unpredictable scenarios. The results confirmed that platforms such as Quizlet and Canva improve students' memorization and creativity, while conventional instruction is preferable for complex problem-solving and teamwork; gamified tools correlate with higher motivation but also a greater number of distractions.

Keywords: project-based thinking, educational psychologists, technologies, digital tools, education, cognitive skills.

С. Си[1], Ә. Акрамова[1], Г. Юйжун[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Хуанган педагогикалық университеті, Хуанган, Қытай
*e-mail: 9979871@qq.com

Студенттердің жобалық ойлауын дамыту: технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту мен дәстүрлі білім берудің салыстырмалы зерттеуі

Бұл зерттеуде технологиялық платформалардың (Duolingo, Coursera, Quizlet) жобалық ойлауды дамытуға, когнитивтік дағдыларды дамытуға, есте сақтауға, проблемаларды шешуге, креативтілік пен оқу үдерісіне қатысу деңгейіне әсері қарастырылады. Зерттеу барысында «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 77 студентіне сауалнама жүргізіліп, цифрлық платформаларды қолданудың артықшылықтарын түсіну, нәтижелерді салыстыру және цифрлық білім беруді енгізудегі кедергілерді талдау мақсат етілді. Үш гипотеза тексерілді: (1) цифрлық құралдар мен оқыту әдістері білім алушылардың есте сақтау және визуалды/шығармашылық ойлау тиімділігі жағынан дәстүрлі әдістерден жоғары, алайда күрделі мәселелерді терең шешуде және ұзақ мерзімді жадта білімді сақтауда әлсіздеу; (2) геймификацияланған платформалар (мысалы, Kahoot) студенттердің оқу үдерісіне қатысуын арттырады, бірақ сонымен қатар назарды алаңдататын факторлардың пайда болуына да ықпал етеді; (3) цифрлық құралдар (Coursera, Canva) құрылымдалған тапсырмаларды орындауда (мысалы, жоба шаблондарын қолдану арқылы) дәстүрлі әдістерден тиімдірек, ал дәстүрлі әдістер күтпеген жағдайларда бейімделген шешім қабылдауға қолайлырақ.

Зерттеу нәтижелері Quizlet және Canva сияқты платформалардың білім алушылардың есте сақтау қабілеті мен креативтілігін арттыратынын көрсетті, ал күрделі мәселелерді шешу мен топтық жұмыс үшін дәстүрлі оқыту тиімдірек болып шықты; сонымен қатар, геймификацияланған құралдар жоғары мотивациямен байланысты болғанымен, назарды бөлетін факторлардың көбеюімен де қатар жүреді.

Түйін сөздер: жобалық ойлау, білім психологтары, технология арқылы жүзеге асырылатын оқыту, дәстүрлі білім беру, когнитивтік дағдылар.

© 2026 Al-Farabi Kazakh National University

Сюй Си[1], А.С. Акрамова[1], Гуань Юйжун[2]*
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Хуанганский педагогический университет, Хуанган, Китай
*e-mail: 9979871@qq.com

Развитие проектного мышления студентов: сравнительное исследование опосредованного технологиями обучения и традиционного образования

Быстрая интеграция цифровых обучающих инструментов в образование вызвала споры об их эффективности в содействии когнитивному росту по сравнению с традиционными методами. В этом исследовании рассматривается, как технологические платформы (например, Duolingo, Coursera, Quizlet) и традиционное образование по-разному влияют на развитие когнитивных навыков, уделяя особое внимание запоминанию, решению проблем, креативности и вовлеченности. Проведен опрос 77 студентов ОП «Педагогика и психология» для анализа понимания сильных сторон, использования цифровых платформ, сравнения результатов и анализа барьеров для внедрения цифрового образования. Были проверены три гипотезы: (1) цифровые инструменты и методы обучения превосходят традиционные методы в эффективности запоминании и визуальном/творческом мышлении учащихся, но отстают в глубоком решении проблем и сохранении знаний долговременной памяти; (2) геймифицированные платформы (например, Kahoot!) усиливают вовлеченность учащихся, но при этом противостоят и помогают справиться с отвлекающими факторами; (3) цифровые инструменты (например, Coursera, Canva) будут превосходить традиционные методы в структурированном выполнении задач (например, следуя шаблонам проектов), в то время как традиционные методы останутся превосходными для адаптивного принятия решений в непредсказуемых сценариях. Результаты подтвердили, что такие платформы, как Quizlet и Canva, повышают запоминание и креативность учащихся, тогда как традиционное обучение предпочтительнее для решения сложных проблем и командной работы; геймифицированные инструменты коррелируют с более высокой мотивацией, но и с большим количеством отвлекающих факторов; цифровые инструменты превосходны в обучении техническим навыкам, в то время как традиционные методы по-прежнему превосходят в отношении межличностных и адаптивных компетенций. Результаты свидетельствуют в пользу гибридных моделей, сочетающих адаптивность цифровых инструментов с глубиной традиционных методов, предлагая структурированную интеграцию платформ, таких как Brilliant и Coursera, для применения теории наряду с традиционными методами, основанными на наставничестве. Более того, данное исследование подчеркивает когнитивные компромиссы в цифровом обучении и намечает пути оптимизации образовательного дизайна. Такой подход демонстрирует особые перспективы для развития компетенций проектного мышления, необходимых будущим педагогам-психологам, которые должны умело управлять образовательными интервенциями от замысла до оценки.

Ключевые слова: проектное мышление, педагоги-психологи, обучение, опосредованное технологиями, традиционное образование, когнитивные навыки.

Introduction

The integration of digital tools into educational practice has become pervasive, reshaping conventional teaching and learning dynamics. Nowadays, alongside conventional classroom teaching, numerous technology-enabled learning platforms such as Duolingo, Coursera, and Kahoot! have emerged. These tools offer learners innovative ways of interaction, yet their impact on cognitive development–especially in aspects like memory retention, problem-solving, and creativity–remains a topic of ongoing debate. Supporters, citing Mayer (2020), argue that digital learning enhances the accessibility, personalization, and engagement of education. On the other hand, critics like Selwyn (2022) point out issues such as distractions, superficial understanding, and the erosion of the strengths of conventional teaching methods. Despite the growing popularity of digital learning, there is a lack of research comparing the specific cognitive outcomes of digital and conventional teaching methods, particularly in evaluating which approach is more conducive to long-term skill development.

The major objective of this study is to reduce this gap by elaborately discussing how a technology-supported learning platform differs from the conventional pedagogical model in nurturing key cognitive skills. For memory ability, analytical reasoning, and creative thinking--with attention to learner engagement--an analysis is made of the pros and cons associated with the different learning platforms. Quantitative survey data from 77 learners are used to gauge the platforms' practical effectiveness and name factors yet besetting the promotion of digital learning. In doing so, it is intended to answer three specific questions:

1. Do digital tools or conventional methods lead to better memory, creativity, and problem-solving?

2. Do gamified learning platforms increase student engagement or cause distractions?

3. Do digital or conventional approaches better prepare students for real-world tasks?

This research contributes to the theoretical debate regarding cognitive load theory and multimedia learning principles in terms of modality in digital education by providing empirical evidence that modality might have an effect in the development of cognitive skills. As such, it will add to the growing debates concerning educational psychology that focus specifically on the best conditions for retention of memory, problem-solving, and creativity, given that technology-mediated versus conventional learning outcomes are discussed. In practical terms, it provides initiatives to educators and instructional designers attempting to strike a balance between digital and conventional methods. The results are of special interest to those in policymaking since they relate to specific investments in teacher training and platform development aimed at overcoming the barrier costs and distractions associated with such platforms. In the end, this research feeds the design of hybrid learning models that complement both--digital tools' engagement and adaptability, as well as classroom-based instruction's depth and social interaction--to maximize cognitive development across different learning environments.

We propose that these cognitive skills are integral to the development of project thinking–a competency we argue is central to the practice of educational psychologists. Future professionals will need to undertake the elaboration, execution, and assessment of complex educational interventions; hence, they must possess competences in planning, adaptive problem solving, and teamwork. This study goes beyond comparing learning modes; it sheds light on how to nurture the cognitive basis of project thinking within educational psychology training.

Literature review

The application of digital learning tools in modern education has been extensively explored. However, there is still a lingering debate regarding their actual effectiveness in promoting cognitive development compared to conventional teaching methods. Current research primarily converges on three key aspects: the cognitive theoretical underpinnings of digital learning, empirical analyses of the learning outcomes of various platforms, and comparisons of the effectiveness between digital and conventional educational models.

From a theoretical perspective, the impact of digital learning on cognition is frequently grounded in Mayer (2020) multimedia learning theory. This theory posits that the integration of visual and verbal information can significantly enhance comprehension. Sweller's (2011) cognitive load theory also suggests that well-designed digital tools can optimize mental resources by minimizing extraneous cognitive load. Nevertheless, Moreno & Mayer (2007) cautioned that excessive gamification can lead to distractions, thereby impeding the process of deep learning. Ryan & Deci's (2000) self-determination theory further elucidates that although gamified platforms like Kahoot! can rapidly boost learners' enthusiasm, they often struggle to sustain the intrinsic motivation required to complete complex tasks.

Empirical studies have revealed that different digital learning platforms yield diverse cognitive benefits. According to Settles & Meeder (2016), platforms such as Duolingo and Quizlet effectively enhance memory through spaced repetition. Yet, Vesselinov & Grego (2012) pointed out their limited efficacy in cultivating higher-order thinking skills. Koedinger et al. (2012) argued that Brilliant and Coursera can improve problem-solving abilities via structured challenges. However, Bernacki et al. (2021) proposed that these platforms still require additional support mechanisms to match the effectiveness of conventional instructional guidance. Plass et al. (2015) confirmed the positive impact of tools like Canva and video-based platforms on the development of creativity and visual thinking. In contrast, Wang & Tahir (2020) found that the competitive nature of Kahoot! tends to make learners prioritize speed over accuracy.

When comparing the effectiveness of digital and conventional learning, meta-analyses have yielded varied results. Hattie (2008), Means et al. (2010), and Zimmerman (2002) respectively highlighted the advantages of digital learning in enhancing engagement, supporting self-paced learning, and offering accessibility. Conversely, Garrison et al. (2001) emphasized that conventional teaching excels in facilitating critical discussions, fostering teamwork, and reinforcing long-term memory.

Despite previous research on individual platforms or overall models (Tamim et al., 2011), there is a dearth of studies that analyze the differences in the effectiveness of various tools for specific cognitive skills, such as creativity and problem-solving, particularly in the context of developing the project

thinking essential for educational psychologists. This study aims to fill this gap by clarifying the relationship between platform features and specific cognitive outcomes, quantifying the balance between engagement and learning depth (Hwang et al., 2020), and proposing data-driven hybrid teaching strategies.

Materials and methods

This study employed a **quantitative research design** utilizing a self-administered online survey to compare cognitive skill development between technology-mediated and conventional learning approaches through Google Forms. Targeting undergraduate and graduate students across various faculties at Al-Farabi Kazakh National University. Data collection occurred over a three-week period from April 25 to May 18, 2025. The survey was initially launched in English-only format, but after two weeks, only 34 responses were received, revealing language accessibility issues among students. To address this, a revised bilingual version (English and Russian) was released following pilot testing to ensure translation accuracy. This modification improved participation to 77 by the end of data collecting period.

The three hypotheses based on the research questions are:

(1) Digital tools outperform conventional methods in memory and visual creativity but are less effective in in-depth problem-solving;

(2) Gamified platforms can increase engagement but may also lead to distractions;

(3) Digital tools (e.g., Coursera, Canva) will outperform conventional methods in structured task execution (e.g., following project templates), while conventional methods will remain superior for adaptive decision-making in unpredictable scenarios.

To test the hypotheses, the survey data were analyzed using a combination of descriptive and inferential statistics. First, descriptive statistics (means, percentages, and frequency distributions) were calculated to summarize students' platform preferences and their perceived effectiveness for specific cognitive skills. For Hypothesis 1, independent samples t-tests were conducted on key variables–comparing digital and conventional methods for memory retention, creativity, and in-depth problem-solving–with results visualized through side-by-side bar charts. For Hypothesis 2, correlation analysis examined the relationship between gamified platform usage (e.g., Kahoot!, Duolingo) and self-reported engagement versus distraction levels, presented in a dual-axis chart. For Hypothesis 3, radar charts were employed to compare mean effectiveness scores across five real-world skill dimensions (project planning, time management, adaptive decision-making, collaboration, and technical execution). All statistical tests used an alpha level of 0.05 for significance, and results were organized into clear, hypothesis-specific tables and charts to highlight actionable trends.

Results

Сукеник & Туллер (2023) шолу зерттеуінде аутизмі бар балалардағы лексика мен семантиканың даму ерекшеліктері туралы бірізді, ортақ ғылыми қорытындының жоқ екендігі айтылған. Бұл салада қарама-қайшы нәтижелердің молдығы – әлі де тереңірек зерделеуді қажет ететін мәселе екенін көрсетеді. Мысалы, Эллавади және т.б. (2017) аутизмі бар балалар мағыналарды категорияларға біріктіре алмайды деген пікір айтса, Сингх & Харроу (2014) жоғары функциялық аутизмі бар балалардың категориялауда қалыпты балалармен салыстырмалы деңгей көрсете алатынын алға тартады. Бұл пікір қайшылығы семантикалық өңдеудегі айырмашылықтардың күрделі әрі түлғалық ерекшелікке тәуелді екенін дәлелдейді.

Бернштейн & Тигерман-Фарбер (2009) зерттеулерінде аутизммен ауыратын балалардың ұғымдар арасындағы байланысты құруда және олардың мағынасына жетуде қиындықтары бары анықталған. Олар жаңа сөздерді меңгергенде мағынасы ұқсас (мысалы, түйреуіш орнына шеге) немесе сол категорияға жататын (мысалы, тауық орнына құс) сөздер арқылы есте сақтайтынын көрсетті. Бұл жағдай лексикалық қоры бар болғанымен, семантикалық дәлдік пен контекстуалдық қолдануда мәселе бар екенін көрсетеді. Ал қалыпты дамитын балалар бейтаныс сөздерді түсіндіргенде, оны пайдалану тәсіліне, затқа ұқсастығына немесе нақты сілтемеге жүгінеді.

Барони және т.б. (2019) жүргізген зерттеуде аутизмі бар мектеп жасына дейінгі балалар мен қалыпты дамып келе жатқан балалардың он бір түрлі семантикалық категория бойынша айырмашылықтары онша көп емес екені анықталғанымен, аутист балалардың сөздік қорының өсу қарқыны айтарлықтай жоғары болған. Бұл күтпеген нәтиже лексикалық даму деңгейі мен семантикалық өңдеудің арасында үнемі өзара байланыс бола бермейтінін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер аутизм спектрі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тіліндегі лексикалық және семантикалық даму үдерісінің біркелкі жүрмейтінін, әрі ол баланың когнитивтік, әлеуметтік және қабылдау ерекшеліктеріне тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл зерттеулерде байқалған қарама-қайшылықтар – бір жағынан ғылыми қызығушылықтың жоғары екенін байқатса, екінші жағынан аутизмі бар балалардың тілін дамытуда әмбебап әдістемелердің жеткіліксіздігін аңғартады. Осындай күрделі және айнымалы дамуды ескере отырып, лексикалық және семантикалық тілді меңгеруге бағытталған арнайы бейімделген әдістемелердің қажеттілігі арта түседі.

Лексикалық және семантикалық даму деңгейін бағалауға арналған құралдар мен нәтижелер

Диагностикалық бағалау құралдары да түрлі нәтижелер береді. Peabody Picture Vocabulary Test және басқа да стандартталған тестілерде жоғары функциялық аутизмі бар балалар жақсы нәтиже көрсете алғанымен, мұндай бағалаулар әрдайым баланың нақты сөйлеу дағдыларын толық ашпайды (Ковер және т.б., 2003). Ланда & Гарретт-Майер (2006) 24 айлық аутизмі бар балалардың жалпы сөйлеу дамуы кідірісі бар балалардан да төмен нәтиже көрсеткенін анықтады. Бұл аутизмі бар балаларда рецессивті сөйлеуді (естігенді түсіну) бағалаудағы қиындықтар туралы ой салады.

Сөздерді Іздеу Тесті негізінде Вогиндрукас және т.б. (2003) аутизмі бар балалар объектілердің атауын атай алмағанымен, оның бөлшектерін нақты сипаттай алатынын анықтады. Бұл олардың қабылдау ерекшелігі мен семантикалық өңдеудің бейтарап жолдарын пайдаланатынын байқатады.

Бұл деректер аутизмі бар балалардың тілдік дамуында семантикалық құрылымдарды меңгерудің өзгеше тәсілдерін қолданатынын айғақтайды. Сондықтан бейімделген АВА әдісін қолдана отырып, олардың сөздік қорын және мағыналық қатынастарды мақсатты түрде дамыту – семантикалық және лексикалық деңгейде тілді меңгеруге ықпал ететін тиімді жолдардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Соңғы зерттеулердің бірі – нейрофизиологиялық әдістер, атап айтқанда, электроэнцефалография (ЭЭГ) және жағдайға байланысты ми потенциалы (ERP) арқылы сөйлеу тілінің семантикалық жағын зерттеу. N400 компоненті – семантикалық сәйкессіздікке берілетін ми реакциясы – аутизмі бар балаларда біркелкі байқалмайды. Кейбір зерттеулерде (Кантиани және т.б., 2016; ДиСтефано және т.б., 2019) аутизмі бар балаларда бұл реакция төмен немесе мүлде болмаған, ал басқалары (Фишман және т.б., 2011; Кодерре және т.б., 2017) оның өзгерген формаларын анықтады. Бұл деректер аутизмі бар балалардың семантикалық өңдеуі неврологиялық деңгейде де өзгеше екенін көрсетеді.

Бұл деректер тілдік қабілеттілікті қалыптастыруға бағытталған кешенді, мақсатты және

бейімделген мінез-құлықтық интервенцияларды енгізудің ғылыми негізделген өзектілігін арттыра түседі.

Аутизмі бар балалардың сөздік қорын дамытуда АВА терапияның орны

Лексикалық және семантикалық дамуда жиі кездесетін қиындықтарды түзету мақсатында Қолданбалы мінез-құлықты талдау (Applied Behavior Analysis – ABA) терапиясы көптеген зерттеулерде тиімді араласу ретінде танылған. Бұл әдіс тілді функционалды мінез-құлық ретінде қарастырып, оны мақсатты түрде қалыптастыру мен күшейтуге бағытталған ғылыми дәлелденген тәсілдер жиынтығын қамтиды (Дельпрато, 2001). Ерте және қарқынды араласу бағдарламасының (Early Intensive Behavioral Intervention – EIBI) негізін қалаған Ловаас (1987) жүргізген ірі зерттеуде аптасына 40 сағат АВА терапиясын алған балалардың шамамен 47%-ы когнитивтік және тілдік дағдылар бойынша жас ерекшелігіне сай деңгейге жеткенін көрсетті. Бұл нәтижелер кейінгі жылдарда жүргізілген бірқатар зерттеулермен (Говард және т.б., 2005; Петерс-Схеффер және т.б., 2011) расталып, АВА әдісінің әсіресе ерте жаста басталған кезде жоғары тиімділік көрсететінін дәлелдеді.

Сонымен қатар, АВА терапиясына қатысты сын пікірлер де ғылыми ортада жиі айтылады. Мәселен, Саар және т.б. (2023) және Шкеды және т.б. (2021) АВА-ны баланың табиғи дамуына кедергі келтіретін, шектеулі үлгілерге негізделген және нүсқаулыққа шамадан тыс тәуелділік қалыптастыратын әдіс ретінде сынайды. Олар баланың ішкі мотивациясын басып, механикалық жауаптарға итермелейтін, сондай-ақ эмоциялық және әлеуметтік бейімделуіне теріс әсер етуі мүмкін жақтарын атап өтеді. Бұл сындар кейінгі жылдары бейімделген АВА бағдарламаларының дамуына жол ашты. Лиф және т.б. (2022) сынды зерттеушілер баланың когнитивтік, әлеуметтік және эмоциялық ерекшеліктерін ескеретін, табиғи ортада қолдануға бейімделген, икемді және баланың таңдауларын есепке алатын АВА моделін ұсынды.

Осылайша, зерттеуіміздегі бейімделген АВА әдісі – классикалық модельдің тиімді тұстарын сақтай отырып, сын пікірлерде айтылған шектеулерді болдырмауға және баланың лексикалық-семантикалық дамуын кешенді түрде қолдауға бағытталған. Мұндай тәсіл балалардың тілдік дағдыларын тек сандық тұрғыдан емес, сапалық тұрғыда – яғни семантикалық дәлдік, мағынааралық байланыстарды түсіну және тілдің әлеуметтік-функционалды қолданылуы арқылы дамытуға мүмкіндік береді. Демек, бұл зерттеу тілдік интервенциялардың тиімділігін арттыруда бейімделген АВА терапиясының әлеуетін ғылыми негізде көрсетуді мақсат етеді.

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерін жинақтай келе, лексикалық және семантикалық даму бойынша жүргізілген шетелдік зерттеулер аутизмі бар балалардың сөйлеу ерекшеліктерін көпқырлы, күрделі құбылыс ретінде сипаттайды. Алайда, осы бағытта жүргізілген зерттеулердің басым көпшілігі аутист балалардың тілдік дамуында байқалатын ерекше айырмашылықтарды толық сипаттауға тырысқанымен, олардың негізінде қолданылған түзету тәсілдерінің ұзақ мерзімді нәтижелілігі, баланың тұлғалық дамуына әсері, сондай-ақ тілдің семантикалық өңделуіне ықпалы туралы толыққанды түжырым әлі де жетіспейді. Сондықтан да, бейімделген АВА терапиясы негізінде аутизмі бар балалардың сөздік қоры мен семантикалық даму ерекшеліктеріне бағытталған интервенцияны зерделеу өзекті әрі ғылыми олқылықты толықтыратын маңызды бағыт болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дизайны

Бұл зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және семантикалық аспектілерін дамытудың тиімді жолдарын анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында бейімделген АВА терапиясының тиімділігі тәжірибелік жолмен тексерілді.

Зерттеу педагогикалық зерттеу үлгіде құрылып, үш негізгі кезеңді қамтыды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Әр кезең нақты әдістемелік мақсаттарға бағытталып, зерттеудің болжамы мен міндеттеріне сәйкес жүйеленді. Зерттеу барысында сапалық және сандық талдау әдістері қатар қолданылды.

Зерттеу базасы және қатысушылар

Зерттеу Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ мен Алматы қаласындағы «РостОК» аутизм және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған оңалту орталығында жүргізілді. Әр мекемеден 3 пен 6 жас аралығындағы АСБ диагнозы қойылған 30 баладан, жалпы саны 60 бала тәжірибеге тартылды. Қатысушылардың барлығына психологиялық-ме-

дициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК) тарапынан «аутизм спектрі бұзылысы» диагнозы берілген.

Қызылорда қаласындағы Аутизмі бар балаларды қолдау орталығында зерттеуге 30 бала қатысты. Олардың 27-сі ұл, 3-і қыз балалар болды. Тілдік көрсеткіш бойынша, 27 бала қазақ тілінде, ал 3 бала орыс тілінде сөйлейді. Ал Алматы қаласындағы «РостОК» оңалту орталығында да зерттеуге 30 бала қатысты. Оның ішінде 25 ұл және 5 қыз бала болды. Тілдік жағынан 22 бала қазақ тілінде, 8 бала орыс тілінде сөйлейді

Зерттеу әдістемесі

Мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағының даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында анықтаушы эксперименте Серебрякова және Соломохованың (Балобанова және т.б.., 2000) «Лексика және семантиканың көлемі мен сапасын анықтау» әдістемесін қолдану ұсынылды (Сурет 1). Бұл әдістеме белсенді және пассивті сөздік қорды, сондай-ақ семантикалық құрылым мен лексикалық жүйелілікті бағалауға арналған. Бұл әдістеме көбіне сөйлеу тілінің даму деңгейін кешенді талдауға көмектеседі және арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыруға бағыт береді. Әдістеме арқылы әр қатысушы максимальды түрде 160 балл жинай алады. Жоғарғы деңгей 160 – 108 балл арасы, орташа деңгей 107 – 54 балл арасы, төмен деңгей 53 – 0 арасы.

1-сурет

Лексика және семантиканың көлемі мен сапасын анықтау әдістемесі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Топтарға бөлу

Жұпталмаған *t*-критерийінің көрсеткішінің нәтижелері бойынша екі орталықтағы аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағына қатысты «Лексика және семантиканың көлемі мен сапасын анықтау» әдістемесінің көрсеткіштері бойынша бірдей болғаны (*p*-Value жоғары (.643>.05), сондықтан біз нөлдік гипотезаны қабылдаймыз) (а), бірақ Аутизмі бар балаларды қолдау орталығында балалардың көрсеткіші орташа мәні 3.53-ке жоғары болғанын (64.3-60.8=3.5) (ә) және екі орталықта АВА терапиясымен жұмыс жасайтынын (б) ескере отырып, Қызылорда қаласы, Аутизмі бар балаларды қолдау орталығындағы балаларды бақылау тобына және Алматы қаласы, «РостОК» аутизм және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған оңалту орталығындағы балаларды эксперимент тобы деп бөлуді шештік.

Интервенция сипаттамасы

АВА терапияның анықтамасы деп мінез-құлық заңдылықтарына негізделген қолданбалы әдістерді әзірлейтін және оларды әлеуметтік маңызы бар мінез-құлықты жақсарту үшін жүйелі түрде қолданатын ғылым. Берілген анықтама алты негізгі компоненттен тұрады. Біріншіден, АВА терапия – бұл ғылым, сондықтан ол басқа жаратылыстану ғылымдары қолданатын ғылыми принциптерге сүйенеді. Екіншіден, мінез-құлықты өзгерту әдістері технологиялық процестегі жүйелілікпен әзірленіп, іске асырылады. Үшіншіден, АВА терапия мінез-құлықтың негізгі заңдарынан алынған өзгерту тәсілдерін

ғана пайдаланады. Төртіншіден, ол әлеуметтік маңызы бар мінез-құлықты зерттейді. Бесінші және алтыншы компонент – АВА терапияның екі негізгі мақсатын қамтиды: мінез-құлыққа әсер ететін факторларды түсіну және маңызды мінез-құлықты айтарлықтай жақсарту. Ескеретін нәрсе, АВА терапиясы тұрғысынан сөйлеу тілін мінез-құлықтың дамыған дағдысы деп түжырымдайды (Купер және т.б., 2020).

АВА терапияның әдіснамасы мінез-құлықты талдаудың ғылыми принциптеріне, оқытудың жүйелік тәсіліне және нәтижелерді объективті өлшеуге сүйенеді. Оның тиімділігі әртүрлі салаларда, соның ішінде аутизмі бар балалармен жұмыс жасауда дәлелденген. Ал АВА терапияның жеті принцибі (қолданбалы, мінез-құлықты, аналитикалық, технологиялық, тұжырымдамалық жүйелі, тиімді, жалпылау)(Баер және т.б., 1986) АВА терапиясының тиімділігін арттыруға, әдістердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге және әртүрлі жағдайларда қолдануға фундаменті ретінде қаланған. Бұл 7 принцип АВА терапиясын тиімді және жүйелі қолдануға мүмкіндік береді, оның нәтижелерін бақылауға және бағалауға негіз болып табылды.

АВА терапияның жоғарыда көрсетілген анықтамасын, негізгі компоненттерін, әдіснамасын және принциптерін ескере отырып, АВА терапияны аутизмі бар балалардың сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамыту бойынша бейімдедік.

АВА терапияның ғалым-зерттеушілердің негізінде ғылыми-практикалық тұрғыдан негізделген қолданбалы әдістерін аутизмі бар балалармен сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытудағы бейімделген әдістеріне жасақтадық. Олар: сөйлеу тілін функционалды талдау; сөйлеу тілінің нәтижесімен жұмыс: мадақтау, жазалау және елемеу; DTT әдісі (Discrete Trial Training); сөйлеу аймағы; жетон жүйесі; сөйлеу тілін дифференциалды мадақтау (DRA, DRO, DRI және DRL); PECS (Picture Exchange Communication System); тыңдаушының әрекеті (имитация, нұсқауларды орындау); визуальды қабылдау (сортировка, салыстыру); функционалдық коммуникация тренингі (вербальды мінез-құлық); функционалды ойын (баланың жасына сәйкес ойын); фразалық сөйлеуді қалыптастыру; генерелизация. Осы аталған әдістерді ескере отырып, аутизмі бар баламен сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытудағы бейімделген АВА терапиясын қолдану бойынша бағдарламасы жасақталды.

Бейімделген АВА терапиясының бағдарламасын енгізу мерзімі мен құрылымы

Бейімделген АВА терапиясы бағдарламасы 9 ай бойы, яғни бір академиялық оқу жылы (қыркүйектен мамырға дейін) көлемінде жүзеге асырылды. Мұндай ұзақ мерзімді араласу сөйлеу тілінің лексикалық және семантикалық аспектілерін кешенді әрі тұрақты түрде дамытуға мүмкіндік берді. Бағдарламаның ұзақтығы мен құрылымы баланың даму динамикасын үнемі бақылауға, түзету мазмұнын кезең-кезеңімен бейімдеуге, сонымен қатар дағдыларды орнықтыру мен генерализациялауға жағдай жасады.

Эксперименттік топтағы әрбір бала келесі араласу мөлшерін алды:

- аптасына 5 рет түзету-дамыту сабағы;
- әр сабақтың ұзақтығы – 4 сағат (жеке сабақ – 2 сағат; топтық – 2 сағат);
- жылдық жиынтық терапиялық жүктеме – шамамен 720 сағат.

Сабақтар жеке және шағын топтық форматтарда ұйымдастырылды. Бұл формат баланың когнитивтік және мінез-құлықтық ерекшеліктеріне сәйкес оқыту тәсілдерін жекелендіруге мүмкіндік берді. Әрбір сессия АВА принциптеріне негізделген құрылымдалған жоспар бойынша жүргізілді.

Оқыту мазмұны лексикалық және семантикалық тіл компоненттеріне бағытталып, келесі дағдыларды дамытуға басымдық берілді:сөздік қорды кеңейту; сөздерді мағыналық топтарға жіктеу; сөздерді дұрыс атау және анықтау; сөздерді тілдік және әлеуметтік контекстке сәйкес қолдану.

Жоғарыда аталған бейімделген құрылым интервенцияның мазмұндық және әдістемелік бірізділігін қамтамасыз етіп, аутизмі бар балалардың сөйлеу тіліндегі лексикалық және семантикалық жетістіктерге жетуіне ықпал етті.

Бейімделген АВА терапиясы бағдарламасы қазақ тілінің лексикалық және семантикалық принциптеріне сай атқарылды.

Қазақ тілді аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын қалыптастыру және дамыту қазақ тілінің лексикалық және семантикалық жіктелу принциптеріне сай жүргіздік. Бұл принциптер қазақ тілінің тілдік байлығын, оның мағыналық құрылымын және сөздердің өзара байланысын терең түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар сөздерді үйретуде, жай сөйлемдер құрастыруда және сөздерді түсінуде маңызды рөл атқарады. Негізі үш

принцип (денотативті-десигнативті; парадигматикалық; синтагматикалық) бар.

Аутизмі бар балаларға сөздік қорын кеңейтуде таңдалған сөздер қазақ тілінің лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін ескере отырып үйретілді. Мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балаларға сөздерді үйретудегі лексикалық топтар белгілі бір жүйелілікпен берілді. Бұл топтар баланың жас ерекшелігіне сәйкес қоршаған ортаны тануға, сөздік қорын кеңейтуге және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталды. Осы лексикалық топтар баланың күнделікті өмірде жиі кездесетін заттар мен құбылыстарды тануына көмектесді.

Нәтижелер

Сандық талдау

Аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын дамыту бейімделген ABA терапиясын қолдануға бағытталған әдістемені жүргізуде аутизмі бар балаларда туындаған мәселелерді анықтап, сөздік қорлары көбейіп, танымдық қасиеттері мен сөйлеу аппаратының дамуы байқалды. Балалардың сөздік қорындағы көрінген өзгерістерді математикалық түрде көрсетіп, статистикалық айырмашылықтарды анықтау үшін анықтаушы эксперимент кезінде жүргізілген «Лексика және семантиканың көлемі мен сапасын анықтау әдістемесін» қайтадан жүргізідік. Әдістемені жүргізу барысында ABA терапия мамандары көмегін беріп, балалардың тарапынан қиындықтар болмады.

Бақылау және эксперимент тобындағы анықтаушы және қорытынды эксперименттің аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын дамытуда ABA терапиясын қолдануға бағытталған әдістемелердің салыстырмалы нәтижелерін мен аралық өзгерісін төмендегі гистограмма түріндегі 1, 2 – Суреттерден көруге болады. Гистограммадағы балалардың есімі өзгертілген және әр баланың есімінің жанында жақша ішінде баланың жасы жазылған.

1-сурет

Бақылау тобындағы анықтаушы және қорытынды эксперименттің аутизмі бар балалардың салыстырмалы нәтижелері мен аралық өзгерісі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

2-сурет

Эксперимент тобындағы анықтаушы және қорытынды эксперименттің аутизмі бар балалардың салыстырмалы нәтижелері мен аралық өзгерісі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Бақылау және эксперимент топтарын экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерін жұптталған t-критерий мен анықтамалық статистика бойынша салыстырдық. Жұпталған *t*-критерийі статистикалық тест нәтижесі бойынша эксперимент тобының айырмашылығы (24,7) бақылау тобының айырмашылығынан (9,9) екі еседен көп екенін байқалды. Ал, анықтамалық статистика бойынша мынандай қорытынды жасауға болады: Бақылау тобы бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі орташа мәндер арасында айырмашылық бар. Бұл өзгеріс эксперименттің әсері бар екенін көрсетуі мүмкін, бірақ бақылау тобы үшін әсер аз көрсеткіш көрсетті. Эксперимент тобы бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерде айтарлықтай айырмашылық бар. Орташа мәннің 24.7-ге өсуі (60.80 → 85.50) эксперименттік әдістің тиімділігін көрсетеді.

Эксперимент тобының нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда үлкен жетістіктерді көрсетті, бұл эксперименттің аутизмі бар мектепке дейінгі балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын дамытуда бейімделген ABA терапия оң әсер еткенін дәлелдейді.

Сапалық талдау

Сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағы – бұл сөйлеу тілінің мазмұнды білімі. Олардың үйлесуі арқылы морфемалар, сөздер және сөйлемдер құралады. Семантикалық жүйенің құрамын сөздік қор, сөзжасамдық және грамматикалық мағыналар құрайды.

Сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағының қалыптасуы біртіндеп күрделене отырып жүреді. Бұл үдеріс барысында балалардың сөздік қоры байып, сөздердің мағыналарын меңгеруі, тіл жүйесінің жүйеленуі және реттелуі жүзеге асады. Лексикалық және семантикалық жақтың сапалық дамуына келесілер ықпал етеді:

- сенсорлық тәжірибенің байытылуы;
- қоршаған әлеммен қарым-қатынастың кеңеюі;
- психикалық үдерістердің қалыптасуы;
- баланың заттық-тәжірибелік және ойын әрекеттері.

Аутизмі бар мектепке дейінгі балаларда сөйлеудің лексикалық және семантикалық жүйесінің қалыптасуы баяу жүреді және келесі сандық және сапалық ерекшеліктермен сипатталады:

- сөздік қорды қолданудағы қиындықтар;

- сөздерді ауыстыру және дәл емес қолдану;
- сөздерді іздеу процесінің ұзақтығы және автоматтандырылмағандығы;
- семантикалық өрістердің толық қалыптаспауы;
- кездейсоқ ассоциациялардың көптігі;
- көптеген вербалды парафазиялар (сөздерді орынсыз алмастыру);
- синонимдер мен антонимдерді қолдану барысында қателіктердің айтарлықтай көп болуы.

Бұл ерекшеліктер тілдің семантикалық жүйесін меңгеру процесінің күрделілігін және ұзақтылығын көрсетеді.

Бақылау кезеңі арқылы жүргізілген эксперименттің нәтижесінде, аутизмі бар мектепке дейінгі балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағының дамуы бейімделген АВА терапиясы жағдайында жүзеге асырылған педагогикалық шарттардың арқасында жақсарғаны анықталды.

Аутизмі бар балалар өз сөйлеуінде сөздердің санын көбейтіп, олардың мағыналарын кеңінен түсінетіні байқалды. Олар сөздерді сөйлеуде дәлірек қолдана бастады, сөздік қорды белсендіруде қиындықтар азайды. Көптеген балалар сөздердің мағынасын кеңірек түсіну қабілетін көрсетті. Басқаша айтқанда, қазір балалар өз сөйлеуінде сөздердің санын көбейтіп, олардың мағыналарын кеңінен түсінеді.

Ұйымдастырылған сөйлеу ортасы және балалармен жұмыс барысында қолданылған бейімделген АВА терапиясы балалардың сөйлеу белсенділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың сөйлеу дағдылары мен икемдерін меңгеруіне ықпал етеді.

Эксперимент тобындағы мектепке дейінгі аутизмі бар балаларда, жалпы алғанда, сөйлеуінің дамуында жақсы нәтижелер көрсетті. Сөйлеу деңгейі жоғары деңгей екі есе көбейді, ал орташа деңгей 4 балаға жоғарлады. Төменгі деңгей 15 баладан екі есе азайып 7 бала қалды.

Аутизмі бар балаларда сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағының дамуы маңызды жетістіктерге жетті. Пассивті сөздік қорды кеңейту және оны түсіну арқылы балалардың активті сөздік қоры да жақсарды. Олардың лексикасында жаңа сөздер мен ұғымдар пайда болып, оларды дұрыс қолдану қабілеті артты. Семантикалық түсінік тереңдеді, бұл балаларға сөздердің мағыналарын жақсы түсінуге және оларды нақты контекстте қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сөздердің синонимдер мен антонимдер, зат есімдер мен етістіктер арасындағы айырмашылықтарды түсіну олардың тілдік дағдыларын байытты.

Аутизмі бар балалардың сөйлеуінде лексикалық және семантикалық даму жетістіктері байқалғанымен, бұл процессте бірнеше қиындықтар да бар. Балалардың сөздік қорын кеңейту және сөздердің мағыналарын түсіну жағынан жетістіктерге жеткенімен, олар әлі де бірқатар мәселелермен кездеседі. Мәселен, аутизмі бар балалар жаңа сөздерді үйренгенімен, оларды сөйлемде немесе нақты контексте дұрыс қолдануда қиындықтар туындайды. Мысалы, антонимдер мен синонимдерді шатастыру, сөздерді шектелген контексте қолдану сияқты проблемалар кездеседі.

Аутизмі бар балалардың тілдік қабілеттері көбінесе әлеуметтік контексте қолдануда қиындықтар тудырады. Әлеуметтік жағдайларға сәйкес сөйлеу, эмпатияны білдіру немесе жағдайға байланысты сөздерді таңдау процесі күрделенеді. Ескеретін тағы бір нәрсе, аутизмі бар балалар сөйлем құрылымында қателіктер жіберуі мүмкін, мысалы, сөздердің орын тәртібін сақтамау немесе грамматикалық формаларды дұрыс қолданбау. Бұл олардың тілін түсінуде қиындықтар туындатады. Ал жаңа үйренген сөздер мен түсініктерді автоматты түрде қолдану баланың сөйлеуінде қиындықтар тудыруы мүмкін. Бұл ұзақ уақыт жаттығуды талап етеді, өйткені сөздерді дұрыс әрі жиі қолдануға дағдылану үшін көп тәжірибе қажет.

Сөйтіп, аутизмі бар балаларда сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағы айтарлықтай артты, бұл олардың тілдік дамуы мен коммуникациялық қабілеттерін жақсартуға септігін тигізді.

Талқылау

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері бейімделген АВА терапиясының мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және семантикалық дамуына оң әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топтағы балаларда сөздік қордың артуы, сөздерді нақтырақ қолдану және олардың мағынасын тереңірек түсіну қабілетінің дамуы байқалды. Бұл нәтижелер АВА негізіндегі араласулардың аутизмі бар балалардың тілін дамытуда тиімді екенін дәлелдейтін алдыңғы зерттеулермен сәйкес келеді (Лиф & Макачин, 2016; Сундберг & Майкл, 2001).

АВА терапиясының негізгі компоненттерінің бірі – Дискретті сынақ тренингі (DTT) – сөз-

дік қорды жүйелі түрде меңгеруге жағдай жасайды. «Нақты зат есімдерді атау» және «Бір сөзбен атау» сияқты құрылымдалған тапсырмалар барысында балалардың атау дәлдігі, семантикалық топтастыру қабілеті мен жаңа сөздерді есте сақтау деңгейі артқаны байқалды. Бұл нәтижелер Малдун және Грей (2023) зерттеулерімен үндес, олар DTT әдісінің аутизмі бар, тілі шектеулі балалардың рецептивті және экспрессивті сөздік қорын арттыруда тиімді екенін көрсетті.

Сонымен қатар, сөйлеу ортасын құрылымдау және қайталанатын жаттығулар арқылы семантикалық жүйені реттеу үдерісі күшейе түсті. Балалар сөйлеуде нақты сөздерді көбірек қолданып, мағынасы сәйкес келмейтін немесе жалпылама сөздерді сирек қолдана бастады. Мұндай қорытынды Карр және Дюран (1985) еңбегінде де айтылған: олардың айтуынша, функционалдық коммуникацияны оқыту мен нығайту арқылы балалар проблемалық мінез-құлықтың орнына функционалды вербалды дағдыларды меңгере алады.

Алайда зерттеу кейбір қиындықтарды да көрсетті. Көптеген балалар абстрактілі немесе күрделі сын есімдерді қолдануда, антонимдер мен синонимдерді ажыратуда, сондай-ақ грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануда әлі де қиындық көруде. Бұл қиындықтар Тагер-Флусберг & Джозеф (2003) зерттеулерімен сәйкес келеді, олар ABA базасындағы терапия қарапайым тілдік дағдыларды дамытуда тиімді болғанымен, жоғары деңгейдегі семантикалық және синтаксистік қабілеттерді дамыту үшін ұзақ мерзімді әрі кешенді тәсіл қажет екенін атап өткен.

Сонымен қатар, ABA терапиясына қатысты белгілі бір сын-пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер бұл әдістің тым құрылымдалғандығы мен бала мінез-құлқын сыртқы бақылауға бағытталғандығы оның дербестігіне, ішкі мотивациясына және табиғи коммуникациясына кедергі келтіруі мүмкін деп есептейді (Сандовал-Нортон және т.б., 2019). Біздің зерттеуде де кейбір балалардың сөздерді тек визуалды немесе контекстік тірекпен ғана еске түсіре алуы – бұл алаңдаушылықтың негізсіз еместігін көрсетеді.

Дегенмен, эксперименттік топтағы балалардың сөздік қор көлемінің артуы, семантикалық дәлдігі және тапсырмаларды орындау сапасының жақсаруы бейімделген ABA терапиясының тиімді екенін нақты көрсетеді. Белсенді және енжар сөздік қордың жақсаруы, сөз мағынасын нақты түсіну және контексте дұрыс қолдану қабілеттерінің артуы – бұл араласудың нәтижелілігін көрсететін негізгі көрсеткіштер. Бұл Вентола және т.б. (2010) зерттеулеріне сәйкес келеді: олар тілдік дағдыларды дамытуда визуалды, құрылымдалған және баланың даму ерекшелігіне бейімделген әдістердің маңыздылығын атап өткен.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу бейімделген ABA терапиясын мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөздік қорын дамытуда ғылыми тұрғыда негізделген, тиімді тәсіл ретінде қолдануға болатынын растайды. Дегенмен, болашақта жүргізілетін зерттеулерде ABA терапиясының ұзақ мерзімді нәтижелері мен түрлі жас топтарындағы тиімділігіне назар аудару қажет. Сонымен қатар, терапияны баланың жеке қажеттіліктеріне икемдеп, табиғи, балаға бағытталған оқу ортасын құру маңызды.

Қорытынды

Зерттеудің негізгі мақсаты – мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және семантикалық жағын дамытуда бейімделген ABA терапиясының ғылыми тұрғыда тиімділігін дәлелдеу болды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеуде аралас әдістер қолданылды: диагностикалық бағалау, қалыптастырушы эксперимент, бақылау және эксперименттік топтармен салыстырмалы талдау жүргізілді. Эксперимент Қазақстанның екі өңіріндегі оңалту орталықтарында ұйымдастырылды және балалардың сөйлеу қабілеттерінің сапалық және сандық өзгерістерін анықтауға бағытталды.

Тоғыз ай бойы жүргізілген бейімделген ABA терапиясы мектепке дейінгі жастағы аутизмі бар балалардың сөздік қорын дамытуға, семантикалық ұғымдарды меңгеруге және тілдік мағынаны түсінуге айтарлықтай оң әсер етті. Эксперименттік топта сөздік даму деңгейі жоғары балалардың саны екі есе артты, орташа деңгейге жеткен балалардың саны да өсті, ал төмен деңгейдегі балалар саны азайды.

ABA терапиясының бейімделген түрі аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын дамытуда тиімді екенін осы зерттеу нәтижелері дәлелдеді. Балалар тек сөздерді жаттап қана қоймай, оларды дұрыс мағынада қолдануды, сөйлеу барысында нақты контексте бейімдеуді үйренді. Алайда, зерттеу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды. Балалар абстрактілі сын есімдерді қолдануда, антоним мен синонимдерді ажыратуда және грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолда-

нуда қиналды. Бұл мәселе жоғары деңгейдегі тілдік қабілеттерді дамыту үшін ұзақмерзімді әрі дараланған тәсілді қажет ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, кей балалар сөзді тек визуалды қолдау арқылы ғана еске түсіре алды, бұл тілдің өздігінен қолданылуының шектеулі екенін біліреді.

Бұл зерттеу нәтижелері бейімделген АВА терапиясының (Қолданбалы мінез-құлықты талдау) мектеп жасына дейінгі аутизм спектрі бұзылысы бар (АСБ) балалардың сөйлеу тілінің лексикалық және семантикалық аспектілерін дамытуда тиімді ғылыми-педагогикалық құрал екендігін нақты дәлелдеді. Алынған нәтижелер педагогика және арнайы білім беру салаларында АВА терапиясын ғылыми негізделген, құрылымдалған және мақсатты араласу әдісі ретінде қолданудың қажеттілігін көрсетеді.

Ғылыми маңыздылығы – зерттеудің отандық ғылымда алғаш рет АВА терапиясының бейімделген моделін қазақтілді және орыстілді мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалар тобына қолдана отырып, олардың сөздік қорын дамытуда лексика-семантикалық бағытта терең талдау жүргізуімен ерекшеленеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер шетелдік заманауи еңбектермен үндес келеді. Мәселен, Казари және т.б. (2023) ерте жастағы араласулардың, соның ішінде Дискретті Талдау Жаттығулары (DTT) мен визуалды қолдаулардың, шектеулі тілдік мүмкіндігі бар балаларда сөйлеу дағдыларын жақсартуға тиімді әсер ететінін растаған. Рейхов және т.б. (2012) жүргізген мета-талдауында ерте жастан басталған кешенді АВА терапиясының тіл дамуына орташа және жоғары деңгейде оң әсер ететінін анықтаған. Бұл қазіргі зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде салыстыруға мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, АВА терапиясының бейімделген бағдарламасын арнайы білім беру жүйесінде, әсіресе тілдік дефициті бар балалармен жұмыс істейтін логопедтер, дефектологтар және арнайы педагогтер үшін құрал ретінде енгізу – балалардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Аталған бағдарламаның тиімділігі тек жеке оқытуда ғана емес, сонымен қатар топтық жұмыстар мен ойын арқылы білім беру жағдайында да байқалды. Бұл қазіргі таңда баланың әлеуметтенуіне және жалпы өмірлік бейімделуіне бағытталған білім беру парадигмасына толық сәйкес келеді.

Болашақтағы бағыттар – бұл әдістеменің ұзақ мерзімді әсерін зерттеу, балалардың тілдік дағдыларының тұрақтылығы мен олардың өмірлік ортада жалпылау қабілетін бақылау. Сонымен қатар, мәдени-контекстік бейімделу (билингвалды және көптілді ортадағы қолдану) мәселесін қарастыру – келешектегі өзекті зерттеу векторларының бірі. Бұл бағытта Гарридо және т.б. (2024) зерттеуі еске түседі, онда сөйлеу тілі мен қабылдау тілінің дамуында екітілді аутизмі бар балалардың ерекшеліктері талданған. Және билингвалды аутизмі бар балаларға сөздерді түсіндіруде АВА терапиясына бейімдеуге болады.

Сондай-ақ, болашақ зерттеулерде АВА терапиясының тілдік компонентімен қатар әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға бағытталған интеграцияланған модельдерін пайдалану ұсынылады. Мысалы, Бруинсма және т.б. (2020) жасаған Naturalistic Developmental Behavioral Interventions (NDBI) моделі құрылымдалған мінез-құлық тәсілдері мен баланың табиғи дамуын ескеретін әдістерді үйлестіру арқылы тілдік дағдылармен қатар әлеуметтік қарым-қатынас пен өздігінен бастама жасауды дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері бейімделген АВА терапиясын Қазақстан жағдайына сәйкестендіріп, арнайы білім беру жүйесіне енгізу қажеттілігін негіздейді. Бұл тек білім беру емес, жалпы инклюзивті қоғам құру жолында тиімді қадам болмақ. Сонымен қатар, баланың ішкі мотивациясын ескеретін, құрылымдалған және тұлғалық бағытталған араласу жүйелерін одан әрі ғылыми негіздеу – болашақ зерттеулердің басты бағыты болуы тиіс.

Қаржыландыру

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № BR28712661 – Аутистік спектр бұзылыстары бар білім алушыларды кешенді үздіксіз қолдаудың ұлттық жүйесі).

Алғыс білдіру

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында көрсеткен кәсіби қолдауы мен үлесі үшін келесі мамандарға шынайы алғысымды білдіремін:

Бақылау тобындағы аутизмі бар балалармен жұмысты жоғары біліктілікпен ұйымдастырғаны үшін «Аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығының» міндетін атқарушы Кулетова Гулайым Масаковнаға және орталық мамандарына алғыс айтамын.

Эксперимент тобындағы балалармен бейімделген ABA терапиясын сәтті жүзеге асыруда жетекшілік еткен Ахметова Жанат Бойхановнаға (мінез-құлық талдаушысы, мінез-құлық бағдарламаларының кураторы, «Росток» АБА орталығының директоры), Тоқтабаев Мейірбек Жолдабекұлына (психолог, «Росток» ABA орталығы директорының орынбасары, «Қазақстандық қолданбалы мінез-құлықты талдау мамандарының бірлестігі» мекемесінің басқарма төрағасы, «ABA-s ТМ» қоғамдық қорының президенті) және «Росток» ABA орталығының мамандарына ерекше ризашылығымды білдіремін.

Олардың кәсіби тәжірибесі мен жан-жақты қолдауы мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағын дамыту бойынша ғылыми-зерттеу тәжірибесінің сәтті өтуіне зор ықпал етті.

Мүдделер қақтығысы

Бұл зерттеу жұмысын орындау барысында авторлар тарапынан ешқандай қаржылық, кәсіби немесе жеке мүдделер қақтығысы тіркелген жоқ. Зерттеу процесіне қатысқан барлық мамандар мен ұйымдар зерттеу барысына бейтараптықты сақтап, ғылыми этика талаптарына толықтай сәйкес әрекет етті. Осылайша, зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігіне ешқандай сыртқы факторлар әсер етпегенін мәлімдейміз.

Авторлардың үлесі

Бекмұрат А.Т.: Тұжырымдама жасау, Әдістеме өзірлеу, Зерттеу жүргізу, Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу.

Аутаева А.Н.: Ғылыми жетекшілік, Қаржыландыру тарту, Жобаны басқару, Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Кулеша Е.М.: Ғылыми жетекшілік, Формалды талдау, Ресми талдау, Нәтижелерді тексеру, Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Калыкбаева А.Ж.: Деректерді өңдеу және басқару, Нәтижелерді тексеру, Көрнекі материалдар дайындау, Ресурстармен қамтамасыз ету

Әдебиеттер

Baer, D. M., Wolf, M. M., & Risley, T. R. (1968). Some current dimensions of applied behavior analysis. Journal of Applied Behavior Analysis, 1(1), 91–97. https://doi.org/10.1901/jaba.1968.1-91

Barone, R., Spampinato, C., Pino, C., Palermo, F., Scuderi, A., Zavattieri, A., Gulisano, M., Giordano, D., & Rizzo, R. (2019). Online comprehension across different semantic categories in preschool children with autism spectrum disorder. PLoS ONE, 14(2), Article e0211802. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0211802

Bernstein, D. K., & Tiegerman-Farber, E. (2009). Language and communication disorders in children (6th ed.). Pearson/Allyn & Bacon.

Bruinsma, Y. E. M., Minjarez, M. B., Schreibman, L., & Stahmer, A. C. (Eds.). (2020). Naturalistic developmental behavioral interventions for autism spectrum disorder. Paul H. Brookes Publishing Co.

Cantiani, C., Choudhury, N. A., Yu, Y. H., Shafer, V. L., Schwartz, R. G., & Benasich, A. A. (2016). From sensory perception to lexical-semantic processing: An ERP study in non-verbal children with autism. PLOS ONE, 11(8), Article e0161637. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0161637

Carr, E. G., & Durand, V. M. (1985). Reducing behavior problems through functional communication training. Journal of Applied Behavior Analysis, 18(2), 111–126. https://doi.org/10.1901/jaba.1985.18-111

Coderre, E. L., Chernenok, M., Gordon, B., & Ledoux, K. (2017). Linguistic and non-linguistic semantic processing in individuals with autism spectrum disorders: An ERP study. Journal of Autism and Developmental Disorders, 47(3), 795–812. https://doi.org/10.1007/s10803-016-2985-0

Cooper, J. O., Heron, T. E., & Heward, W. L. (2020). Applied behavior analysis (Global ed.). Pearson Education.

Delprato, D. J. (2001). Comparisons of discrete-trial and normalized behavioral language intervention for young children with autism. Journal of Autism and Developmental Disorders, 31(3), 315–325. https://doi.org/10.1023/A:1010747303957

DiStefano, C., Senturk, D., & Jeste, S. S. (2019). ERP evidence of semantic processing in children with ASD. Developmental Cognitive Neuroscience, 36, Article 100640. https://doi.org/10.1016/j.dcn.2019.100640

Ellawadi, A. B., Fein, D., & Naigles, L. R. (2017). Category structure and processing in 6-year-old children with autism. Autism research: official journal of the International Society for Autism Research, 10(2), 327–336. https://doi.org/10.1002/aur.1652

Fishman, I., Yam, A., Bellugi, U., & Mills, D. (2011). Contrasting patterns of language-associated brain activity in autism and Williams syndrome. Cerebral Cortex, 21(5), 967–975. https://doi.org/10.1093/cercor/bhq159

Garrido, D., López, B., & Carballo, G. (2024). Bilingualism and language in children with autistic spectrum disorder: A systematic review. Neurología (English Edition), 39(1), 84–96. https://doi.org/10.1016/j.nrleng.2023.12.007

Hani, H. A. B. (2015). Language-impaired children with Autism Spectrum Disorders and children with Specific Language Impairment: Similar language abilities but distinct memory profiles (Master's thesis). Montreal.

Hirota, T., & King, B. H. (2023). Autism spectrum disorder: A review. JAMA, 329(2), 157–168. https://doi.org/10.1001/jama.2022.23661

Howard, J. S., Sparkman, C. R., Cohen, H. G., Green, G., & Stanislaw, H. (2005). A comparison of intensive behavior analytic and eclectic treatments for young children with autism. Research in Developmental Disabilities, 26(4), 359–383. https://doi.org/10.1016/j.ridd.2004.09.005

Hyman, S. L., Levy, S. E., Myers, S. M., Council on Children with Disabilities, Section on Developmental and Behavioral Pediatrics, Kuo, D. Z., Apkon, S., Davidson, L. F., Ellerbeck, K. A., Foster, J. E. A., Noritz, G. H., Leppert, M. O., Saunders, B. S., Stille, C., Yin, L., Weitzman, C. C., Childers, D. O., Levine, J. M., Peralta-Carcelen, A. M., ... Bridgemohan, C. (2020). Identification, evaluation, and management of children with autism spectrum disorder. Pediatrics, 145(1), Article e20193447. https://doi.org/10.1542/peds.2019-3447

Kasari, C., Shire, S., Shih, W., Landa, R., Levato, L., & Smith, T. (2023). Spoken language outcomes in limited language preschoolers with autism and global developmental delay: RCT of early intervention approaches. Autism Research, 16(6), 1236–1246. https://doi.org/10.1002/aur.2932

Kover, S. T., McDuffie, A., Hagerman, R. J., & Abbeduto, L. (2013). Receptive vocabulary in boys with autism spectrum disorder: Cross-sectional developmental trajectories. American Journal on Intellectual and Developmental Disabilities, 118(6), 387–402. https://doi.org/10.1352/1944-7558-118.6.387

Landa, R., & Garrett-Mayer, E. (2006). Development in infants with autism spectrum disorders: A prospective study. Journal of Child Psychology and Psychiatry, 47(6), 629–638. https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.2006.01531.x

Leaf, J. B., Leaf, R., McEachin, J., Taubman, M., Ala'i-Rosales, S., Ross, R. K., Smith, T., & Weiss, M. J. (2016). Applied Behavior Analysis is a Science and, Therefore, Progressive. Journal of autism and developmental disorders, 46(2), 720–731. https://doi.org/10.1007/s10803-015-2591-6

Leaf, J.B., Cihon, J.H., Ferguson, J.L. (2022). The Relationship of Early Intensive Behavioral Intervention and Adulthood for Autistics/Individuals Diagnosed with Autism Spectrum Disorder. In: Leaf, J.B., Cihon, J.H., Ferguson, J.L., Gerhardt, P.F. (eds) Handbook of Quality of Life for Individuals with Autism Spectrum Disorder. Autism and Child Psychopathology Series. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-98507-3_15

Leaf, R., & McEachin, J. (2016). The Lovaas model: Love it or hate it, but first understand it. In R. G. Romanczyk & J. McEachin (Eds.), Comprehensive models of autism spectrum disorder treatment (pp. 7–43). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-319-40904-7_2

Lovaas, O. I. (1987). Behavioral treatment and normal educational and intellectual functioning in young autistic children. Journal of Consulting and Clinical Psychology, 55(1), 3–9. https://doi.org/10.1037/0022-006X.55.1.3

Muldoon, D. M., & Gray, R. (2023). Teaching receptive vocabulary to minimally verbal preschoolers with autism spectrum disorder: A single-case multiple baseline design. American Journal of Speech-Language Pathology, 32(6), 3036–3047. https://doi.org/10.1044/2023_AJSLP-23-00095

Peters-Scheffer, N., Didden, R., Korzilius, H., & Sturmey, P. (2011). A meta-analytic study on the effectiveness of comprehensive ABA-based early intervention programs for children with Autism Spectrum Disorders. Research in Autism Spectrum Disorders, 5(1), 60–69. https://doi.org/10.1016/j.rasd.2010.03.011

Reichow, B., Barton, E. E., Boyd, B. A., & Hume, K. (2012). Early intensive behavioral intervention (EIBI) for young children with autism spectrum disorders (ASD). Cochrane Database of Systematic Reviews, (10), CD009260. https://doi.org/10.1002/14651858.CD009260.pub2

Saar, K. W., Saar, M., & Bellon-Harn, M. (2023). Upvote or downvote ABA for autism? Content and support in Reddit posts. Journal of Consumer Health on the Internet, 27(2), 119–138. https://doi.org/10.1080/15398285.2023.2183180

Sallows, G. O., & Graupner, T. D. (2005). Intensive behavioral treatment for children with autism: Four-year outcome and predictors. American Journal on Mental Retardation, 110(6), 417–438. https://doi.org/10.1352/0895-8017(2005)110[417:IBTFCW]2.0.CO;2

Sandoval-Norton, A. H., Shkedy, G., & Shkedy, D. (2019). How much compliance is too much compliance: Is long-term ABA therapy abuse? Cogent Psychology, 6(1), Article 1641258. https://doi.org/10.1080/23311908.2019.1641258

Shkedy, G., Shkedy, D., & Sandoval-Norton, A. H. (2021). Long-term ABA therapy is abusive: A response to Gorycki, Ruppel, and Zane. Advances in Neurodevelopmental Disorders, 5, 126–134. https://doi.org/10.1007/s41252-021-00200-5

Singh, L., & Harrow, M. S. (2014). Influences of semantic and prosodic cues on word repetition and categorization in autism. Journal of Speech, Language, and Hearing Research, 57(5), 1764–1778. https://doi.org/10.1044/2014_JSLHR-L-13-01

Sukenik, N., & Friedmann, N. (2018). ASD is not DLI: Individuals with autism and individuals with syntactic DLI show similar performance level in syntactic tasks, but different error patterns. Frontiers in Psychology, 9, 279. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2018.00279

Sukenik, N., & Tuller, L. (2023). Lexical semantic knowledge of children with ASD–a review study. Review Journal of Autism and Developmental Disorders, 10(1), 130–143. https://doi.org/10.1007/s40489-021-00272-9

Sundberg, M. L., & Michael, J. (2001). The benefits of Skinner's analysis of verbal behavior for children with autism. Behavior Modification, 25(5), 698–724. https://doi.org/10.1177/0145445501255003

Tager-Flusberg, H., & Joseph, R. M. (2003). Identifying neurocognitive phenotypes in autism. Philosophical Transactions of the Royal Society of London. Series B: Biological Sciences, 358(1430), 303–314. https://doi.org/10.1098/rstb.2002.1198

Ventola, P. R. L. Koegel and L. K. Koegel: The PRT Pocket Guide: Pivotal Response Treatment for Autism Spectrum Disorders. Journal of Autism and Developmental Disorders, 43, 247–248 (2013). https://doi.org/10.1007/s10803-012-1572-2

Vogindroukas, I., Papageorgiou, V., & Vostanis, P. (2003). Pattern of semantic errors in autism: A brief research report. Autism: The International Journal of Research and Practice, 7(2), 195–203. https://doi.org/10.1177/1362361303007002006

Yu, Q., Li, E., Li, L., & Liang, W. (2020). Efficacy of interventions based on applied behavior analysis for autism spectrum disorder: A meta-analysis. Psychiatry Investigation, 17(5), 432–443. https://doi.org/10.30773/pi.2019.0229

Балобанова, В. П., Богданова, Л. Г., Венедиктова, Л. В., Воробей, Т. Т., Лалаева, Р. И., Липакова, В. И., Логинова, Е. А., Лопатина, Л. В., Нищева, Н. В., Павлова, Л. Н., Прищепова, И. В., Серебрякова, Н. В., Соломаха, Л. С., Титова, Т. А., Чистович, И. А., Чуйкова, Г. Н., & Яковлев, С. Б. (2000). Диагностика нарушений речи у детей и организация логопедической работы в условиях дошкольного учреждения: Сборник методических рекомендаций. Детство-Пресс.

Даулбаева, А. М., Алшинбаева, А. А., Толендиева, К. С., Рсалдинова, А. К., Махмут, С. Қ., Турикбаева, А. Р., Мурзалиева, Ж. С., Криворучко, В. С., Әбибулла, Б. Д., Молдагалиева, Ш. Б., Бидайбаева, А. А., Камалиева, А. М., Дузбаева, Ж. Т., & Нүрмаметова, М. Д. (2022). Организация учебно-развивающего пространства для детей с РАС и сопутствующими диагнозами в условиях дополнительного образования. Благотворительный Частный Фонд «NEXT GENERATION FOUNDATION», ГККП «Дом школьников № 7» Управления образования г. Алматы.

Ерсарина, А. К., Джангельдинова, З. Б., & Айтжанова, Р. К. (2020). Специальная развивающая программа для детей с аутизмом. ННПЦКП КП.

Жунусова, А. А., Халыкова, Б. С., Рсалдинова, А. К., Аханова, Ж. Б., Мешимбаева, А. Е., Шаф, С. В., Мурзалиева, Ж. С., Криворучко, В. С., Бидайбаева, А. А., & Аберемко, Д. В. (2020). Обучение детей с расстройствами аутистического спектра: принципы и подходы. Методическое пособие. Zialy baspasy

Эрц, Ю., & Мелешкевич, О. (2023) Особые дети: Введение в прикладной анализ поведения. Бахрах-М

References

Baer, D. M., Wolf, M. M., & Risley, T. R. (1968). Some current dimensions of applied behavior analysis. Journal of Applied Behavior Analysis, 1(1), 91–97. https://doi.org/10.1901/jaba.1968.1-91

Balobanova, V. P., Bogdanova, L. G., Venediktova, L. V., Vorobey, T. T., Lalaeva, R. I., Lipakova, V. I., Loginova, E. A., Lopatina, L. V., Nischeva, N. V., Pavlova, L. N., Prishchepova, I. V., Serebryakova, N. V., Solomakha, L. S., Titova, T. A., Chistovich, I. A., Chuykova, G. N., & Yakovlev, S. B. (2000). Diagnosis of speech disorders in children and organization of speech therapy in preschool settings: A collection of methodological recommendations. [Diagnostika narusheniy rechi u detey i organizatsiya logopedicheskoy raboty v usloviyakh doshkol'nogo uchrezhdeniya: Sbornik metodicheskikh rekomendatsiy]. Detstvo-Press.

Barone, R., Spampinato, C., Pino, C., Palermo, F., Scuderi, A., Zavattieri, A., Gulisano, M., Giordano, D., & Rizzo, R. (2019). Online comprehension across different semantic categories in preschool children with autism spectrum disorder. PLoS ONE, 14(2), Article e0211802. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0211802

Bernstein, D. K., & Tiegerman-Farber, E. (2009). Language and communication disorders in children (6th ed.). Pearson/Allyn & Bacon.

Bruinsma, Y. E. M., Minjarez, M. B., Schreibman, L., & Stahmer, A. C. (Eds.). (2020). Naturalistic developmental behavioral interventions for autism spectrum disorder. Paul H. Brookes Publishing Co.

Cantiani, C., Choudhury, N. A., Yu, Y. H., Shafer, V. L., Schwartz, R. G., & Benasich, A. A. (2016). From sensory perception to lexical-semantic processing: An ERP study in non-verbal children with autism. PLOS ONE, 11(8), Article e0161637. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0161637

Carr, E. G., & Durand, V. M. (1985). Reducing behavior problems through functional communication training. Journal of Applied Behavior Analysis, 18(2), 111–126. https://doi.org/10.1901/jaba.1985.18-111

Coderre, E. L., Chernenok, M., Gordon, B., & Ledoux, K. (2017). Linguistic and non-linguistic semantic processing in individuals with autism spectrum disorders: An ERP study. Journal of Autism and Developmental Disorders, 47(3), 795–812. https://doi.org/10.1007/s10803-016-2985-0

Cooper, J. O., Heron, T. E., & Heward, W. L. (2020). Applied behavior analysis (Global ed.). Pearson Education.

Daulbayeva, A. M., Alshinbayeva, A. A., Tolendiyeva, K. S., Rsaldinova, A. K., Makhmut, S. Q., Turikbayeva, A. R., Murzaliyeva, Zh. S., Krivoruchko, V. S., Abibulla, B. D., Moldagaliyeva, Sh. B., Bidaybayeva, A. A., Kamaliyeva, A. M., Duzbayeva, Zh. T., & Nurmametova, M. D. (2022). Organization of an educational-developmental space for children with ASD and comorbid diagnoses in the context of supplementary education [Organizatsiya uchebno-razvivayushchego prostranstva dlya detey s RAS i soputstvuyushchimi diagnozami v usloviyakh dopolnitelnogo obrazovaniya] Charitable Private Foundation "NEXT GENERATION FOUNDATION", State Communal Government Enterprise "House of Schoolchildren No. 7" of the Department of Education of Almaty City. (in Russian)

Delprato, D. J. (2001). Comparisons of discrete-trial and normalized behavioral language intervention for young children with autism. Journal of Autism and Developmental Disorders, 31(3), 315–325. https://doi.org/10.1023/A:1010747303957

DiStefano, C., Senturk, D., & Jeste, S. S. (2019). ERP evidence of semantic processing in children with ASD. Developmental Cognitive Neuroscience, 36, Article 100640. https://doi.org/10.1016/j.dcn.2019.100640

Ellawadi, A. B., Fein, D., & Naigles, L. R. (2017). Category structure and processing in 6-year-old children with autism. Autism research: official journal of the International Society for Autism Research, 10(2), 327–336. https://doi.org/10.1002/aur.1652

Ersarina, A. K., Djangeldinova, Z. B., & Aitzhanova, R. K. (2020). Special'naya razvivayushchaya programma dlya detey s autizmom [A special educational program for children with autism]. National Scientific and Practical Center of Correctional Pedagogy. (in Russian)

Erts, Yu., & Meleshkevich, O. (2023). Special children: Introduction to applied behavior analysis. [Osobye deti: Vvedenie v prikladnoy analiz povedeniya]. Bakhrakh-M. (in Russian)

Fishman, I., Yam, A., Bellugi, U., & Mills, D. (2011). Contrasting patterns of language-associated brain activity in autism and Williams syndrome. Cerebral Cortex, 21(5), 967–975. https://doi.org/10.1093/cercor/bhq159

Garrido, D., López, B., & Carballo, G. (2024). Bilingualism and language in children with autistic spectrum disorder: A systematic review. Neurología (English Edition), 39(1), 84–96. https://doi.org/10.1016/j.nrleng.2023.12.007

Hani, H. A. B. (2015). Language-impaired children with Autism Spectrum Disorders and children with Specific Language Impairment: Similar language abilities but distinct memory profiles (Master's thesis). Montreal.

Hirota, T., & King, B. H. (2023). Autism spectrum disorder: A review. JAMA, 329(2), 157–168. https://doi.org/10.1001/jama.2022.23661

Howard, J. S., Sparkman, C. R., Cohen, H. G., Green, G., & Stanislaw, H. (2005). A comparison of intensive behavior analytic and eclectic treatments for young children with autism. Research in Developmental Disabilities, 26(4), 359–383. https://doi.org/10.1016/j.ridd.2004.09.005

Hyman, S. L., Levy, S. E., Myers, S. M., Council on Children with Disabilities, Section on Developmental and Behavioral Pediatrics, Kuo, D. Z., Apkon, S., Davidson, L. F., Ellerbeck, K. A., Foster, J. E. A., Noritz, G. H., Leppert, M. O., Saunders, B. S., Stille, C., Yin, L., Weitzman, C. C., Childers, D. O., Levine, J. M., Peralta-Carcelen, A. M., ... Bridgemohan, C. (2020). Identification, evaluation, and management of children with autism spectrum disorder. Pediatrics, 145(1), Article e20193447. https://doi.org/10.1542/peds.2019-3447

Kasari, C., Shire, S., Shih, W., Landa, R., Levato, L., & Smith, T. (2023). Spoken language outcomes in limited language preschoolers with autism and global developmental delay: RCT of early intervention approaches. Autism Research, 16(6), 1236–1246. https://doi.org/10.1002/aur.2932

Kover, S. T., McDuffie, A., Hagerman, R. J., & Abbeduto, L. (2013). Receptive vocabulary in boys with autism spectrum disorder: Cross-sectional developmental trajectories. American Journal on Intellectual and Developmental Disabilities, 118(6), 387–402. https://doi.org/10.1352/1944-7558-118.6.387

Landa, R., & Garrett-Mayer, E. (2006). Development in infants with autism spectrum disorders: A prospective study. Journal of Child Psychology and Psychiatry, 47(6), 629–638. https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.2006.01531.x

Leaf, J. B., Leaf, R., McEachin, J., Taubman, M., Ala'i-Rosales, S., Ross, R. K., Smith, T., & Weiss, M. J. (2016). Applied Behavior Analysis is a Science and, Therefore, Progressive. Journal of autism and developmental disorders, 46(2), 720–731. https://doi.org/10.1007/s10803-015-2591-6

Leaf, J.B., Cihon, J.H., Ferguson, J.L. (2022). The Relationship of Early Intensive Behavioral Intervention and Adulthood for Autistics/Individuals Diagnosed with Autism Spectrum Disorder. In: Leaf, J.B., Cihon, J.H., Ferguson, J.L., Gerhardt, P.F. (eds) Handbook of Quality of Life for Individuals with Autism Spectrum Disorder. Autism and Child Psychopathology Series. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-98507-3_15

Leaf, R., & McEachin, J. (2016). The Lovaas model: Love it or hate it, but first understand it. In R. G. Romanczyk & J. McEachin (Eds.), Comprehensive models of autism spectrum disorder treatment (pp. 7–43). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-319-40904-7_2

Lovaas, O. I. (1987). Behavioral treatment and normal educational and intellectual functioning in young autistic children. Journal of Consulting and Clinical Psychology, 55(1), 3–9. https://doi.org/10.1037/0022-006X.55.1.3

Muldoon, D. M., & Gray, R. (2023). Teaching receptive vocabulary to minimally verbal preschoolers with autism spectrum disorder: A single-case multiple baseline design. American Journal of Speech-Language Pathology, 32(6), 3036–3047. https://doi.org/10.1044/2023_AJSLP-23-00095

Peters-Scheffer, N., Didden, R., Korzilius, H., & Sturmey, P. (2011). A meta-analytic study on the effectiveness of comprehensive ABA-based early intervention programs for children with Autism Spectrum Disorders. Research in Autism Spectrum Disorders, 5(1), 60–69. https://doi.org/10.1016/j.rasd.2010.03.011

Reichow, B., Barton, E. E., Boyd, B. A., & Hume, K. (2012). Early intensive behavioral intervention (EIBI) for young children with autism spectrum disorders (ASD). Cochrane Database of Systematic Reviews, (10), CD009260. https://doi.org/10.1002/14651858.CD009260.pub2

Saar, K. W., Saar, M., & Bellon-Harn, M. (2023). Upvote or downvote ABA for autism? Content and support in Reddit posts. Journal of Consumer Health on the Internet, 27(2), 119–138. https://doi.org/10.1080/15398285.2023.2183180

Sallows, G. O., & Graupner, T. D. (2005). Intensive behavioral treatment for children with autism: Four-year outcome and predictors. American Journal on Mental Retardation, 110(6), 417–438. https://doi.org/10.1352/0895-8017(2005)110[417:IBTFCW]2.0.CO;2

Sandoval-Norton, A. H., Shkedy, G., & Shkedy, D. (2019). How much compliance is too much compliance: Is long-term ABA therapy abuse? Cogent Psychology, 6(1), Article 1641258. https://doi.org/10.1080/23311908.2019.1641258

Shkedy, G., Shkedy, D., & Sandoval-Norton, A. H. (2021). Long-term ABA therapy is abusive: A response to Gorycki, Ruppel, and Zane. Advances in Neurodevelopmental Disorders, 5, 126–134. https://doi.org/10.1007/s41252-021-00200-5

Singh, L., & Harrow, M. S. (2014). Influences of semantic and prosodic cues on word repetition and categorization in autism. Journal of Speech, Language, and Hearing Research, 57(5), 1764–1778. https://doi.org/10.1044/2014_JSLHR-L-13-01

Sukenik, N., & Friedmann, N. (2018). ASD is not DLI: Individuals with autism and individuals with syntactic DLI show similar performance level in syntactic tasks, but different error patterns. Frontiers in Psychology, 9, 279. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2018.00279

Sukenik, N., & Tuller, L. (2023). Lexical semantic knowledge of children with ASD–a review study. Review Journal of Autism and Developmental Disorders, 10(1), 130–143. https://doi.org/10.1007/s40489-021-00272-9

Sundberg, M. L., & Michael, J. (2001). The benefits of Skinner's analysis of verbal behavior for children with autism. Behavior Modification, 25(5), 698–724. https://doi.org/10.1177/0145445501255003

Tager-Flusberg, H., & Joseph, R. M. (2003). Identifying neurocognitive phenotypes in autism. Philosophical Transactions of the Royal Society of London. Series B: Biological Sciences, 358(1430), 303–314. https://doi.org/10.1098/rstb.2002.1198

Ventola, P. R. L. Koegel and L. K. Koegel: The PRT Pocket Guide: Pivotal Response Treatment for Autism Spectrum Disorders. Journal of Autism and Developmental Disorders, 43, 247–248 (2013). https://doi.org/10.1007/s10803-012-1572-2

Vogindroukas, I., Papageorgiou, V., & Vostanis, P. (2003). Pattern of semantic errors in autism: A brief research report. Autism: The International Journal of Research and Practice, 7(2), 195–203. https://doi.org/10.1177/1362361303007002006

Yu, Q., Li, E., Li, L., & Liang, W. (2020). Efficacy of interventions based on applied behavior analysis for autism spectrum disorder: A meta-analysis. Psychiatry Investigation, 17(5), 432–443. https://doi.org/10.30773/pi.2019.0229

Zhunusova, A. A., Khalykova, B. S., Rsaldinova, A. K., Akhanova, Zh. B., Meshimbaeva, A. E., Shaf, S. V., Murzaliyeva, Z. S., Krivoruchko, V. S., Bidaybayeva, A. A., & Aberemko, D. V. (2020). Obucheniye detey s rasstroystvami autisticheskogo spektra: printsipy i podkhody: metodicheskoye posobiye [Teaching children with autism spectrum disorders: Principles and approaches: A methodological guide]. Zialy baspasy. (in Russian)

Information about authors:

Bekmurat Aidos Tamdybekuly – PhD, Senior Lecturer of the Educational Program "Pedagogy, Psychology, and Primary Education Methodology", Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: bekaidos61@gmail.com).

Autayeva Akbota Nursultanovna – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akbota-n@mail.ru).

Ewa Maria Kulesza – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Maria Grzegorzewska University (Warsaw, Poland, e-mail: ekulesza@aps.edu.pl).

Kalykbaeva Almagul Zhakhanovna – PhD, Senior Lecturer of the Department of Special Pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru).

Авторлар туралы мәлімет:

Бекмурат Айдос Тамдыбекұлы – PhD докторы, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда , Қазақстан, e-mail: bekaidos61@gmail.com).

Аутаева Ақбота Нұрсұлтановна – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: akbota-n@mail.ru).

Ева Мария Кулеша – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Мария Гжегожевская атындағы арнайы педагогика академиясы (Варшава , Польша, e-mail: ekulesza@aps.edu.pl).

Калыкбаева Алмагул Жакановна – PhD докторы, Арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru).

Сведения об авторах:

Бекмурат Айдос Тамдыбекулы – доктор PhD, старший преподаватель образовательной программы «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Кызылорда, Казахстан, e-mail: bekaidos61@gmail.com).

Аутаева Акбота Нурсултановна – кандидат психологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: akbota-n@mail.ru).

Ева Мария Кулеша – доктор педагогических наук, профессор, Академия специальной педагогики имени Марии Гжегожевской (Варшава, Польша, e-mail: ekulesza@aps.edu.pl).

Калыкбаева Алмагуль Жакановна – доктор PhD, старший преподаватель кафедры специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: almagulkalykbaeva@yandex.ru).

Келіп түсті: 21.05.2025
Қабылданды: 01.03.2026

ҒТАМР 14.29.35 https://doi.org/10.26577/JES861202612

Ж.А. Карибаев[1*], А.Б. Махамбетова[2], М.С. Каракулова[3], Г.А. Испамбетова[4]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
[4]Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы , Қазақстан
*e-mail: zhasulan_aldabergen.84@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА: БАЛАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің дамуы инклюзивтілік, тең қолжетімділік және гуманистік қағидаларға негізделіп отыр. Инклюзивті орта – білім алушылардың жеке ерекшіліктерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу үдерісіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етуді көздейді. Бұл мақалада инклюзивті орта жағдайында балаларды қабылдау және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – инклюзивті білім беру ортасында балаларды қабылдау үдерісінің ерекшеліктерін анықтау және тиімді қолдау тетіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге талдау жасау, сауалнама және жартылай құрылымданған сұхбат әдістері қолданылды. Сауалнама жалпы білім беру ұйымдарында қызмет ететін педагогтер мен болашақ мұғалімдер арасында жүргізілді. Сауалнамаға 32 респондент қатысты. Нәтижелер инклюзивті ортада балаларды табысты қабылдау үшін педагогтердің инклюзивті құзыреттерін дамыту, ата-аналармен жүйелі ынтымақтастық орнату және психологиялық қолдау қызметін күшейту қажеттігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері негізінде инклюзивті ортада балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың үшдеңгейлі құрылымдық моделі ұсынылды. Инклюзивті ортада қолдау көрсетудің жүйелі моделі балалардың әлеуметтік бейімделуіне, оқу мотивациясының артуына және эмоционалдық жай-күйінің тұрақтануына оң әсер ететінін дәлелдейді.

Зерттеу қорытындылары инклюзивті білім беру тәжірибесін жетілдіруге және педагогтердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: инклюзивті орта, балаларды қабылдау, психологиялық қолдау, педагогикалық қолдау, ерекше білім беруді қажет ететін балалар.

Zh. Karibayev[1*], A. Makhambetova[2],
M. Karakulova[3], G. Ispambetova[4]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Egyptian University of Islamic Culturer “Nur-Mubarak” Almaty, Kazakhstan
[3]Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yessenov, Aktau, Kazakhstan
[4]Almaty Humanitarian-Economic University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: zhasulan_aldabergen.84@mail.ru

Inclusive Environment: Acceptance and Support of Children

At the present stage, the development of the education system is grounded in the principles of inclusiveness, equal access, and humanistic values. An inclusive environment aims to ensure the full participation of learners in the educational process by taking into account their individual characteristics, including children with special educational needs. This article comprehensively examines the issues of children’s admission and the organization of psychological and pedagogical support within an inclusive educational setting.

The main objective of the study is to identify the specific features of the admission process in inclusive education and to provide a scientific justification for effective support mechanisms. The research employed methods of scientific literature analysis, questionnaire survey, and semi-structured interviews. The survey was conducted among teachers and prospective educators working in general education institutions. 32 respondents participated in the survey.

© 2026 Al-Farabi Kazakh National University

The findings indicate the necessity of developing teachers' inclusive competencies, establishing systematic cooperation with parents, and strengthening psychological and pedagogical support services to ensure the successful inclusion of children in mainstream education.

Based on the research results, a three-level structural model for organizing children's admission and psychological-pedagogical support in an inclusive educational environment is proposed. The systematic support model contributes to children's social adaptation, enhances academic motivation, and stabilizes their emotional well-being.

The study findings may be used to improve inclusive education practices and to develop practical recommendations aimed at enhancing teachers' professional training.

Keywords: inclusive environment, children's admission, psychological support, pedagogical support, children with special educational needs.

Ж.А. Карибаев[1*], А.Б. Махамбетова[2],
М.С. Каракулова[3], Г.А. Испамбетова[4]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[2]Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан
[3]Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Актау, Казахстан
[4]Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан
*e-mail: zhasulan_aldabergen.84@mail.ru

Инклюзивная среда: принятие и поддержка детей

В современный период развитие системы образования основывается на принципах инклюзивности, равного доступа и гуманистических ценностей. Инклюзивная среда направлена на обеспечение полноценного участия обучающихся в образовательном процессе с учетом их индивидуальных особенностей, включая детей с особыми образовательными потребностями. В данной статье рассматриваются вопросы приема детей и организации психолого-педагогической поддержки в условиях инклюзивной образовательной среды. Цель исследования – выявление особенностей процесса приема детей в условиях инклюзивного образования и научное обоснование эффективных механизмов их поддержки.

В ходе исследования были использованы методы анализа научной литературы, анкетирование и полуструктурированное интервью. Анкетирование проводилось среди педагогов и будущих учителей, работающих в организациях общего среднего образования. В опросе участвовало 32 респондента. Результаты показали необходимость развития инклюзивных компетенций педагогов, установления системного взаимодействия с родителями и усиления деятельности психолого-педагогической службы для успешного приема детей в инклюзивной среде. На основе полученных результатов предложена трехуровневая структурная модель приема детей и организации психолого-педагогической поддержки в инклюзивной образовательной среде. Системная модель поддержки способствует социальной адаптации детей, повышению учебной мотивации и стабилизации их эмоционального состояния.

Выводы исследования могут быть использованы для совершенствования практики инклюзивного образования и разработки практических рекомендаций, направленных на повышение профессиональной подготовки педагогов.

Ключевые слова: инклюзивная среда, прием детей, психолого-педагогическая поддержка, педагогическая поддержка, дети с особыми образовательными потребностями.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – әрбір баланың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасау. Осы тұрғыда инклюзивті білім беру идеясы халықаралық және ұлттық деңгейде аса назарға ие болуда. Инклюзивті орта – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына бейімдеуді көздеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар барлық білім алушылар үшін жақсы орта, қауіпсіз аймақ қалыптастыруды көздейтін күрделі педагогикалық процесс.

Қазіргі даму кезеңінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы, ата-аналардың жалпы білім беру ұйымдарында оқытуға деген сұранысының күшеюі инклюзивті ортаны дамыту мәселесін өзекті ете түсуде. Білім беру ұйымдарында инклюзивті саясатты іске асыру балаларды қабылдаудың жаңа тәсілдерін, педагогикалық өзара әрекеттестіктің өзгеруін және психологиялық қолдау жүйесінің тиімді ұйымдастырылуын талап етеді. Инклюзивті ортада баланы қабылдау – оның физикалық тұрғыда

ғана емес, әлеуметтік және эмоционалдық деңгейде де ұжымға бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды кезең болып табылады.

Осыған байланысты инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру тек жалпы декларативті ұстанымдармен шектелмей, нақты құрылымдық және әдістемелік шешімдерді талап етеді. Әсіресе балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру механизмдерін жүйелеу, нормативтік талаптар мен мектеп практикасының өзара байланысын нақтылау өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл жағдай инклюзивті ортаны ұйымдастырудың теориялық негіздері мен практикалық іске асырылуын кешенді зерттеуді қажет етеді. Баланың өзін қауіпсіз сезінуі, құрдастарымен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуы және оқу үдерісіне белсенді қатысуы көбіне педагогикалық қолдаудың сапасына байланысты және психологиялық қолдау инклюзивті ортаның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Психологиялық қолдау баланың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның әлеуеттік мүмкіндіктерін ашуға, әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталады (ЮНЕСКО, 2021).

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылып, жалпы білім беру ұйымдарын ерекше білім беруді қажет ететін балаларды (ЕББҚ) толыққанды қабылдауға институционалдық тұрғыдан міндеттейді (Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2023).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім алушылардың тең қолжетімділік құқығын заңнамалық деңгейде бекітеді (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2022). Дегенмен, нормативтік бекітілу мен нақты мектеп практикасы арасында бірқатар қайшылықтар сақталуда.

Қазіргі инклюзия жағдайында мектептер тек физикалық қолжетімділікті қамтамасыз етумен шектелмей, бейімделген білім беру бағдарламаларын енгізуге, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін (ППҚҚ) жүйелеуге және мультидисциплинарлық командалық жұмыс моделін қалыптастыруға міндетті. Дегенмен тәжірибеде балаларды қабылдау үдерісі көбіне формалды сипатта ұйымдастырылып, эмоционалдық бейімделу, ата-анамен серіктестік және педагогтердің инклюзивті құзыреттілігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмей отыр.

Ғылыми әдебиеттерде инклюзивті білім беру мәселелері кеңінен қарастырылғанымен, қазіргі инклюзивті білім беруге көшу кезеңіндегі балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың модельдік негізі отандық практика тұрғысынан жүйелі талданбаған. Осы жағдай зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу өзектілігі – қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың институционалдық, командалық және жеке деңгейлерін өзара байланыстыратын жүйелі модельдің мектеп практикасы тұрғысынан жеткілікті деңгейде ғылыми негізделмеуінде.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін талдау және тиімді үшдеңгейлі құрылымдық модель ұсыну.

Зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер айқындалды:

Зерттеудің міндеттері:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориялық негіздерін талдау.

2. Инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құжаттардың мазмұнын зерделеу.

3. Мектеп практикасына эмпирикалық зерттеу жүргізу арқылы қолдау қызметінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін анықтау.

4. Алынған нәтижелер негізінде балаларды қабылдау мен қолдаудың тиімді үшдеңгейлі құрылымдық моделін ұсыну.

Әдебиетке шолу

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру әлеуметтік әділеттілік, тең мүмкіндік және адам құқықтары қағидаттарына негізделген білім беру парадигмасы ретінде қарастырылады. Инклюзивті білім беру тек ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдарына енгізу емес, білім беру жүйесінің мәдениетін, саясатын және педагогикалық тәжірибесін жүйелі трансформациялауды талап ететін кешенді үдеріс болып табылады.

ЮНЕСКО (2020) зерттеулері жаһандық мониторинг есептерінде инклюзивті білім беру қатысу, қолжетімділік және нәтижеге қол жеткізу

арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық өзгеріс ретінде сипатталады. Үйым инклюзияны декларативті емес, институционалдық деңгейде іске асыру қажеттігін атап көрсетеді.

ЭЫДҰ (2019) зерттеулері инклюзивті жүйенің тиімділігі педагогтердің кәсіби дайындығына, қолдау қызметтерінің ұйымдастырылуына және ата-анамен серіктестік деңгейіне тәуелді екенін көрсетеді.

Эйнскоу М. (2020) зерттеуі инклюзивті білім беруде мектепті жетілдіру стратегиясы ретінде қарастырып, өзгерістер басқару, педагогикалық практика және мектеп мәдениеті деңгейінде қатар жүруі тиіс екенін дәлелдейді.

Рейндал С.М. (2016) инклюзивті білім беруді адам құқықтары контексінде талдап, физикалық қолжетімділік пен әлеуметтік қабылдау арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Оның пайымдауынша, шынайы инклюзия баланың ұжымда әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда қабылдануын қамтуы тиіс. Осы халықаралық тұжырымдамалар инклюзивті білім берудің жүйелік сипатын айқындайды. Алайда бұл идеяларды ұлттық контексте жүзеге асыру нормативтік база мен мектеп практикасының үйлесімділігіне тәуелді. Инклюзивті орта жағдайында «баланы қабылдау» ұғымы формалды тіркеу рәсімінен әлдеқайда кең мағынаға ие. Ол баланың әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық тұрғыда мектеп ұжымына интеграциялануын білдіреді.

Флориан Л. (2019) инклюзивті педагогиканың негізгі қағидаты ретінде «барлық оқушыға арналған оқыту» концепциясын ұсынады. Бұл тәсілде оқыту әдістері баланың ерекшелігіне бейімделеді, ал оқушы жүйеге емес, жүйе оқушыға икемделеді.

Френд М. (2018) бірлескен оқыту моделінің (co-teaching) инклюзивті сыныптағы әлеуметтік қабылдауды арттыратынын дәлелдейді. Бұл модель педагог пен арнайы маманның жүйелі ынтымақтастығын талап етеді.

Сли Р. (2021) инклюзивті білім берудің формализациялану қаупін атап көрсетеді. Оның пікірінше, инклюзия тек нормативтік талап деңгейінде орындалса, мектеп мәдениеті өзгермей, қабылдау формалды сипатта қалып қоюы мүмкін. Демек, балаларды қабылдау феномені педагогикалық әдістемемен ғана емес, мектептің құндылықтық жүйесімен де байланысты.

Инклюзивті ортада балалардың табысты бейімделуі психологиялық-педагогикалық қолдаудың жүйелілігіне тәуелді. Роуз Р., Далтон Дж. (2019) зерттеулері психологиялық қолдаудың мазасыздық деңгейін төмендетіп, оқу мотивациясын арттыратынын көрсетеді.

Вайсс М.П. (2020) кері байланыс пен қолдау қатынастарының оқушы жетістігіне елеулі әсер ететінін дәлелдейді. Командалық модельде педагог, психолог, әлеуметтік педагог және ата-ана өзара әрекеттесетін субъектілер ретінде қарастырылады. Дегенмен халықаралық зерттеулерде бұл модель көбіне теориялық сипатта беріліп, нақты нормативтік регламентпен жүйелі байланыста қарастырылмайды.

Отандық зерттеулер инклюзивті білім берудің жекелеген аспектілерін қарастырған. Құдайбергенова Б.Қ. (2019) инклюзивті ортаның психологиялық негіздерін талдаса, Нұрғалиева Г.К. (2020) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бағыттарын сипаттайды.

Түрсынова Т.Т. (2020) педагогтердің кәсіби даярлығы мәселесін көтереді, ал Сүлейменова Г.К. (2021) ата-анамен өзара әрекеттестік әлсіздігін атап өтеді. Назарова Л.С. (2022) педагог пен психолог арасындағы өзара әрекеттестіктің жүйесіздігін көрсетеді.

Бұл еңбектер инклюзивті білім берудің теориялық негізін қалыптастырғанымен, нормативтік талаптар мен мектеп практикасы арасындағы құрылымдық байланыс толық жүйеленбеген.

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) институционалдық түрғыда жаңаруда. Нормативтік құжаттар бейімделген оқу бағдарламаларын енгізу, жеке оқу жоспарын әзірлеу және мультидисциплинарлық командалық жұмысты ұйымдастыруды міндеттейді.

Тәжірибеде ППҚҚ қызметі көбіне диагностикалық сипатта қалып, профилактикалық және бейімделу кезеңіндегі жүйелі қолдау жеткіліксіз ұйымдастырылатыны байқалады. Бұл жағдай нормативтік талаптар мен нақты мектеп практикасы арасында алшақтықтың бар екенін көрсетеді.

Әдебиеттерді талдау мынаны көрсетеді:

- халықаралық деңгейде инклюзивті білім берудің философиялық және педагогикалық негіздері жеткілікті зерттелген;

- отандық контексте педагог даярлығы мен ата-анамен жұмыс мәселелері қарастырылған;

- нормативтік база қалыптасқан;

Бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың нормативтік талаптар мен мектеп практика-

сы арасындағы алшақтықты еңсеретін құрылымдық-модельдік негіз жеткілікті деңгейде ғылыми жүйеленбеген. Талданған теориялық тұжырымдар мен мектеп практикасы арасындағы қайшылық зерттеудің мазмұнын айқындап, оны қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың тиімді моделін әзірлеуге бағыттайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәжірибесін талдауға бағытталған эмпирикалық сипаттағы кешенді зерттеу ретінде ұйымдастырылды.

Зерттеудің логикалық негізі әдебиетке шолу барысында анықталған теориялық тұжырымдар мен мектеп практикасы арасындағы қайшылыққа сүйенеді. Атап айтқанда, нормативтік құжаттарда белгіленген психологиялық-педагогикалық қолдау талаптарының білім беру ұйымдары деңгейінде қаншалықты жүзеге асырылып отырғанын анықтау негізгі зерттеу бағыты ретінде айқындалды.

Зерттеу аралас әдіснама (mixed methods) қағидатына негізделді және сандық (сауалнама) мен сапалық (жартылай құрылымданған сұхбат) әдістерді біріктірді. Зерттеу 2025–2026 оқу жылында Алматы облысы «Бөлек батыр атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілді.

Зерттеуге инклюзивті ортада жұмыс тәжірибесі бар 32 педагог қатысты. Қатысушылар бастауыш және орта буын мұғалімдері болды. Барлығы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тікелей жұмыс істейді.

Қатысушыларды іріктеу мақсатты (purposeful sampling) тәсілмен жүзеге асырылды, себебі зерттеу нысаны – инклюзивті ортадағы нақты практикалық тәжірибе.

Зерттеу келесі сұрақтарға жауап беруге бағытталды:

1. Инклюзивті ортада балаларды қабылдау үдерісі педагогтер тарапынан қалай бағаланады?
2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы нормативтік талаптарға қаншалықты сәйкес келеді?
3. Педагог пен психологтің өзара әрекеттестігі практикада қалай жүзеге асады?
4. Ата-анамен серіктестік деңгейі қандай?
5. Педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби даярлық деңгейі қандай?

Бұл сұрақтар нормативтік талаптар мен мектеп практикасы арасындағы алшақтықты анықтауға бағытталды.

Сауалнама әдісі

Сауалнама педагогтердің балаларды қабылдау үдерісіне көзқарасын, психологиялық қолдау маңызын бағалауын, ППҚҚ қызметінің ұйымдастырылуын, ата-анамен өзара әрекеттестікті, кәсіби даярлық қажеттілігін анықтауға бағытталды.

Сауалнама 12 тұжырымнан тұрды және Google Forms платформасы арқылы жүргізілді. Сауалнама бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша жауап берілді («толықтай келісемін» – 5 баллдан «мүлдем келіспеймін» – 1 баллға дейін).

Тұжырымдар мазмұндық блоктар бойынша құрылды:

1-кесте

Сауалнамаға енгізілген мазмұндық блоктар мен тұжырымдары

№	Мазмұндық блок	Сауалнама тұжырымы
1	Балаларды қабылдау үдерісі	Инклюзивті ортада баланы қабылдау үдерісі арнайы психологиялық қолдауды талап етеді.
		Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке бейімделуі күрделі үдеріс болып табылады.
2	Эмоционалдық бейімделу	Инклюзивті ортада балалардың эмоционалдық жай-күйіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінеді.
3	Психологиялық қолдау	Психологиялық-педагогикалық қолдау балалардың оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.
4	ППҚҚ қызметі	Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылған.
		Балаларға арналған жеке қолдау шаралары тұрақты түрде жоспарланады.

Кестенің жалғасы

№	Мазмұндық блок	Сауалнама тұжырымы
5	Педагог–психолог өзара әрекеттестігі	Педагог пен психологтің бірлескен жұмысы инклюзивті ортада тиімді жүзеге асырылады.
		Мамандар арасындағы үйлесімді әрекет балалардың бейімделуін жеңілдетеді.
6	Ата-анамен серіктестік	Ата-аналар инклюзивті білім беру үдерісіне белсенді қатысады.
		Ата-анамен өзара әрекеттестік жүйелі түрде ұйымдастырылған.
7	Кәсіби даярлық	Инклюзивті ортада жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби даярлық қажет.
		Педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін арттыруға жағдай жасалған.
Бағалау шкаласы Барлық тұжырымдар 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды: 1 – мүлдем келіспеймін 2 – келіспеймін 3 – бейтарап 4 – келісемін 5 – толықтай келісемін		

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Алынған деректер сипаттамалық статистика әдістерімен өңделді (пайыздық көрсеткіштер, орташа мәндер). Сауалнама нәтижелерін толықтыру және нақтылау мақсатында 6 педагогпен жартылай құрылымданған сұхбат жүргізілді. Сұхбат алдын ала әзірленген сұрақтар негізінде ұйымдастырылды, бірақ респонденттердің жеке тәжірибесін кеңінен баяндауына мүмкіндік беретін еркін форматта өтті.

Сұхбат барысында инклюзивті ортада баланы қабылдау кезінде туындайтын қиындықтар, балалардың эмоционалдық бейімделу ерекшеліктері, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәжірибесі, ата-анамен өзара әрекеттестік, ППҚҚ қызметінің тиімділігі, командалық жұмыс, норматив–практика сәйкестігі, кәсіби қажеттілік мәселелер қарастырылды. Әр сұхбат 25–30 минутқа созылып, жазбаша түрде тіркелді. Сұхбат материалдары мазмұндық талдау әдісімен өңделді: жауаптар негізгі ойлар бойынша топтастырылып, жиі қайталанатын пікірлер анықталды. Бұл тәсіл педагогтердің практикалық көзқарасын тереңірек талдауға мүмкіндік берді.

2-кесте
Сұхбат бағыттары мен сұрақтары

№	Сұрақ бағыты	Сұхбат сұрағы
1	Баланы қабылдау	Инклюзивті ортада баланы қабылдау барысында қандай негізгі қиындықтар кездеседі?
2	Эмоционалдық бейімделу	Балалардың мектепке бейімделу кезеңінде қандай эмоционалдық мәселелер байқалады?
3	ППҚҚ қызметі	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі сіздің мектебіңізде қалай ұйымдастырылған?
4	Командалық жұмыс	Педагог пен психологтің өзара әрекеттестігі қалай жүзеге асады?
5	Ата-анамен өзара әрекеттестік	Ата-анамен жұмыс барысында қандай қиындықтар туындайды?
6	Норматив–практика сәйкестігі	Нормативтік талаптар мен нақты мектеп практикасы арасында айырмашылық бар деп ойлайсыз ба? Егер болса, қандай?
7	Кәсіби қажеттілік	Инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеу үшін қандай қосымша қолдау немесе даярлық қажет деп санайсыз?

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Этика талаптары

Зерттеу барысында барлық этикалық талаптар сақталды. Қатысушылар зерттеуге ерікті түрде қатысқаны туралы жазбаша келісім берді. Жеке мәліметтер құпия ретінде сақталды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері инклюзивті орта жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру тәжірибесінің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Нәтижелер сауалнама деректерінің сандық талдауы және сұхбат материалдарының мазмұндық талдауы негізінде ұсынылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша педагогтердің 87,5%-ы инклюзивті ортада баланы қабылдау үдерісі арнайы психологиялық қолдауды талап ететінін атап көрсетті. Сонымен қатар 81,3% респондент ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке бейімделуі күрделі үдеріс екенін растады. Бұл көрсеткіштер балаларды қабылдау формалды рәсім емес, көпқырлы психологиялық және әлеуметтік процесс екенін дәлелдейді.

Сұхбат барысында педагогтер алғашқы бейімделу кезеңінде мазасыздық, түйықталу және қарым-қатынас қиындықтары жиі кездесетінін атап өтті. Кейбір мұғалімдер балаларды қабылдау үдерісі көбіне сыныпқа орналастыру, құжат рәсімдеу және оқу процесіне енгізу сияқты ұйымдастырушылық шаралармен шектелетінін, ал баланың эмоционалдық бейімделуіне жеткілікті көңіл бөлінбейтінін атап өтті. Бұл деректер теориялық тұжырымдарда айтылған қабылдаудың әлеуметтік-эмоционалдық аспектісінің практикада толық іске аспай отырғанын көрсетеді.

«Инклюзивті ортада балалардың эмоционалдық жай-күйіне жеткілікті көңіл бөлінеді» деген тұжырым бойынша жауаптар біркелкі болмады: 43,8% келіссе, 31,2% келіспейтінін білдірді. Бұл нәтижелер эмоционалдық қолдау жүйесінің тұрақты емес екенін айқындайды. Сұхбат нәтижелері эмоционалдық мониторинг көбіне эпизодтық сипатта жүргізілетінін, жүйелі бейімделу бағдарламаларының жеткіліксіз екенін көрсетті.

Аталған деректер нормативтік құжаттарда көрсетілген кешенді қолдау талаптары мен мектеп практикасы арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Педагогтердің 84,4%-ы психологиялық қолдаудың оқу мотивациясына оң әсер ететінін растады. Сонымен қатар 90,6% педагог пен психологтің бірлескен жұмысының маңызын атап өтті. «ППҚҚ қызметі жүйелі ұйымдастырылған» деген тұжырым бойынша жауаптар салыстырмалы түрде төмен болды. Кейбір респонденттер қолдау көбіне проблемалық жағдай туындағанда ғана іске қосылатынын айтты. Сұхбат барысында ППҚҚ қызметі диагностикалық бағытта белсенді, бірақ профилактикалық және бейімделу кезеңіндегі жүйелі жұмыс әлсіз екені анықталды. Бұл жағдай нормативтік талаптарда көзделген мультидисциплинарлық командалық модельдің толық іске аспағанын көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері педагог пен психологтің бірлескен жұмысына жоғары баға берілгенін көрсетті (90,6%). Дегенмен сұхбат барысында бұл өзара әрекеттестіктің тұрақты құрылымдық форматта емес, көбіне жекелеген жағдайлар бойынша ұйымдастырылатыны анықталды. Яғни, өзара әрекеттестік бар, бірақ институционалдық деңгейде регламенттелген жүйелі модель ретінде қалыптаспаған.

Ата-анамен өзара әрекеттестікке қатысты нәтижелер біркелкі болмады: 40,6% педагог бұл жұмысты жүйелі деп бағаласа, 37,5% керісінше пікір білдірді.

Педагогтердің 93,8%-ы инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби даярлық қажет екенін көрсетті. Бұл нәтиже педагогтердің өз құзыреттілігін арттыруға сұранысының жоғары екенін айқындайды.

3-кесте

Инклюзивті ортада балаларды қабылдау және қолдауға қатысты сауалнама нәтижелері (n = 32)

№	Көрсеткіш	Келісемін және толықтай келісемін (%)	Орташа балл (M)
1	Баланы қабылдау арнайы психологиялық қолдауды талап етеді	87,5%	4,4
2	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бейімделуі күрделі	81,3%	4,2
3	Эмоционалдық жай-күйге жеткілікті көңіл бөлінеді	43,8%	3,1

Кестенің жалғасы

№	Көрсеткіш	Келісемін және толықтай келісемін (%)	Орташа балл (М)
4	Психологиялық қолдау оқу мотивациясына оң әсер етеді	84,4%	4,3
5	ППҚҚ қызметі жүйелі ұйымдастырылған	50,0% (шамамен)	3,3
6	Педагог–психолог бірлескен жұмысы тиімді	90,6%	4,5
7	Ата-анамен жұмыс жүйелі ұйымдастырылған	40,6%	3,0
8	Қосымша кәсіби даярлық қажет	93,8%	4,6

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Осылайша, алынған нәтижелер инклюзивті ортада балаларды қабылдау және қолдау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңыздылығын, сондай-ақ ата-анамен өзара әрекеттестік пен эмоционалдық қолдау бағытында шешуді талап ететін мәселелердің бар екенін көрсетті.

1-сурет

Инклюзивті ортада балаларды қабылдау және қолдауға қатысты сауалнама нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

1-суретте инклюзивті орта жағдайындағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі көрсеткіштерінің орташа мәндері ұсынылған. Диаграмма нәтижелері педагогтердің инклюзивті білім беру үдерісіне қатысты ұстанымдарының біркелкі емес екенін көрсетеді. Ең жоғары орташа балл қосымша кәсіби даярлық қажеттілігіне қатысты тіркелді (М=4,6).

Бұл педагогтердің инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттілікті арттыруға жоғары сұранысы бар екенін білдіреді. Сондай-ақ педагог пен психологтің бірлескен жұмысының тиімділігі жоғары бағаланған (М=4,5), бұл педагогтер психологпен, әлеуметтік педагогпен, әкімшілікпен және ата-анамен бірлесіп жұмыс істеудің маңызды екенін түсінеді және оны қолдайды. Баланы қабылдау үдерісінің арнайы психологиялық қолдауды талап ететіні (М=4,4) және психологиялық қолдаудың оқу мотивациясына оң әсері (М=4,3) де жоғары көрсеткіштерге ие болды. Эмоционалдық қолдаудың жеткіліктілігі (М=3,1), ППҚҚ қызметінің жүйелілігі (М=3,3) және ата-анамен серіктестік (М=3,0) салыстырмалы түрде төмен бағаланды. Бұл инклюзивті ортаның институционалдық және серіктестік компоненттерінде жүйелі ұйымдастырудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Жалпы алғанда, нәтижелер инклюзивті ортада психологиялық қолдаудың

маңыздылығы мойындалғанымен, оны құрылымдық және жүйелі деңгейде ұйымдастыру қажеттілігі бар екенін айқындайды. Бұл эмпирикалық деректер инклюзивті ортада балаларды қабылдау мен қолдаудың үшдеңгейлі құрылымдық моделін ұсынуға негіз болды.

4-кесте
Сұхбат нәтижелерінің мазмұндық талдауы

Тақырыптық бағыт	**Негізгі анықталған мәселелер**
Баланы қабылдау	Алғашқы кезеңде мазасыздық, әлеуметтік оқшаулану
Эмоционалдық бейімделу	Жүйелі мониторингтің болмауы
ППҚҚ қызметі	Диагностикалық бағыт басым, профилактика әлсіз
Командалық әрекет	Формалды емес, тұрақты модель жоқ
Ата-анамен жұмыс	Ақпараттандыру жеткіліксіз, белсенділік төмен
Кәсіби даярлық	Практикалық тренингтерге сұраныс жоғары

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Жартылай құрылымданған сұхбат нәтижелері педагогтердің инклюзивті ортадағы практикалық тәжірибесін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Мазмұндық талдау барысында жауаптар бірнеше тақырыптық санаттарға біріктірілді.

Бірінші санат – баланы қабылдау кезеңіндегі қиындықтар. Педагогтердің көпшілігі алғашқы бейімделу кезеңінде балалардың мазасыздығы, сыныптастарымен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтары және өзіне деген сенімсіздігі жиі байқалатынын атап өтті. Бұл қабылдау үдерісінің тек ұйымдастырушылық емес, эмоционалдық қолдауды қажет ететін кешенді процесс екенін көрсетеді.

Екінші санат – эмоционалдық бейімделу мәселелері. Сұхбат барысында педагогтер эмоционалдық жай-күйді жүйелі бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігін атап өтті. Көп жағдайда қолдау эпизодтық сипатта ұйымдастырылып, тұрақты мониторинг жүргізілмейтіні анықталды. Бұл жағдай сауалнама нәтижелеріндегі орташа көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуымен сәйкес келеді.

Үшінші санат – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. Педагогтердің пікірінше, ППҚҚ қызметі негізінен диагностикалық бағытта белсенді жұмыс істейді, алайда алдын алу және бейімделу кезеңіндегі қолдау шаралары жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Бұл нормативтік құжаттарда көзделген кешенді қолдау қағидаттарының практикада толық іске аспай отырғанын білдіреді.

Төртінші санат – командалық өзара әрекеттестік. Педагог пен психологтің ынтымақтастығы бар екені атап өтілгенімен, оның тұрақты регламенттелген форматта жүзеге аспайтыны анықталды. Көп жағдайда өзара әрекет жекелеген жағдайлар бойынша жүзеге асады, бұл құрылымдық модельдің қалыптаспағанын көрсетеді.

Бесінші санат – ата-анамен серіктестік. Сұхбат барысында ата-аналардың инклюзивті білім беру мазмұны туралы ақпараттану деңгейі әртүрлі екені және кей жағдайда белсенділік төмен болатыны айтылды. Бұл инклюзивті ортадағы серіктестік қатынастарды жүйелеу қажеттігін айқындайды.

Алтыншы санат – кәсіби даярлық қажеттілігі. Педагогтер инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеу үшін психологиялық аспектілер, мінез-құлық стратегиялары және жеке қолдау тәсілдері бойынша практикалық оқытуға сұраныс жоғары екенін көрсетті.

Жалпы алғанда, сұхбат нәтижелері сандық деректерді толықтырып, инклюзивті ортадағы қолдау жүйесінің бар екендігін, алайда оның құрылымдық және жүйелік деңгейде толық қалыптаспағанын айқындады. Бұл эмпирикалық деректер ұсынылған үшдеңгейлі модельді негіздеуге мүмкіндік береді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйым-

дастыру тәжірибесінің бірқатар ерекшеліктерін айқындады. Алынған деректер педагогтердің инклюзивті білім берудің маңызын түсінетінін және психологиялық қолдаудың қажеттілігін мойындайтынын көрсетті. Алайда нәтижелер нормативтік талаптар мен мектеп практикасы арасындағы белгілі бір алшақтықтың сақталып отырғанын да дәлелдейді.

Біріншіден, педагогтердің басым бөлігі баланы қабылдау үдерісін күрделі және арнайы психологиялық қолдауды талап ететін процесс ретінде бағалады. Бұл тұжырым халықаралық зерттеулердегі қабылдаудың әлеуметтік-эмоционалдық сипаты туралы идеялармен үндеседі. Дегенмен практикада эмоционалдық бейімделу жүйелі бағдарламалар арқылы емес, көбіне жекелеген жағдайлар деңгейінде жүзеге асырылатыны анықталды. Бұл жағдай инклюзивті ортаның мазмұндық емес, формалды ұйымдастырылу қаупін көрсетеді.

Екіншіден, педагог пен психологтің бірлескен жұмысына жоғары баға берілгенімен, сұхбат нәтижелері бұл әрекеттің институционалдық тұрғыда нақты регламенттелмегенін көрсетті. Яғни, өзара әрекеттестік бар, бірақ ол тұрақты модельге айналмаған. Бұл рецензент атап көрсеткен «психологиялық-педагогикалық қолдау тобы мамандарының қызметіндегі жаңа бағыттар қарастырылмаған» деген пікірмен тікелей байланысты. Шынында да, қолдау қызметі көбіне диагностикалық сипатта қалып, алдын алу және бейімделу кезеңіндегі жүйелі жұмыс жеткіліксіз ұйымдастырылған.

Үшіншіден, ата-анамен серіктестік мәселесінде де біркелкілік байқалмады. Нормативтік құжаттарда ата-анамен жұмыс инклюзивті ортаның маңызды құрамдас бөлігі ретінде белгіленгенімен, практикада бұл бағыт жүйелі форматта жүзеге аспай отыр. Бұл инклюзивті саясат пен нақты мектептік тәжірибе арасындағы құрылымдық қайшылықтың бар екенін көрсетеді.

Төртіншіден, педагогтердің 93,8%-ы инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби даярлық қажет екенін көрсетті. Бұл көрсеткіш педагогтердің инклюзивті құзыреттілікті дамытуға жоғары сұранысын білдіреді. Рецензент атап өткен «теориялық және практикалық негіздеу жеткіліксіз» деген сын да осы жерден туындайды: нормативтік талап бар, бірақ оны жүзеге асыратын кәсіби және ұйымдастырушылық механизмдер толық жүйеленбеген.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру нормативтік деңгейде бекітілгенімен, оны мектеп практикасына жүйелі енгізу механизмдерінің жеткілікті дәрежеде құрылымданбағанын көрсетті. Бұл жағдай инклюзивті ортаны ұйымдастыруда институционалдық, командалық және жеке деңгейлердің өзара байланысын қамтамасыз ететін модельдік шешімді қажет етеді.

Осыған байланысты инклюзивті ортада балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың үшдеңгейлі құрылымдық моделі ұсынылады (2-сурет).

1. Институционалдық деңгей – инклюзивті ортаның нормативтік және ұйымдастырушылық негізін қамтиды. Оның мақсаты – қолдау қызметін формалды емес, жүйелі түрде ұйымдастыру.

Негізгі мазмұны:

- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің нақты регламенті;
- бейімделген оқу бағдарламаларын енгізу;
- жеке оқу жоспарын әзірлеу;
- мультидисциплинарлық команданы бекіту;
- тұрақты мониторинг жүргізу.

Бұл деңгей инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік талаптар мен қолдау тетіктерін жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталған. Модельде аталған талаптар нақты құрылымдық деңгейде қарастырылып, оларды мектеп практикасына тиімді енгізу механизмдері ұсынылады

2. Командалық өзара әрекеттестік деңгейі – педагог, психолог, әлеуметтік педагог, әкімшілік және ата-ана арасындағы кәсіби серіктестікті жүйелеуге бағытталған.

Негізгі функциялары:

- бастапқы диагностика;
- бейімделу кезеңін бірлесіп жоспарлау;
- жеке қолдау стратегиясын келісу;
- жүйелі кері байланыс ұйымдастыру.

Зерттеу нәтижелері педагог пен психологтің бірлескен жұмысының маңызын көрсеткенімен, оның тұрақты модельге айналмағанын айқындады. Ұсынылған модель бұл әрекетті институционалдық деңгеймен байланыстырып, жүйелі форматқа келтіреді.

3. Жеке оқушы деңгейі – инклюзивті процестің орталық элементі болып табылады. Ол баланың нақты психологиялық және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі бағыттары:

- эмоционалдық мониторинг;
- жеке қолдау стратегиясы;
- оқу мотивациясын арттыру;
- әлеуметтік интеграцияны қолдау.

2-сурет
Инклюзивті ортада балаларды қабылдау мен қолдаудың үшдеңгейлі құрылымдық моделі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Бұл деңгей теориялық түрғыда қарастырылған қабылдау феноменін нақты практикалық әрекетке айналдырады.

Ұсынылған үшдеңгейлі модель бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру нормативтік құжаттар арқылы бекітілгенімен, мектептерде оны іске асыру көбіне ұйымдастырушылық шешімдермен шектеліп отыр.

Модельдің тиімділігі мынада:

1. Нормативтік талаптар институционалдық деңгейде нақты бекітіледі.

2. Командалық әрекет жүйеленеді және регламенттеледі.

3. Жеке оқушы деңгейінде нақты психологиялық және педагогикалық қолдау қамтамасыз етіледі. Осылайша, модель теория мен практиканы байланыстыратын құрылымдық механизм ретінде қызмет етеді.

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен қолдау үдерісі тек нормативтік талаптарды орындаумен шектелмеуі тиіс. Ол институционалдық, командалық және жеке деңгейлердің өзара байланысқан жүйесі ретінде қарастырылуы қажет.

Ұсынылған үшдеңгейлі құрылымдық модель инклюзивті ортаны мазмұндық түрғыда ұйымдастыруға, нормативтік талаптар мен мектеп практикасы арасындағы алшақтықты еңсеруге және балалардың табысты бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытынды

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында балаларды қабылдау мен психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесі білім беру жүйесінің мазмұндық трансформациясымен тікелей байланысты. Зерттеу нәтижелері педагогтердің

Dosanova, A. (2013). Muzykalnoe obrazovanie v Akmolinskom regione (s kontsa XIX do pervoi treti XX veka) [Musical education in the Akmola region (from the end of the 19th to the first third of the 20th century)] (Monografiia [Monograph]). Astana. (in Russian)

Dossanova, K. K., Kunekova, T. M., Zhumasheva, G. K., & Dossanova, A. A. (2018). National identity in the modern education of Kazakhstan. Opción, Revista de Ciencias Humanas y Sociales, 34(85-2), 544–568.

Dzhumakova, U. (2009). Muzykalno-istoricheskoe obrazovanie sovremennogo ispolnitelia traditsionnoi muzyki: distsiplinarnoe i kontseptualnoe sovershenstvovanie obrazovatelnykh programm [Musical-historical education of the modern performer of traditional music: disciplinary and conceptual improvement of educational programs]. Sbornik materialov Mezhdunarodnoi konferentsii “Traditsionnye muzykalnye kultury narodov Tsentralnoi Azii”. Almaty. (in Russian)

Freid, Z. (1989). Psikhologiia bessoznatelnogo: Sbornik proizvedenii [The Psychology of the Unconscious: Collection of Works]. Moskva. (in Russian)

Gedik Bal, N., & Savas, P. (2022). Intercultural language teaching and learning: Teachers’ perspectives and practices. Participatory Educational Research, 9(6), 268–285.

Iakovleva, E. B. (2021). O sushchnosti poniatiia “Kulturno-markirovannaia leksika” i sposobakh ee peredachi v russkom iazyke [On the essence of the concept “culturally marked vocabulary” and ways of its transmission in the Russian language]. Prikladnoe iazykoznanie: Perevod, perevodovedenie, 53–62. (in Russian)

Ivankova, T. A. (2011). Natsionalno-markirovannaia leksika v russkoiazychnykh gazetakh Rossii [Nationally marked vocabulary in Russian-language newspapers of Russia]. Vestnik TGPU, (3), 118–120. (in Russian)

Järvis, M. (2023). Leadership in the Era of Sustainable Development: Challenges and Opportunities for Modern Managers. Law, Business and Sustainability Herald, 3(4), 4–20.

Kabakchi, V. V. (2007). Tipologiia teksta inoiazychnogo opisaniia kultury i inolinguokulturnyi substrat [Typology of the text of foreign-language description of culture and the foreign linguocultural substratum]. In: Lingvistika teksta i diskursivnyi analiz: traditsii i perspektivy. SPb.: SPbGUEF, 52. (in Russian)

Kaldybai, K. K., & Abdrasilov, T. K. (2020). Vospriiatie natsionalnoi identichnosti sredi studentov Kazakhstana [Perception of national identity among students of Kazakhstan]. In: Issledovaniia molodykh uchenykh: XV Mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia “Issledovaniia molodykh uchenykh”, Kazan, December 2020, 50–55. (in Russian)

Karaulov, Iu. N. (2010). Russkii iazyk i iazykovaia lichnost [The Russian Language and the Linguistic Personality]. Moskva: Izdatelstvo LKI. (in Russian)

Kopylenko, M. M., & Popova, Z. D. (1978). Ocherki po obshchei frazeologii: Problemy, metody, opyty [Essays on General Phraseology: Problems, Methods, Experiments]. Voronezh: Voronezhskii gosudarstvennyi universitet. (in Russian)

Kostomarov, V. G. (1990). Iazykovoi vkus epokhi [The Linguistic Taste of the Era]. Moskva: Pedagogika. (in Russian)

Koval, T., Kaniuka, L., Neboha, O., Kovtiukh, L., & Kalinichenko, N. (2025). The Role of Music Education in the Formation of Cultural Identity in the Modern World. Journal of Curriculum and Teaching, 14(1), 349–358.

Krasnykh, V. V. (2008). Edinitsy iazyka vs. edinitsy diskursa i lingvokultury (k voprosu o statuse pretsedentnykh fenomenov i stereotipov) [Units of language vs. units of discourse and linguoculture (on the status of precedent phenomena and stereotypes)]. Voprosy psikholingvistiki, (7), 53–58. (in Russian)

Kulzhanova, G. (2009). Etnicheskaia politika kak faktor formirovaniia natsionalnoi identichnosti Respubliki Kazakhstan (politologicheskii analiz) [Ethnic policy as a factor in the formation of national identity of the Republic of Kazakhstan (political science analysis)] (Dissertatsiia na soiskanie uchenoi stepeni doktora politicheskikh nauk). Almaty. (in Russian)

Kusherbaev, K. (1996). Etnicheskaia politika Kazakhstana: sostoianie i perspektivy [Ethnic policy of Kazakhstan: state and prospects]. Institut razvitiia Kazakhstana. Almaty. (in Russian)

Kuzminova, I., & Zhivotikova, I. (2023). Ecological theory of concepts as cognitive models of objective reality. ERSME-2023 Web of Conferences, 376, 05018.

Latyshev, L. K. (2001). Tekhnologiia perevoda: Tezaurus [Translation Technology: Thesaurus]. Moskva. (in Russian)

Levushkina, O. N. (2023). Lingvokulturologicheskii analiz kak osnova tsennostno orientirovannogo uroka russkogo iazyka [Linguocultural analysis as the basis of a value-oriented Russian language lesson]. Russkii iazyk v shkole, 84(3), 7–16. (in Russian)

Lichko, A. (1983). Psikhopatii i aktsentuatsii kharaktera u podrostkov [Psychopathies and Character Accentuations in Adolescents]. Meditsina. (in Russian)

Lipatova, Iu. Iu. (2014). Lakunarnost: osnovnye definitsii i podkhody k izucheniiu [Lacunarity: main definitions and approaches to its study]. Austrian Journal of Humanities and Social Sciences, (9–10), 214–217. (in Russian)

Mellizo, J. (2020). Music Education, Curriculum Design, and Assessment: Imagining a More Equitable Approach. Music Educators Journal, 106(4), 57–65.

Murzalieva, S., & Karomat, D. (2023). Folk revival v sovremennoi traditsionnoi muzyke Kazakhstana [Folk revival in contemporary traditional music of Kazakhstan]. Arts & Humanities. C A J A S. Chelovek v khudozhestvennoi kartine sovremennogo mira, 8(4), 85–88. (in Russian)

Nedlina, V. E., & Kalibaeva, A. S. (2024). Rol kazakhstanskogo muzykovedeniia v transformatsii natsionalnoi identichnosti [The role of Kazakhstani musicology in the transformation of national identity]. Keruen gylymi zhurnaly, 1(82), 341–351. (in Russian)

Ospanova, A. N., & Jumaniyazova, R. (2018). Features of Kazakh Traditional Music as a Part of Modern Art Market. Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales, 34(S18), 1786–1822.

Ramadani, I. (2017). Music, Culture and Identity. Academic Journal of Business, Administration, Law and Social Sciences, 3(1), 248–253.

Reformatskii, A. A. (1996). Vvedenie v iazykovedenie [Introduction to Linguistics] (ed. V. A. Vinogradov). Moskva: Aspekt Press. (in Russian)

Sharov, K. (2005). Muzyka kak sredstvo formirovaniia natsionalnykh obshchestv [Music as a means of forming national societies] (Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filosofskikh nauk). Moskva. (in Russian)

Stepanov, Iu. S. (2004). Konstanty: Slovar russkoi kultury [Constants: A Dictionary of Russian Culture]. Moskva: Akademicheskii proekt. (in Russian)

Sternin, I. A. (1985). Leksicheskoe znachenie slova i rechi [Lexical Meaning of the Word and Speech]. Voronezh: Izdatelstvo Voronezhskogo universiteta. (in Russian)

Suprun, A. E. (1958). Printsipy sopostavitelnogo izucheniia leksiki [Principles of comparative study of vocabulary]. In: Teoriia sovetskogo iazykoznaniia: Materialy nauchnogo soveta, 26–31. (in Russian)

Tatkenova, S., Omarova, A., Kaztuganova, A., & Kuzembay, S. (2019). Traditional Musical Culture of Kazakhstan at the Turn of the Centuries. Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales, 35(21), 531–546.

Tikhonova, N. A. (2016). Leksika russkoi narodnoi muzykalnoi kultury [Vocabulary of Russian folk musical culture]. Vestnik VGU. Seriia: Filologiia. Zhurnalistika, (4), 72–74. (in Russian)

Urazaeva, K. B., Razumovskaia, V. A., Zharkynbekova, Sh. K., & Idrisova, E. T. (2024). Kazakhskii ritoricheskii ideal i kartina mira: Opisanie identichnosti [The Kazakh rhetorical ideal and worldview: describing identity]. Zhurnal Sibirskogo federalnogo universiteta. Gumanitarnye nauki, 17(10), 2003–2014. (in Russian)

Utegalieva, S. I. (2017). Zvukovoi mir muzyki tiurkskikh narodov (na materiale instrumentalnykh traditsii Tsentralnoi Azii) [The sound world of the music of Turkic peoples (based on the instrumental traditions of Central Asia)] [Dissertation for the degree of Doctor of Arts, Moskovskaia gosudarstvennaia konservatoriia imeni P. I. Chaikovskogo]. (in Russian)

Vereshchagin, E. M., & Kostomarov, V. G. (2000). Iazyk i kultura: Lingvostranovedenie v prepodavanii russkogo iazyka kak inostrannogo [Language and Culture: Linguo-Cultural Studies in Teaching Russian as a Foreign Language]. Moskva: Russkii iazyk. (in Russian)

Vlakhov, S. I., & Florin, S. P. (1986). Neperevodimoe v perevode [The Untranslatable in Translation]. Moskva: Vysshaia shkola. (in Russian)

Vygotskii, L. S. (1934). Myshlenie i rech [Thought and Speech]. M.; L.: Sotsekgiz. (in Russian)

Сведения об авторах:

Аркабаева Гульсм – докторант образовательной программы «Русский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан, e-mail: arkabaeva.77@mail.ru).

Киынова Жанар – доктор филологических наук, профессор, кафедра русского языка и литературы Казахского национального женского педагогического университета (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanarkiynova@gmail.com).

Есетова Айнур (корреспондентный автор) – кандидат педагогических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы (Алматы, Казахстан, e-mail: esimail5577@gmail.com).

Information about authors:

Arkabayeva Gulsm – doctoral student of educational program «Russian Language and Literature», Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty,Kazakhstan, e-mail: arkabaeva.77@mail.ru).

Kiynova Zhanar – Doctor of Philology, Professor, Department of Russian Language and Literature,

Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanarkiynova@gmail.com).

Yessetova Ainur (corresponding author) – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,

Department of Social and Humanities Sciences, Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan, e-mail: esimail5577@gmail.com).

Авторлар туралы мәлімет:

Аркабаева Гульсм – «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: arkabaeva.77@mail.ru).

Киынова Жанар – филология ғылымдарының докторы, профессор, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanarkiynova@gmail.com).

Есетова Айнур (корреспондент-автор) – педагогика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан, e-mail: esimail5577@gmail.com).

Поступила:19.10.2025
Принята: 01.03.2026

FTAMP 14.35.07 https://doi.org/10.26577/JES861202615

Г.С. Ешимбетова[1]* , Г.У. Байташева[1] ,
Е.А. Көксал[2] , А.А. Абубакирова[3] , Ш. Нұржанова[4]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Нигде Омер Халисдемир Университеті, Нигде, Түркия
[3]Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
[4]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: gulmira-eshim@mail.ru

БОТАНИКАДАН ОҚУ-ДАЛА ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Мақалада студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыруда және кәсіби шеберлігін шыңдауда оқу-дала практикасының рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – білім алушылардың сапалы білім алуына және мансап жолында жетістікке жетуіне ықпал ететін практикалық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызын талдау. Ботаникадан оқу-дала практикасы білім алушының кәсіби және тұлғалық өсуіне, ғылыми саланы терең меңгеруіне жағдай жасайды. Теория мен практиканы қатар қолдана отырып, далада нақты мысалдармен жұмыс істеу арқылы білім алушы өзінің кәсіби бағдарын нақтылайды.

Білім алушының сапалы білімге қол жеткізуі оның өз бетімен ізденіп, шығармашылық қабілетін дамытқан жағдайда мүмкін болады. Сондықтан практика кезеңін болашақ бәсекеге қабілетті, білікті маман даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі деп санаймыз. Зерттеу жұмысында оқу-дала практикасының білім алушылардың университетте оқу кезеңінде және түлектердің еңбек жолында қандай пайдасы болғанын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада ботаникадан далалық зерттеу жұмыстарының ғылыми әдіс-тәсілдерді меңгертудегі рөлі мен студенттерге көрсетілетін қолдау деңгейін айқындауға бағытталған сұрақтар енгізілді. Сауалнама нәтижесін талдау барысында оқу үдерісінде жетістікке жету мен кәсіби даму кезеңдерінің практика барысында қалыптасқан дағдылармен тығыз байланысты екені анықталды. Бұл зерттеу жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары және докоранттары үшін биологияны оқытуда әрі ғылыми құзыреттіліктерді қалыптастыруда оқу-дала практикасының маңызын айқындауға құнды материал болмақ.

Түйін сөздер: ботаника, оқу-дала практикасы, оқу үдерісі, оқу-танымдық белсенділік.

G. Yeshimbetova[1*], G. Baitasheva[1],
E. Köksal[2], A. Abubakirova[3], Sh. Nurzhanova[4]

[1]Kazakh National Women's Teacher Training University,Almaty, Kazakhstan
[2]Nigde Omer HalisdemirUniversity,Nigde, Turkiye
[3]South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan
[4]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: gulmira-eshim@mail.ru

The Importance of Field Training in Botany in the Educational Process of Higher Education Institutions

The article examines the role of field-based learning in enhancing students' academic and cognitive activity and developing their professional skills. The aim of the study is to analyze the importance of forming practical competencies that contribute to acquiring high-quality education and achieving success in a professional career. Field practice in botany provides conditions for students' professional and personal growth and facilitates in-depth mastery of the scientific field. By combining theory with practice and working with real-life examples in the field, students clarify their professional orientation.

Achieving high-quality education is possible when students engage in independent inquiry and develop their creative abilities. Therefore, the practical training stage is considered an essential component in preparing future competitive and competent specialists. The study involved a survey aimed at identifying the benefits of field practice for students during their university studies and for graduates in their professional careers. The survey questions focused on the role of botanical field research in mastering scientific methods and approaches, as well as the level of support provided to students. Analysis of the survey results revealed that academic success and professional development are closely linked to the

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

skills acquired during practice. This study provides valuable insights for universities, master's and doctoral students in teaching biology and developing scientific competencies, highlighting the importance of field-based learning.

Keywords: botany, field training, educational process, educational and cognitive activity.

Г.С. Ешимбетова[1*], Г.У. Байташева[1],
Э.А. Кексал[2], А.А. Абубакирова[3], Ш. Нуржанова[4]

[1]Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
[2]Университет имени Нигде Омера Халисдемира, Нигде, Турция
[3]Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан
[4]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: gulmira-eshim@mail.ru

Значение учебно-полевой практики по ботанике в учебном процессе высших учебных заведений

В статье рассматривается роль учебно-полевой практики в повышении учебно-познавательной активности студентов и совершенствовании их профессионального мастерства. Цель исследования – проанализировать значимость формирования практических биологических компетенций, влияющих на качество образования и успешность профессиональной карьеры студентов. Полевые занятия по ботанике создают условия для профессионального и личностного роста обучающихся, углубленного освоения научной области. Совмещая теорию с практикой и работая с конкретными примерами на местности, студент уточняет свои профессиональные ориентиры.

Достижение студентом качественного образования возможно при самостоятельном поиске знаний и развитии творческих способностей. Поэтому этап практики рассматривается как важная составляющая подготовки будущего конкурентоспособного и квалифицированного специалиста. В исследовании был проведён опрос, направленный на выявление влияния учебно-полевой практики для студентов в период обучения в университете и для выпускников на профессиональном пути. Вопросы анкеты были сосредоточены на роли полевых исследований по ботанике в освоении научных методов и подходов, а также на уровне поддержки, оказываемой студентам. Анализ результатов опроса показал, что успешность обучения и профессиональное развитие тесно связаны с навыками, сформированными в ходе практики. Данное исследование представляет ценность для вузов, магистрантов и докторантов при преподавании биологии и формировании научных компетенций, подчеркивая значимость учебно-полевой практики.

Ключевые слова: ботаника, учебно-полевая практика, учебный процесс, учебно-познавательная активность.

Кіріспе

Білім беру саласы ұдайы ізденісте жүруді, шығармашылық қабілетті шыңдап отыруды, заман ағымына ілесіп, тың идея беруді, өзгеріске дайын болуды талап етеді. Өмір бойы үйрене жүріп, өзінің білгенін үйретуден жалықпаған адам ғана жетістікке жете алады. Қоғамға пайдасын тигізетін өз ісінің хас шеберлерін, білікті, құзыретті тұлғаларды даярлау – біздің басты мақсатымыз.

Биология мамандығының білім алушылары үшін оқу-дала практикасы олардың келешекте білікті маман болып қалыптасуына, зерттеу қабілетін шыңдауына, мансап жолында жетістікке жетуіне тікелей әсер етеді. Оқу-дала практикасы – педагогикалық әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдана отырып, студенттердің танымдық шекарасын кеңейтетін мүмкіндік кезеңі. Практиканы жоспарлы түрде ұйымдастырып, дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы студенттерді ғылымға қызықтыру үлкен жетістік болып табылады.

Ботаника пәнінен оқу-дала практикасы оқу жылының аяғында өткізіледі. Студенттер өңірде кең таралған және сирек кездесетін өсімдік түрлерімен танысып, оларға ғылыми сипаттама беру әдістерін, экологиялық факторлардың өсімдіктің құрылысы мен өсуіне қалай әсер ететінін зерттеуді үйренеді.Оқу-дала практикасында жетістікке жетудің басты жолы – практиканың өту жоспарын жан-жақты, нақты әрі жүйелі түрде әзірлеу, студенттердің қызығушылығын төмендетпей, уақытты тиімді жоспарлау, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай бірізділікпен ұйымдастыру, сондай-ақ жеке және топтық жұмыстарды үйлестіре жүргізу болып табылады. Оқытушының кез келген жағдайға дайын болуы, жоспардан тыс уақыттарда қолдануға арналған қосымша тапсырмалар қорының болуы, белсенді студенттерге қосымша зерттеу жұмыстарына қатысты тапсырмалар беру, білім алушыларды зерттеу әрекетіне толық араластыру және проблемалық сұрақтар қою – оқу уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – оқу-дала практикасының білім беру ісінің ажырамас бір бөлігі ретінде білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырудағы, кәсіби дағдыларды меңгертудегі, сондай-ақ оқу үдерісінде жетістікке жетудегі маңызын саралау.

Практика кезінде белгілі бір тұқымдасқа жататын бірнеше туысты зерттеу нысанына ала отырып, олардың өзара морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жұмыстарын жасайды. Өсімдіктің тамыр жүйесі, сабақтарының өзгерісі, жапырақ формасы мен қызметі, гүлінің құрылысы, көбею жолдары, жеміс беру мерзімі мен жеміс түрлеріне талдау, салыстыру жұмыстарын жасайды. Өсімдікті кептіріп, сақтап, гербарий дайындайды, оған ғылыми анықтама бере алады. Бұл жұмыстар – студенттің зерттеу қырын ашатын ғылымның алғашқы баспалдақтары болып табылады.

Оқу-дала практикасы кезінде білім алушы өзін маман ретінде сезінеді, жұмыстан шабыт алады. Жұмыс барысында қатенің болуы, оны түзету, қателіктен сабақ алу түрлі эмоцияны басқаруды үйретеді.Университет қабырғасында лекция тыңдап, бәрін бірден түсінемін деп ойлау қате. Теориялық білім практикамен үлескенде ғана, нәтижелі болып, студенттің ойында сақталып, болашақта өз саласында мансаптық өсуіне себеп болады. Зертхана жұмыстары, далалық практика, ғылыми практикалардың негізгі мақсаты – білім алушының біліміне қосымша білім қосу, біліктілігін шыңдау.

Әдебиетке шолу

Білім алушы академиялық біліммен ғана қаруланып қоймай, қоғамдық маңызы бар дағдыларды да қоса меңгеруі керек. Университет қабырғасында меңгерген практикалық білім кәсіби шеберлікті дамытады, бұл қазіргі нарықта үлкен сұранысқа ие болып отыр (Хосе Луис Г., 2024). Білім алушы өз бетінше жұмыс жасағаң жағдайда, кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін тереңдетіп, шығармашылық қабілетін дамытады. Одан келешек жан-жақты маман қалыптасады. Ақыл-ой еңбегін іске қоспай, тәжірибе алмаспай, ізденіске түспей, тек пассив түрде қабылданған білім толыққанды рухани байлық деңгейіне көтеріле алмайды. Ондай білім тез ұмытылады, кәдеге аспайды (Пономаренко, 2008).

Практика ұжым ішінде қарым-қатынас жасауды, ұжымға тез сіңісуді, әр түрлі қиындықтардың оңтайлы шешімін табуды, табиғатты қүрметтеуді, рухани және кәсіби білімінің бай болуына мүмкіндік береді (Сапарғалиева, 2014).

Ортаға тез сіңісу, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, сыйластық таныту қасиеттері ұжымдық жұмыс кезінде қалыптасады. Тұлғаның өзіне сенімді болуы, өз ойын ашық жеткізуі – қай ортада да керек дағдылар.

Кәсіби коммуникацияда жағдайды жан-жақты талдау, туындаған мәселені анықтап, оны нақты түрде тұжырымдау, шешу жолдарын іздестіру, мәселені әріптестік талқылауға ұсынып, өз ұстанымын ғылыми тұрғыда негіздеу, қабылданған шешімнің тиімділігін тексеру, сондай-ақ жағымсыз салдардың алдын алуға және бақылауға бағытталған шараларды жүзеге асыру аса маңызды болады (Филатова, 2015).

Студент білім алуға немқұрайлылық танытып, белсенділік танытпаса, оған сапалы білім беру мүмкін емес. Мұндай жағдайды туындататын бірнеше факторлар бар. Тек біржақты білім алушы тарапымен шектелмей, екі жақты қарастыруды жөн көрдік. Білім алушы мен оқытушы тарапынан болатын, білім беру ісіне, студенттің оқу-танымдық белсенділігіне кедергі келтіретін бірнеше факторды атап өтелік (кесте 1).

1-кесте

Білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін төмендететін негізгі себептер

Білім алушы тарапынан	**Оқытушы тарапынан**
1. жеке басындағы, отбасындағы келеңсіз жағдайлардың әсер етуі; 2. өз бетінше жұмыс істей алмау, сенімсіздіктің болуы; 3. негізгі білім қорының жеткіліксіз болуы; 4. бірнеше пәнді бір уақытта игеріп кетудің қиындық тудыруы; 5. мамандықты қате таңдадым деген ішкі ой.	1. мотивацияның дұрыс берілмеуі; 2. оқытушының қолданатын әдіс-тәсілдерінің студент ерекшеліктеріне сай келмеуі; сабақтың ақпараттық және педагогикалық мәнінің жеткіліксіздігі, оқу материалдарының ынталандырушы әсерінің төмендігі; 3. оқу орнында білім алуға қажетті жағдайлардың толық жасалмауы.

Дереккөз/Ескертпе: (Кабыткина, 2021) дереккөзі негізінде құрастырылды.

Алғашқы курстарда білім алушыларда түрлі психологиялық мәселелер туындауы мүмкін. Мұны жаңа ортаға бейімделу процесімен, жаңа ортаның қалыптасуымен, сондай-ақ әр түрлі оқытушылардың сабақ беру әдістеріне үйрену кезеңімен байланыстыруға болады. Осы өтпелі кезеңде түрлі ойлардың әсерінде болған жағдайда, студенттің сабақ үлгерімінің төмендеуі жиі кездеседі. Барлық пәндерде болмаса да, белгілі бір пәндерден қиындықтар туындайды. Сондай сәттерде өзінің таңдаған мамандығына, арман-мақсатына күмәнмен қарауы, қолымнан келмейдіге салынуы да жиі ұшырасады. Міне, осындай кезде оқытушының түсіністік танытуы, ары қарай жетелеп, ерік-жігерін мұқатпауы өте маңызды.

Оқытушы мен студент арасындағы тиімді қарым-қатынас орнау үшін, педагог оқыту үдерісін кезең-кезеңмен үлгілеуді меңгеруі қажет, яғни, белгілі бір сатыларға бөліп қарастыруы тиіс. Әрбір сатыда оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы нақты психологиялық-педагогикалық міндетті шешуге бағытталады, сондықтан педагогикалық қарым-қатынастың әр кезеңдегі ерекшелігі осы міндеттердің нақты жүзеге асырылуымен анықталады.

Оқу үдерісін ұйымдастыру – жалпы түрде де, нақты оқыту жағдайында да студенттің оқу тапсырмасын меңгеру сатылары бойынша көрініс табады. Оқыту үдерісінің сатыларын ескере отырып, оқытушы қай кезеңде студентке көмек қажет екенін, жаңа білімді игеру барысында қандай мәселелерді өз бетімен шеше алатынын, ал қай мәселеде оқытушының тікелей араласуын және оның көмегін талап ететінін саралап білуі тиіс.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, студенттің оқуға құлшынысы жоғары болса, қандай кедергіні болмасын еңсереді. Ал талабы жоқ адамға қандай дидактикалық материал берсеңіз де, соңғы инновациялық технологиямен жабдықтасаңыз да, мықты деген профессор сабақ берсе де,сапалы білім алып шыға алмайды. Сондықтан студент мына қағидаларды үнемі жадында ұстауы тиіс:

1. алдына қойған мақсатына сәйкес бар күшін оқуға салуы керек;

2. оқу жоспарындағы пәндерге ден қойып, қызығушылық танытуы қажет;

3. болашақ маман екенін естен шығармай, кәсіби шеберлігін арттыруға басымдық беруі тиіс.

Оқу семестрі кезінде болған қандай да бір олқылықтың орнын толтыру үшін, жыл бойына жинаған білімді бекіту үшін, оқу-дала практикасын дұрыс ұйымдастыру қажет. Студенттің оқутанымдық әрекетінің белсенді болуы, зерттеу жұмыстарына қызығуы дала практикасы кезінде жиі байқалады. Оқу уақытында дұрыс түсінбеген тақырыптарын практика кезінде қайтадан түсініп алуына, өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік туады. «Студенттердің танымдық белсенділігін ынталандырудың негізгі құралы – өзіндік жұмыс» (Попова, 2016) екенін ескерсек, оқу-дала практикасының білім беру ісінде маңызы зор екеніне көзіміз жетеді.

Материалдар мен әдістер

Оқу-дала практикасы тек теорияны жаттаумен шектелмей, зерттеушіні жұмыс мәніне терең үңілуді, өсімдіктің географиялық таралуын және биоценоздағы орнын, сондай-ақ экологиялық байланыстарын зерттеуді көздейді. Ботаника пәнінен оқу-дала практикасының мақсаты – өсімдіктердің негізгі таксономикалық топтарын білу, таралу аймақтарына қарай болатын анатомиялық-морфологиялық ерекшеліктерімен танысу. Практика осы мақсат аясында мынадай міндеттерді қамтиды:

- өсімдіктерден гербарий дайындауды білу;
- өсімдіктерді жүйелеу кезінде ғылыми атауларға мұқият болу, сауатты жүйелей білу;
- жергілікті жердің флорасын басты нысанға ала отырып, оларға биоморфологиялық сипаттама беру, тұқымдас, туыс, түрлерге ажырата алу;
- өсімдіктердің географиялық таралу аймақтары мен оларға әсер етуші экологиялық факторларды зерттеу;
- өсімдіктерге гербарий жасауды үйрену, өзара салыстыру жұмыстарын жасау, нәтижелерді сызба, кесте арқылы көрсету;
- өсімдіктердің адам өміріндегі, медициналық, шаруашылық маңызын білу;

Зерттеулерге сүйенсек, биология ғылымында зертханалық жұмыстар дала зерттеуімен тең дәрежеде тұра алмайтынын айтады. Зертхана ішінде табиғаттың бірде-бір құбылысын қолдан жасай алмайсыз. Ал дала зерттеуі нақты әрі шынайы нәтиже береді. Табиғаттың құбылыстарының сан түрлі құбылуына байланысты зерттеуші де бақылау әдісінің түрлерін үйренеді. Тарихқа көз жүгіртсек, экология және эволюциялық биология саласында сонау XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында зертханалық жұмыстан дала зерттеуін жоғары бағалаған екен (Колер, 2002). Бұл еңбек биология тарихында зерттеу

әдістерінің қалай өзгергенін, дала мен зертханалық зерттеулердің арасы қалай бөлінгенін түсіндіруімен де құнды. Ғылыми-тарихи маңызын жойған емес. Биологтың зертханасы – дала. Бұл жерде табиғи құбылыстардың әсерінен зерттеу нәтижелері нақты шықпақ. Табиғат құбылысына байланысты зерттеуші түрлі жағдайларға дайын болады. Әртүрлі жағдаятта дұрыс әрі тез шешім қабылдау білім алушының жұмысқа психологиялық дайындығын шыңдайды.

Білім беру процесінің негізгі компоненті – оқу-дала практикасы. «Практика не үшін керек?» деген сұраққа мынадай дәлелдер келтіреді (Кохлер Мэй, 2011)

1. нағыз биология ғылымының ортасында жүру;

2. негізгі практикалық дағдыларды үйрену, атап айтар болсақ, таксономикалық дағды, сандық әдіс, бақылау жұмыстары, т.б;

3. білім алушыны жетістікке жеткізу, ынталандыру;

4. ұжымдық оқуды дамыту, топ ішіндегі ауызбіршілікті нығайту;

5. кәсіби дағдыларды дамыту.

Maw келтірген бұл дәлелдер білім саласындағы сапа мәселесімен тығыз байланысты. Өйткені студент қаншалықты сапалы білім алып, үздіксіз тәжірибе алмасып, тұлғалық дамуды қолға алса, ертеңгі күні білікті маман болып, мектеп, колледж, университеттердің білім сапасының артуына үлес қосады. Сондықтан ботаника пәніндегі зертханалық, оқу-дала практикаларына мұқият қатысу керек.

Ботаникадан оқу-дала практикасын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. практика жұмыстарымен танысу;

2. өсімдіктерді жинау кезеңі;

3. ғылыми-өңдеу жұмыстары;

4. қорытынды есеп беру(Горшкова, 2012).

Дала практикасының әр күнін екі кезеңге бөлеміз. Күннің алғашқы жартысында экскурсия жасалса, екінші бөлігі соны өңдеу жұмыстарына арналады.

Практика жұмыстарымен танысу кезеңінде оқытушылар зерттеу нысанына алынған жер, ол жердің флорасы туралы мәлімет береді. Аймақта кездесетін өсімдіктердің тұқымдасы, туысы, түрлері, бейімделу ерекшеліктері айтылады. Бұл жердегі лекция еркін форматта ұйымдастырылады. Білім алушы ботаника курсы бойынша меңгерген теориялық білім мен зертханалық жұмыс нәтижелеріне сүйеніп, тәжірибеде қолданып, талдап, таразылайды. Екінші жағынан, практикаға жетекшілік ететін оқытушылар білім алушының білімін толықтырып, кем-кетігін түзейді. Себебі аудиторияда оқылған лекцияға қарағанда, табиғат аясында көзбен көріп, қолмен ұстап түсіндірілген сабақтардың есте қалу ықтималдығы жоғары.

Табиғат аясында өтетін мұндай лекциялардың біршама айырмашылықтары бар. Біріншіден, университеттегі лекцияға қарағанда, табиғат аясында оқытушы да, студент те барынша еркін сабақ өтіп, еркін сұхбаттаса алады. Екінші жағынан, кітаптан тыс, тың мәліметтер беру арқылы студенттің қызығушылығын оятуға болады. Үшіншіден, өсімдікті көріп, танысып, сол жерде мұғалімге біршама сұрақ қоюға студентте мүмкіндік бар.

Студент жеке зерттеу дәптеріне/күнделігіне көрген-білгенін, жүрген жерлерінде қандай өсімдіктерді зерттегенін жазып жүреді. Мұнда өсімдіктің атауы, биологиялық ерекшеліктері, өзге ұқсас түрлерден айырмашылығы, шаруашылық маңызы, емдік қасиеттеріне анықтама беріледі. Бұл «дала күнделігі» тек практика барысында ғана емес, жоғары курстарда, және еңбек пайдаланады. Зерттеу дағдысын меңгеру, академиялық құжаттарды ресімдеуді үйрену студент үшін пайдалы болмақ. Осылай білім алушы академиялық жазылымның алғышарттарымен танысып, зерттеу тәртібін, тәсілін үйрене бастайды.

Екінші кезеңде өсімдіктерді жинап (1-сурет), оларға толық сипаттама беруге дайындалады. Өсімдікті фотоға түсіру, коллекциясын жинақтау сынды жұмыстар жүргізіледі. Өсімдік жинау барысында оның құрылысына қарап, қай тұқымдас екені ажыратылады. Әсіресе, гүлдің құрылысына мән беріледі. Тостағанша жапырақшасы, күлте жапырақшасы, аталығы мен аналығының саны анықталып, жеміс жапырақшасының санына қарап, гинецейіне сипаттама беріледі. Өсімдік құрғақ ауа-райында жиналады. Жаңбыр астында қалғандардың кебуіне ұзақ уақыт кетеді әрі түсін жоғалтады. Қызыл кітапқа енген өсімдіктерге зақым келтірмей, фотоаппаратқа түсіріледі.

Үшінші кезең – практиканың ең маңызды бөлігі. Мұнда білім алушы өсімдіктің геоботаникалық сипаттамасын талдап, гербарий жасап, әр жұмысқа жеке анықтама беріп отырады (2-сурет). Өсімдіктің жер асты және жер үсті бөліктері толық алынады. Жапырағының дұрыс жетілуін, гүлінің толық ашылуын, жемісінің болуын қадағалау керек. Екі үйлі өсімдіктің аталық,

аналық даналары жеке-жеке орналастырылады. Гербарий (кеппешөп) жасаудың талаптарына сүйене отырып, өсімдіктің әр бөлігін асқан ұқыптылықпен орналастыру қажет. Өсімдіктің бүлінбеуін, қандай да бір зең және жәндіктермен тасымалданатын аурулардың болмауын тексеру қажет. Гүлді өсімдіктерді тозаңдану уақытынан бұрын жинаса, гербарий ұзақ әрі анық сақталады. Тұқымы мен жемістерін целлофан пакеттерде сақтайды (Фардеева, 2009).

1-сурет
Өсімдік жинау барысы

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Тамыр түр өзгерісіне қарай кіндік, шашақ тамырлы екені ажыратылады. Негізгі тамырларын жіппен гербарийге тігіп орналастырады. Жапырақтары сағағы, пішініне байланысты жіктеледі. Гүлдерін орналастырғанда, аталығы мен аналығы айқын көрінуі керек. Тұқым мен тамыржеміс метаморфозына байланысты жүйеленеді. Жұмыстың көрнекі, ұқыпты болуы жоғары бағаланады. Бұдан бөлек мұғалім берген тапсырмаға сәйкес ұқсас түрлерді кестеге түсіріп, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сараптайды. Әр тапсырма квалиметриялық бағалау жүйесімен бағаланады. Мұнда студенттің өзін-өзі бағалауына, қатемен жұмыс жасауына мүмкіндік бар.

Практиканың төртінші қорытынды кезеңінде студент әр күні жазған жұмыстарын таразылап, есебін дайындайды. Осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарын презентация түрінде қорғайды. Көлемі шағын болса да, оқу-дала практикасын академиялық қорғауға дайындық кезеңі деуге болады. Студентке көпшілік алдында өз ойын ашық айтуға, бойындағы қорқынышты жеңуге, қойылған сұраққа тұшымды жауап беруге көмектеседі.

2-сурет
Гербарий дайындау барысы

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Нәтижелер мен талқылау

Оқу-дала практикасы жоғары оқу орнының оқу үдерісінде маңызды орын алады. Біз зерттеу объектіміз ретінде оқу үлгерімі жақсы, орташа, орташадан төмен студенттерді алдық. Әсіресе, соңғы екі топқа көп көңіл бөлінді. Олардың оқу процесіне практика қаншалықты оң әсер береді, қаншалықты өз саласында мамандануға ықпал жасайды деген сұрақтарға жауап іздедік.

Зерттеу жұмысының мақсаты – өсімдіктерді зерттеу арқылы практикалық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызын анықтау. Зерттеу барысында:

1. биолог-студенттердің білім деңгейі, практикалық құзыреттілігі;

2. биологияда теориялық және практикалық түрғыда өсімдіктердің қалай зерттелетіні;

3. биология саласында жұмыс жасап жатқан түлектердің кәсіби шыңдалуына практиканың тигізген әсері анықталды.

Зерттеудің талабына сәйкес сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Зерттеу жұмысын жүргізуде дерек жинақталып, сауалнама нәтижесі талданып, нәтижелерді жиынтық кесте, диаграмма түрінде үсыну әдістері қолданылды. Ботаника бойынша өсімдіктерді зерттеу арқылы білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігі қаншалықты артты, қаншалықты осы салада мамандануына әсер еткенін білуге мүмкіндік берді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауабына қарап, келесі нәтиже шығарылды. Респонденттердің 40%-ы студенттер, 30%-ы магистранттар, 30%-ы мұғалімдер (3-сурет).

3-сурет

Сауалнамаға қатысушылардың пайыздық үлесі



Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

«Сіздің білім алуыңызда, кәсіби шеберлігіңізді шыңдауда оқу-дала практикасы қаншалықты тиімді болды?» деген сұраққа 50%-ы өте тиімді, 30%-ы тиімді дегенді таңдаса, 15%-ы орташа деңшейде, 2%-ы төмен, 3%-ы мүлдем тиімді емес деп жауап берген (2-кесте). Басым көпшілігі практиканың маңызын дөп басып түсініп, оқу мен кәсіби шеберлігіне пайдасын тигізгенін айтып отыр.

Оқу-дала практикасының университет кезеңінде және одан тыс өмірдегі пайдасын анықтау мақсатында, «Өміріңіздің әртүрлі кезеңдерінде (сабақ, жұмыс) оқу-дала практикасының әсері болды ма?» деген сұрақ қойылды (3-кесте). Респонденттердің 30%-ы мамандығына қызыққанын, теориялық білімнің беки түскенін айтса, 25%-ы практика кезінде-ақ диплом, диссертация жұмыстарына жаңа идея келгенін растап отыр. 25%-ы зерттеу жұмысынына қызығушылығы оянғанын, ғылым жолына келуді мақсат еткенін, 20%-ы мектепте олимпиада, ғылыми жобаларға оқушы қатыстырып, зерттеуге тартып жүргенін, ол дағдының университет кезіндегі оқу-дала практикасынан бастау алғанын айтып отыр. Берілген жауаптарға қарап, оқу-дала практикасына шын ынтасымен қатысып, жұмыстарды академиялық адалдықты сақтай отырып орындаған студентке міндетті түрде пайдасы болады деген қорытынды шығарылды. Зерттеу дағдысын қалыптастыру, білім алушыны мүқияттылық пен табандылыққа үйретуде практиканың үлесі зор екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті.

2-кесте

Сіздің білім алуыңызда, кәсіби шеберлігіңізді шыңдауда оқу-дала практикасы қаншалықты тиімді болды? (n=100)

Мүлдем тиімді емес	Төмен	Орташа	Тиімді	Өте тиімді
3%	2%	15%	30%	50%

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

3-кесте

Өміріңіздің әртүрлі кезеңдерінде (сабақ, жұмыс) оқу-дала практикасының пайдасы болды ма? (n=100)

Оқушыларды олимпиада, зерттеу жұмыстарына қатыстырамын	Өз мамандығыма қызыға бастадым, теориялық білім беки түсті	Академиялық жазылымға жаңа идея алдым	Табиғатты зерттеуге қызығушылығым оянды
20%	30%	25%	25%

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Жоғарыда білім алушының оқу-танымдық белсенділігі төмендегенде, оны қайта өз деңгейіне көтеретін, білім алушының шабытына шабыт қосып, ынталандыратын уақыт оқу-дала практикасы деген едік. Сауалнамаға қатысушылардың 30%-ы «Өз мамандығыма қызыға бастадым, теориялық білім беки түсті» деген жауапты таңдағанына қарап, практиканың білім берудегі маңызын, студенттің тұлғалық даму жолындағы оң әсерін аңғарамыз. Бұл біздің пікірімізге дәлел

болып отыр. Сонымен бірге практика кезінде білім алушының таңдауына қатысты сенімсіздікті, қорқынышты жеңе алуы қуантады. Практика аралығында өзін маман ретінде сезініп үлгерген әр студент оның қиындығымен бетпе-бет келіп, жұмысының нәтижесінен ләззат алу, шабыт алу сезімдерін бастан өткізеді. Жетекшілерімен ғылым туралы сөйлесу, кеңес алу білім алушының болашағын айқындауына, нақты жоспарлар құруына, өзі қызмет жасайтын саласын нақтылауына көмектесіп, оң психологиялық ахуал туғызады.

Респонденттердің 25%-ы «Академиялық жазылымға жаңа идея алдым» деп жауап берген. Бұл практика кезінде жиі болатын жағдайлардың бірі деуге болады. Өйткені білім алушы алғашқы курстардан бастап өзіне ұнайтын пәнді, тақырыпты іздей бастайды. Кейбірі не ұнайтынын білмей, өзі қызығатын тақырыпты таппай, тапса да зерттеуге жүрексініп жүреді. Әрине, оған бастапқыда жетекшісінің болмауы, зерттеу әдістерін білмеуі сынды себептер болуы мүмкін. Болашақ диплом, диссертация жұмыстарында қандай бағытты зерттейтіні оқу-дала практикасы кезеңінде белгілі болып жатады. Бұл да ғылымға деген қызығушылықтан, сол саланың мәселесіне зейін қойғаннан деп толықтай айта аламыз. 25%-ы «Табиғатты зерттеуге қызығушылығым оянды» деп отыр.

Сауалнама қатысушыларының 20%-ы «Оқушыларды олимпиада, зерттеу жұмыстарына қатыстырамын» деп жауап берген. Мұғалімдер оқушыларды түрлі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындау кезінде алдымен өзінің біліміне, тәжірибесіне сүйенеді. Ал ол тәжірибе, білім, зерттеушілік қабілет университет кезінде дамиды. Мәселен, оқу-дала практикаларында көргені, зерттеген жұмыстары, түрлі білім жарыстарында бақ сынауы, академиялық жазылым бойынша зерттеу жүргізуі, т.б оның болашақ маман ретінде қалыптасуына өз үлесін қосады. Сондықтан еңбек жолында жетістікке жету, жақсы шәкірт тәрбиелеу, мансаптық өсу үшін университет қабырғасында кәсіби шыңдалу, білім жинау өте маңызды.

Практика барысындағы тапсырмалардың теория не практика жүзіндегісінің қайсысы қызықты болғанын білу үшін, «Оқу-дала практикасында қандай тапсырмаларды орындау пайдалы әрі қызықты болды?» деген сұрақ қойылды (4-кесте). 50%-ы өсімдік жинау барысы мен гербарий жасау деп жауап берді. 30%-ы өсімдіктердің анатомиялық-морфологиялық құрылысын салыстыру десе, 10%-ы өсімдікке ғылыми сипаттама беру, жүйелеу, ендігі 20%-ы таралу аймақтары мен шаруашылық маңызы, экологиялық ерекшеліктерін талдау деген нұсқаны таңдаған.

4-кесте

Оқу-дала практикасында қандай тапсырмаларды орындау пайдалы әрі қызықты болды?
(n=100)

Өсімдіктердің анатомиялық-морфологиялық құрылысын салыстыру	Өсімдіктерді жинау, гербарий жасау	Өсімдікке ғылыми сипаттама беру, жүйелеу	Таралу аймақтары мен шаруашылық маңызы, экологиялық ерекшеліктерін талдау
30%	40%	10%	20%

Дереккөз/Ескертпе: Берілген кестені материалдарды талдау негізінде авторлар құрастырған.

Сауалнама барысында респонденттердің бір бөлігі теориялық білімді қажетінше пайдаланғанын, енді бір бөлігі қалыс қалған не уақытында меңгерілмей қалған тақырыптарды сұрауға, түсінуге мүмкіндік болғанын айтып отыр. Практика жетекшісімен тығыз байланыс жасай отырып, жеке тапсырмаларды орындауда қиындық туындағанда, көмекке жүгінгенін жеткізді. Сондай-ақ, студенттердің ұжымдық жұмыс жасауда белсенді болғаны, өзара ойласу, талдау, талқылау кезінде бір-бірімен жақсы тәжірибе алмасып, жұмыс жасағандары белгілі болды.

Дала практикасы бірлескен оқытудың когнитивтік және эмоциялық артықшылықтарын ұтымды пайдалануға көмектеседі. Студенттің қарым-қатынасты қаншалықты жиі орнатуы, кімдермен қарым-қатынас жасауы оның сенімділігіне байланысты дейді зерттеулер. Өзінің достарымен, оқытушарымен белсенді қарым-қатынас жасаса, мотивациялық ұстаным, ғылыми болмыс жақсы дамиды (Трайбергс, 2022). Оқу-дала практикасының өтілу барысын дұрыс ұйымдастыру, практика маршрутын алдын-ала нақтылау, тапсырмаларды деңгей-деңгейімен беру, керек жерінде студентке көмек беру практиканың нәтижелі, сәтті өтуіне жол ашады. Үлгерімі орташа, төмен студенттердің ары қарай оқу үлгерімінің жақсаруы, білім алушылардың табиғатқа деген құрметі артып, оны зерттеймін деген ынтасы болып жатса, оқытушының қосқан үлесі зор деуге болады.

Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, ботаникадан оқу-дала практикасы оқу үдерісінде маңызды орын алады. Студенттер мен магистранттардың оқу-танымдық белсенділігіне оң әсер беруі, олардың психологиялық жағдайында сенімділікті қалыптастыруы, кәсіби дағдыларды үйретуі анықталды.Болашақ маманның бойында өз пәніне деген сүйіспеншілік қалыптасып, пәннің күрделі мәселелерін зерттеуді мақсат етіп, өзінің шәкірттерімен білгенін бөлісе алады. Студенттің мансап жолындағы алғашқы ізденісі мен жетістігі осы университет қабырғасында басталады. Білімі мен білігін қатар дамытып, үнемі ізденісте жүретін, өзі оқи жүріп, өзгеге соны үйрете алатын азамат осы кезеңнен міндетті түрде өтеді.

Зерттеу нәтижесінде оқу үдерісіндегі практиканың маңыздылығы анықталды:

1. ботаникалық зерттеулердің жаңа әдіс-тәсілдері білім алушыларға үдайы үйретілуі керек;

2. оқу тапсырмалары білім алушылардың білімі мен білігін көтеретіндей дұрыс ұйымдастырылуы маңызды;

3. оқу кезеңі студенттің өз бетінше ізденуіне, қорытынды шығара алуына көмек беруі керек, сонымен бірге қажет кезінде мұғалім студентке қолдау білдіруі маңызды;

4. оқу тапсырмаларын оңайдан күрделіге дейін қиындатып, жүйелік байланысты сақтау қажет;

5. оқу практикасы студенттің зерттеу қабілетін шыңдауға, көшбасшылық қасиетін ашуға бағытталуы керек;

6. практикалық жұмыстар білім алушының бойында жауапкершілік, ұқыптылық, табандылық сынды қасиеттерді қалыптастыруы маңызды;

7. оқу тапсырмалары студенттің өз мамандығына қажет болатын теориялық және практикалық білімді беруі, инновациялық технологиямен жұмыс жасауды үйретуі тиіс;

8. оқу үдерісі білім алушыны қоршаған ортаға, қоғамға құрметпен қарауды, ешқандай зиянын тигізбеуге тәрбиелеуі тиіс;

9. оқу процесі сыни тұрғыдан ойлануға, студентке өзін-өзі бағалауға, қателіктер мен кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік беруі қажет;

10. практикалық жұмыстар ұжыммен дұрыс тіл табысуға, өзге адамның пікірін сыйлауға, құрметпен қарауға үйретуі тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқу-дала практикасы жоғары оқу орнының оқу үдерісінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда, зерттеу дағдыларын жетілдіруде және оқу-танымдық белсенділікті арттыруда маңызды рөл атқарады. Практика барысында студенттер тек теорияны қолданумен шектелмей, нақты өсімдіктерді зерттеу, гербарий дайындау, анатомиялық-морфологиялық ерекшеліктерін салыстыру, таралу аймақтарын және экологиялық байланыстарын талдау арқылы кәсіби дағдыларын жүйелі түрде меңгереді.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 50%-ы оқу-дала практикасы өте тиімді деп бағаласа, 30%-ы тиімді, 15%-ы орташа, 5%-ы төмен немесе мүлдем тиімді емес деп жауап берген. Сонымен қатар, студенттердің 30%-ы теориялық білімін бекітуге, 25%-ы зерттеу дағдысын дамытуға, 25%-ы ғылыми қызығушылығын арттыруға, ал 20%-ы оқушылар мен студенттерді ғылыми жобаларға тартуға мүмкіндік алғанын атап көрсетті. Бұл көрсеткіштер практиканың оқу процесіне нақты оң әсерін дәлелдейді.

Оқу-дала практикасы студенттің тұлғалық дамуына ықпал етеді: жеке және топтық жұмыстар арқылы ұжымда өзара тіл табысуды, жауапкершілік пен ұқыптылықты, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырады. Практика кезінде студент қателіктерді талдап, түзетуді үйреніп, зерттеу барысында өзін маман ретінде сезінеді. Мұның барлығы психологиялық ахуалды жақсартып, шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Ботаникалық зерттеулер студенттің ғылымға деген қызығушылығын оятып, күрделі ғылыми мәселелерді шешуге бағыттайды. Практика барысында теориялық білім шынайы ортада қолданысқа енгізіліп, әртүрлі экологиялық жағдайларды тәжірибеден өткізу мүмкіндігі беріледі.

Жалпы, зерттеу көрсеткендей, оқу-дала практикасы жоғары оқу орнындағы білім беру сапасын арттыруда, студенттердің кәсіби дағдыларын шыңдауда және ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Практиканың жүйелі, жоспарлы және сапалы ұйымдастырылуы білім алушылардың кәсіби жетілуіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және болашақ мансаптық табысына тікелей ықпал етеді.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ешқандай арнайы қаржыландырусыз (гранттық жобадан тыс) авторлардың жеке бастамасымен орындалды.

Алғыс білдіру

Авторлар ботаникалық оқу-дала практикасын ұйымдастыруға және далалық материалдарды жинауға көмектескен әріптестеріне алғыс білдіреді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар арасында ешқандай мүдделер қақтығысы жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Г.С. Ешимбетова: Тұжырымдама жасау, Әдістеме әзірлеу, Зерттеу жүргізу, Деректерді өңдеу және басқару, Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу.

Г.У. Байташева: Ғылыми жетекшілік, Жобаны басқару, Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Е.А. Көксал: Формалды талдау, Көрнекі материалдар (кесте, суреттер) дайындау, Мәтінді редакциялау.

А.А. Абубакирова: Ресурстармен қамтамасыз ету, Нәтижелерді тексеру, Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Ш. Нуржанова: Мәтінді редакциялау және толықтыру, мақаланың техникалық дизайнын тексеру

Әдебиеттер

González-Cespón, J. L., Alonso-Rodríguez, J. A., Rodríguez-Barcia, S., Gallego, P. P., & Pino-Juste, M. R. (2024). Enhancing employability skills of biology graduates through an interdisciplinary project-based service learning experience with engineering and translation undergraduate students. Education Sciences, 14(1), 95. https://doi.org/10.3390/educsci14010095

Kohler, R. E. (2002). Place and practice in field biology. History of Science, 40(2), 189–210. https://doi.org/10.1177/007327530204000204

Maw, S. J., Mauchline, A. L., & Park, J. R. (2011). Biological fieldwork provision in higher education. Bioscience Education, 17(1), 1–14. https://doi.org/10.3108/beej.17.1

Treibergs, K. A., Esparza, D., Yamazaki, J. A., Goebel, M., & Smith, M. K. (2022). How do introductory field biology students feel? Journal reflections provide insight into student affect. Ecology and Evolution, 12(11), e9454. https://doi.org/10.1002/ece3.9454

Горшкова, Т. А., Рассказова, М. М., Амосова, Н. В., Павлова, Н. Н., & Латынова, Н. Е. (2012). Учебно-полевая практика как средство активизации познавательной активности студентов-биологов. Известия Самарского научного центра РАН, (5–1).

Кабыткина, И. Б. (2021). Познавательная активность студентов: проблемы и пути повышения. МНИЖ, 6–4(108).

Пономарева, И. Н., Соломин, В. П., & Сидельникова, Г. Д. (2008). Общая методика обучения биологии: учебное пособие для студентов педагогических вузов (3-е изд.). Москва: Издательский центр «Академия».

